


ШЕЙХ, ИМАМ АБДУЛ-АЗИЗ ИБН БАЗ




شرح
الدروس المهمة لعامة الأمة

«БҮКІЛ МҰСЫЛМАН ҮММЕТІНЕ АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ САБАҚТАРЫНЫҢ» ТҮСІНДІРМЕСІ

түсідірмені жасаған:

«Сунна» институтының жетекшісі
шейх Хайсам ибн Мухаммад Жәмил Сархан



هيسام

Шейх, имам Абдул-Азиз ибн Баздың
(Аллаһ оны рахым етсін)

«Бүкіл мұсылман үмметіне арналған маңызды сабақтарының» түсіндірмесі

Бірінші басылым

түсіндірмені жасаған:

«Сунна» институтының жетекшісі

шейх Хайсам ибн Мухаммад Жәмил Сархан

Аллаһ оны, оның ата-анасын және осы кітапты шығаруға
көмектескен барлық адамдарды кешіріміне бөлесін

وقف الله تعالى لا يجوز بيعه

Бұл кітап уақыттық мүлік болып табылады және ол
тек ақысыз таратылуға ғана арналған

اللغة القازاقية
شرح الدروس المهمة لعامة الأمة

للشيخ الإمام عبد العزيز بن باز رحمه الله

شرح فضيلة الشيخ هيثم بن محمد جميل سرحان
غفر الله له ولوالديه وللمسلمين

Барлық құқықтар қорғалған

Егер біреу кітапты ақысыз тарату үшін басып
шығаруды немесе аударуды қаласа, бұл тек автордың
тексеруінен кейін ғана жүзеге аса алады.

Автормен байланысу үшін келесі электронды
мекенжайға жазыңыз: islamtorrent@gmail.com

АВТОРДЫҢ КІРІСПЕСІ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен бастаймын

Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы — Аллаһқа тән, әрі тек тақуалардың ғана соңы игі болмақ. Аллаһтың құлы әрі елшісі — Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және барлық сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Ал содан соң:

Бұл жолдау — әрбір адам Ислам дініне қатысты білуге тиісті нәрселерді түсіндіруге арналған шағын баяндама, әрі мен оны «Бүкіл Ислам үмметіне арналған маңызды сабақтар» деп атадым.

Мен Аллаһтан осы еңбекті мұсылмандар үшін пайдалы етуін және оны менен қабыл алуын сұраймын, расында, Ол — Кеңшілік Иесі (*әл-Жәууад*), Аса Жомарт (*әл-Кәрим*).

Абдул-Азиз ибн Баз


Біз осы «Маңызды сабақтарды» не үшін оқып үйренеміз?

Өйткені олар, бұны кітаптың авторы атап өткендей, маңызды болып табылады, әрі ғұламалар да бізге оларды оқып зерттеуді кеңес етеді. Егер де біреу: «Иә, олар маңызды, алайда тек қарапайым адамдар үшін. Ал мен жайлы айтар болсақ, онда мен білімгермін ғой әрі менің деңгейім қарапайым мұсылмандардың деңгейінен жоғары...», — деп айтса, біз одан бұл жолдауда не жайлы айтылғанын сұраймыз. Егер ол бұған жауап бере алмаса, онда жалпы мұсылмандардан болған қарапайым адам одан жақсырақ болғаны. Бұған қоса білім талап етуші адам сыпайылық танытуы қажет, ол өзін-өзі білім мен білім иелерінен жоғары қоюына болмайды, керісінше ол тақуа ғұламалардың жолына ілесуі керек.

«Маңызды сабақтар» өзінің құрамына не нәрселерді қамтиды?

1. Салиқалы сәләфтардың Құранға, оны оқуға, жаттауға, оның мағынасы жайлы ой жүгіртуге және оған сәйкес амал жасауға деген ерекше көзқарасы;
2. Исламның, Иманның, Ихсанның, Таухидтің мән-мағынасының және Ширктің түрлерінің түсіндірмесі;
3. Намазға қатысты мәселелерді талдау;
4. Тазаруға (тахаратқа) қатысты мәселелерді талдау;
5. Көркем мінез-құлыққа ие болу және Ислам әдептерін сақтау;
6. Ширк пен күнәлардан сақтандыру;
7. Қайтыс болған адамды жерлеуге дайындау және жаназа намазын оқу.

Ғұламалар өз еңбектерін не себепті «Бәсмәләмен» бастайды?



БІРІНШІ САБАҚ


«Әл-Фәтиха» сүресі және кейбір қысқа сүрелер
Бірінші сабақ «әл-Фәтиха» сүресін, сондай-ақ мүмкіндігінше басқа да, «әз-Зәлзәлә» сүресінен «ән-Нәс» сүресіне дейінгі қысқа сүрелерді үйретуден, оларды дұрыс оқудан, жаттаудан және мағынасын ұстазбен бірге үйренуден тұрады.

ТҮСІНДІРМЕ

Құранды жаттауда сәләфтардың (әуелгі ізгілердің) жолына ілесу қажет. Ол күнделікті он аятты олардың мағынасы жайлы ойланып жаттаумен жүзеге асады. Бұған шейх Абдур-Рахман әс-Сифди жазған Құранның қысқаша тәпсірі жәрдем болады. Кейін Аллаһтан Құранға сәйкес амалдар жасауға көмек сұрау қажет.

Білім талап етуші адам Құран тәпсірін оқуды қай кітаптан бастағаны жөн?

Бұны шейх Абдур-Рахман ибн Насыр әс-Сифдидің Құран Кәрімге жазған тәпсірінен бастағаны жөн.



Адамдар Құранға қатысты үш топқа бөлінеді: екеуі шектен шыққан, ал біреуі орташыл, дұрыс жолды ұстанатын топ

- 1) Оны тұрақты түрде оқитын, жаттайтын және мағынасы жайлы ой жүгіртіп, Аллаһ Тағаладан оған сәйкес амал жасауда көмек сұрайтындар. Міне, осы адамдар — салиқалы сәләфтар және соларға ергендер;
- 2) Оны оқып жаттайтындар, алайда оның мағынасы жайлы ойланбай, соған сәйкес амал жасамайтындар;
- 3) Құранды тастап қойғандар. Ал бұл келесі нәрселерде көрініс табады:
 - Оны оқуды тастау;
 - Оны жаттауды тастау;
 - Оның мағыналары жайлы ой-пікір жасауды тастау;
 - Оған сәйкес амалдар жасауды тастау;
 - Ол арқылы емделуді тастау.

Аллаһ Тағала былай деген:

وَقَالَ الرَّسُولُ يَرْبِّ إِنَّ قَوْمِي اتَّخَذُوا هَذَا الْقُرْآنَ مَهْجُورًا ﴿٣٠﴾

«Пайғамбар: «Раббым! Рас, менің елім бұл Құранды тастап қойды», — деді» («әл-Фурқан сүресі, 30-аят).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бір адам туралы былай деген: *«Оның ұрпағынан Құранды оқитын, алайда ол олардың кеңірдектерінен төмен түспейтін адамдар шығады. Олар мұсылмандарды өлтіріп, пұтқа табынушыларды қалдыратын болады. Олар Исламнан садақтан атылып шыққан жебедей ұшып шығып кетеді. Егер мен оларды көріп үлгеретін болсам, онда оларды Ғад қауымы жойылғандай етіп жоятын боламын».*

ШЕЙХ АБДУР-РАХМАН ИБН НАСЫР ӘС-СИҒДИДІҢ ҚҰРАН ТӘПСІРІНЕН ҮЗІНДІЛЕР

«ӘЛ-ФӘТИХА» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ ①

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ② الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ ③ مَلِكِ يَوْمِ الدِّينِ ④ إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ
نَسْتَعِينُ ⑤ اهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ ⑥ صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ
عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ ⑦

1) Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен! 2) Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы — Аллаһқа тән. 3) Аса Мейірімді, ерекше Рахымдыға. 4) Қиямет күнінің Иесіне! 5) Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз! 6) Бізді тура жолға сала гөр. 7) Сен нығметке бөлегендердің жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ ①

«Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен».

بِسْمِ اللَّهِ — Яғни Аллаһтың атымен бастаймын. Бұл тіркеске (араб тілі ережелеріне сәйкес) лексикалық талдау жасағанда, онда Ұлы Раббымыздың барлық көркем есімдері меңзеліп тұрғанын аңғаруға болады. Ал Аллаһ — осы есімдердің бірі болып табылады, оның мағынасы — Раббы деп танылатын, Оған құлшылық етілетін әрі Өзінің құдайлық кемелдік пен мінсіздік сипаттарына сәйкес құлшылыққа лайық жалғыз Құдай.

الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ — Аса Мейірімді және ерекше Рахымды деген көркем есімдер Оның (яғни Аллаһтың) әрбір нәрсені, әрбір жаратылысты қамтитын ұлы мейіріміне нұсқайды. Аллаһтың рахымына толықтай Оның пайғамбарлары мен елшілерінің жолын ұстанған, Аллаһтың тақуа құлдары ие болады. Ал қалған барлық жаратылыстар Аллаһтың мейірімінің бір бөлігін ғана алады. Барлық ислам ғалымдары Аллаһқа және Оның Иләһи-Құдайлық сипаттарына иман келтірудің міндетті екені туралы бірауыздан айтқанын білу қажет. Раббымыз — «әр-Рахман» (аса Мейірімді) және «әр-Рахийм» (ерекше Рахымды), яғни Ол

Өзінің құлдарында көрініс табатын мейірімділікке ие. Барлық нығметтер — Оның мейірімі мен рахымдылығының сансыз көп көріністерінің бірі. Аллаһтың басқа есімдері туралы да осыны айтуға болады. Ол барлық нәрсені Білуші. Ол — Аса Құдіретті, яғни Ол (шексіз) құдіретке ие және Оның билігі барлық жаратылыстарды қамтиды.

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ

«Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы — Аллаһқа тән».

Бұл — Аллаһ Тағаланың кемел сипаттары және Оның мейірімімен немесе әділдігімен жасалатын істері үшін айтылатын мақтау сөздері. Бүкіл мақтау Оған тән және Ол ғана оған толығымен лайық. Ол жалғыз Өзі бүкіл әлемдерге билік етеді. Ал әлемдер дегенге Аллаһтың Өзінен басқа барлық болмыс кіреді. Ол ғаламды жаратты, онда тіршілік етушілерді түгел күнкөріспен қамтамасыз етті және оларға өте ұлы нығметтер берді, әрі олар осы нығметтерден айырылса, тіршілік ете алмайды. Жаратылыстарға берілген барлық нығметтер — Ұлы Раббымыздың сыйлары.

Аллаһ Тағаланың Раббылығы жалпы және жеке болып екіге бөлінеді. Жалпы раббылық — Оның жаратылыстарды жаратып, оларға ризық түсіріп, оларға тура жолды көрсетуінде әрі соның арқасында олар дүниедегі өмір тіршіліктерін реттей алуында көрінеді. Жеке раббылық — Аллаһ Тағаланың Өз сүйікті құлдарын тақуалық рухында тәрбиелеп, оларға иманға қол жеткізіп, оны кемелдеуге көмектесуінде, оларды тура жолдан адастырып, алыстатуы мүмкін болған нәрселерден қорғауында көрініс табады. Бұл раббылықтың мәні — Аллаһ Тағаланың өз құлдарына жақсылыққа апаратын барлық жолдарды жеңілдетіп, оларды кез-келген жамандықтан сақтауында. Пайғамбарлардың өз дұғаларында Аллаһ Тағаланы өздерінің Раббысы деп өте жиі атағаны да дәл сондықтан болар. Әрі бұл адамдардың ұмтылыстары да тек Аллаһ Тағаланың жеке раббылығымен байланысты болды ғой. Бұл аятта Аллаһ Тағала Өзін әлемдердің Раббысы деп атады әрі сонысымен Ол ғана жарататынын, басқаратынын және нығметтерді беретінін баса айтты. Ол бай-мұңсыз әрі өзінің жаратылыстарына мұқтаж емес. Ал барлық жаратылыс, керісінше, Оған мұқтаж және толығымен Оған тәуелді.

مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ

«Қиямет күнінің Патшасына!»

«Мәлик» деп патшалық пен билікке ие әрі сондықтан да бұйрық беруге және тыйым салуға, марапаттауға және жазалауға ерікті және өз

иелігіндегілерді басқарудың барлық түрін қамтитындай басқаруға құзыреті бар патша аталады. Ал шынайы билік кімге тиесілі екені Қиямет күні айқын болады. Бұл — адамдардың жасаған жақсылықтары мен жамандықтарының жазасын алатын күннің бір атауы. Сол күні Аллаһтың жаратылыстары Оның құдіретінің, әділдігі мен даналығының кемелдігін айқын көреді. Олар бұрын иелік еткен барлық нәрселерін жоғалтады. Патшалар мен қол астындағылар, құлдар мен азат адамдар — бәрі де Аллаһ Тағаланың алдында тең болады, Оның ұлылығына мойынсұнып, Оның құдіретінің алдында өте кішірейген халде тұрады. Олар Оның үкімін күтіп, сауабын қалап, жазасынан қорқады. Сондықтан Рабымыз өзін **مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ** «Мәлик яуми-д-дин», яғни сый әрі жаза берілетін күннің Патшасы деп атады, десе де Оның билігі бүкіл замандар мен уақытқа таралады.

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ

«Саған ғана құлшылық етеміз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз!»

Араб тілінің грамматикалық ережелеріне сәйкес егер (сөйлем құрылымында) есімдік етістіктен бұрын келсе, онда бұл іс-әрекеттің басқа ешкімге емес, тек аталған тұлғаға ғана қатысты болатынын білдіреді. Сондықтан біз талқылап отырған аят мынадай мағынаға ие: **إِيَّاكَ** — біз Саған ғана **نَعْبُدُ** — құлшылық етеміз әрі басқа ешкімге құлшылық етпейміз, **إِيَّاكَ** — Сенен ғана **نَسْتَعِينُ** — көмек сұрап, жалбарынамыз және басқа ешкімге көмек сұрап жалбарынбаймыз. Бұл аятта құлшылық көмек сұраудан бұрын аталып келген, және мұндай сөз құрылымы жекенің жалпыға қосылуының мысалы болып табылады, өйткені әлдебір нәрселер тізбектеп айтылғанда, әдетте жалпы жекеден бұрын айтылады. Осымен қатар мұндай сөздер тізбегі Аллаһ Тағаланың қақысының құлдарының қақыларынан жоғары екенін көрсетеді. Ғибадат — бұл өзінің құрамына Аллаһ жақсы көретін және разы болатын, жүрекпен және дене мүшелерімен орындалатын барлық сөздер мен амалдарды қамтитын жалпы ұғым. Ал көмек сұрап дұға ету — бұл Аллаһ Тағалаға бағытталған әрі міндетті түрде орындалады деген сенімге негізделген жақсылық сұрау және жамандықтан қорғау өтініші. Мәңгілік бақытқа жетудің және барлық жамандықтан құтылудың дұрыс жолы — Аллаһқа ғибадат ету және Одан көмек сұрап дұға ету. Бұдан бөлек құтылудың жолы жоқ. Сол себепті де ғибадат тек Аллаһтың разылығы үшін және Оның Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өсиеттеріне толық сәйкес орындалғанда ғана шынайы мағынаға ие болатынын білу өте маңызды болып табылады. Осы екі шарт орындалмай, ешқан-

дай ғибадат болмайды. Көмек сұрау ғибадаттың бір түрі болғанымен, бұл аятта Аллаһ Тағала оны бөлек атап өтті, өйткені Аллаһтың құлы кез келген рәсімді орындаған кезде Раббысының көмегіне мұқтаж болады. Оның көмегінсіз адам ешқашан Аллаһтың әмірлерін дұрыс орындап, күнәлардан аулақ бола алмайды.

اهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ
«Бізді тура жолға сала гөр».

Бұл мынадай мағынаны білдіреді: бізге тура жолды көрсет, бізді соған бағытта және соған ілесуде жәрдем бер. Бұл тура жол Аллаһқа апарып, Жәннатта аяқталады. Ал онымен тек ақиқатты біліп, өз амалдарында соны басшылыққа алғандар ғана жүріп өте алады. Сондай-ақ бұл мынадай мағынаны да білдіреді: бізді тура жолға салып, бізді осы жолмен жүргіз. Біріншісі Исламды қабылдап, басқа діндердің барлығынан бас тартуды көздесе, екіншісі — дін заң-ережелерін оқып үйреніп, оларды іс жүзінде жүзеге асыруды білдіреді. Бұл дұға Исламдағы ең пайдалы, терең және жан-жақты дұғалардың бірі болып табылады. Аллаһ Тағала адамдарға намаздың әрбір ракағатында осы сөздермен дұға етуді міндеттейді, өйткені әрбір адам Аллаһ Тағаланың көмегіне мұқтаж.

صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ
«Сен нығметке бөлегендердің жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!»

Тура жол — пайғамбарлардың, шыншыл мұминдердің, шаһидтер мен Аллаһ Тағала жарылқаған салиқалы адамдардың жолы. Бұл шындықты көріп, одан бас тартқандары үшін Оның ашуына ұшырағандардың жолы емес. Яһудилер мен соларға ұқсастар дәл осыған ұшырады. Бұл христиандар және басқалар сияқты білімсіздік пен адасу салдарынан ақиқаттан бас тартқан адасқандардың жолы емес.

Бұл сүре қысқа болса да, өз құрамына Құранның басқа ешбір сүресінде қамтылмаған нәрселерді қамтиды. Онда таухидтің (бірқұдайшылықтың) үш құрамдас бөлігі көрініс тапқан. Жалғыз Аллаһтың раббылығына деген сенім «Әлемдердің Раббысына» деген сөздерде қамтылған. Құлшылыққа тек Аллаһ қана лайық деген сенім «Аллаһ» есімінің өзі мен «Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем тілейміз» деген сөздерде келген. Ал Құдайлық көркем есімдер мен кемел сипаттар тек Аллаһқа ғана тән деген сенім, бұл туралы жоғарыда айтылғандай, «Бүкіл мақтау Аллаһқа тән» деген сөздерден туындайды. Бірқұдайшылықтың бұл құрамдас бөлігі Аллаһ Тағаланың Өзін-Өзі

сипаттаған және Оны Мухаммад пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сипаттаған барлық есімдері мен сипаттарына иман келтіруді білдіреді. Сонымен бірге, Құдайлық-Иләһи сипаттарды олардың шынайы мағынасынан айыруға (яғни олардың мағынасын теріске шығаруға) және жаратылыстардың сипаттарына теңеуге де болмайды.

Бұл сүреде Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлық миссиясының ақиқат екендігіне де дәлел бар, ол **«Бізді тура жолмен жүргіз»** деген сөздерде қамтылған. Өйткені, расында да, пайғамбарлық хабар болмағанда, бұл мүмкін болмас еді.

«Қиямет күнінің Патшасына» деген сөздерде адамдардың өз жасаған амалдары үшін міндетті түрде сый-сауап немесе жаза алатындығына нұсқау бар. Бұл жаза әділ болады, өйткені «әд-дин» сөзі әділ жаза дегенді білдіреді.

Бұл сүре сондай-ақ (тағдырды теріске шығаратын) қадарилер мен (пенде барлық амалдарында Аллаһ тарапынан мәжбүрлі дейтін) жәбәрилердің көзқарастарының қателігін көрсетеді, өйткені онда адамдардың таңдау құқығы бар болуымен қоса, барлық нәрсе Аллаһ Тағаланың тағдырына сәйкес болатыны айтылған.

Оның үстіне, бұл сүре діндегі жаңалықтардың (*бидғаттар*) және адасушы ағымдардың барлық жақтастарының пікірлерін жоққа шығарады, өйткені **«Бізді тура жолмен жүргізе гөр»** деген сөздер мұсылмандарды ақиқатты білуге және өз істерінде соны басшылыққа алуға шақырады. Ал бүлік, бидғат пен адасушылықтарды ұстанушыларға келсек, олардың әрқайсысы тура жолдан бас тартатыны сөзсіз.

Сонымен бірге бұл сүреде Аллаһ Тағалаға шын ықыласпен құлшылық етуге және Одан ғана жәрдем сұрауға үндеу бар. **«Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем тілейміз»** деген сөздердің мағынасы осы.

Әрі бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы — Аллаһқа тән!



«АЯТ ӘЛ-КУРСИДІҢ» ТӘПСІРІ

اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا تَأْخُذُهُ سِنَّةٌ وَلَا نَوْمٌ لَهُ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِّنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا شَاءَ وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ وَلَا يَئُودُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ ﴿٢٥٥﴾

«Аллаһ — Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Ол Тірі, толық Меңгеріп Тұрушы. Ол қалғымайды да, ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оның иелігінде. Оның алдында Оның рұқсатынсыз кім шапағат етеді? Ол оларға дейін болғанды да, олардан кейін не болатынын да біледі, ал олар оның білімінен Оның қалауынан басқа еш нәрсені қамти алмайды. Оның Күрсиі көктер мен жерді қамтиды. Оған оларды қорғау ауыр келмейді және Ол — Өте Биік, Аса Зор» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтқандай, бұл Құран аяттарының ішіндегі ең ұлысы, өйткені ол өзіне бірқұдайшылықтың, сондай-ақ Жаратушы Иеміздің сипаттарының ұлылығы мен шексіздігінің куәлігін қамтыған.

اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ

«Аллаһ, Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ».

Аллаһ Тағала барлық құдайлық сипаттарға ие және Жалғыз Ол ғана құдайлық пен құлшылыққа лайық, сондықтан басқа жаратылыстарды құдай етіп дәріптеу әділетсіз және пайдасыз болып табылады.

النَّحْيُ (әл-Хайю — Тірі) — Аллаһ Тағаланың аса көркем есімдерінің бірі. Ол Аллаһ Тағала Өзінің болмысына тірі болудың ең көркем сипаттарын, соның ішінде (барлық нәрсені) есту, көру, (барлық нәрсеге деген) құдірет, ерік және Оның болмысына қатысты басқа да сипаттарды біріктіретінін білдіреді.

الْقَيُّومُ (әл-Қайюм — Толық Меңгеруші) — бұл Аллаһ Тағаланың тағы бір көркем есімі. Бұл есім Оның ең кемел істерді жасайтынын білдіреді. Ол Өз-Өзіне жеткілікті, басқа ешкімді қажет етпейтін Толық билеуші Патша болып табылады, ол жаратылыстарына мұқтаж емес, керісінше Ол оларды жаратып, олардың тіршілігін сақтап, оларды қажетті нәрселердің барлығымен қамтамасыз етеді.

لَا تَأْخُذُهُ سِنَّةٌ وَلَا نَوْمٌ

«Ол қалғымайды да, ұйықтамайды».

Аллаһ Тағаланың кемел өмірі мен ешкімге және ешнәрсеге мұқтажсыз Өз-Өзіне жеткілікті болуы Оның қалғуға да, ұйқыға да ұшырамайтындығында көрініс табады. Бұл құбылыстар жаратылыстарға тән, өйткені олар шаршаумен, әлсіздікпен және күшсіздікпен сипатталады. Алайда бұл (қалғу және ұйықтау деген сипаттар) ұлылық, құдірет және көркемдік Иесі Аллаһ Тағалаға мүлде жат.

لَّهُ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ

«Көктердегі және жердегі нәрселер Оның иелігінде».

Аллаһ Тағала көктер мен жердің билігі Оған тән екендігін хабарлаған. Барлық жаратылыстар — Аллаһтың құлдары, олардың ешқайсысы бұл тәуелділіктен құтыла алмайды. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنْ كُلُّ مَنْ فِي السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ إِلَّا آتِي الرَّحْمَنِ عَبْدًا

«Көктер мен жердегі әркім Аса Мейірімдіге тек құл болып келеді» («Мәриям» сүресі, 93-аят). Аллаһ Тағала құлдарына иелік етеді және Раббы мен Патшаға тән билікке, құдіретке, ұлылыққа және басқа да сипаттарға ие.

مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ

«Оның құзырында Өзінің рұқсатынсыз кім шапағат етеді?»

Оның билігінің кемелдігі ешкімнің Оның алдында Оның рұқсатынсыз шапағат ете алмайтындығынан көрініс табады. Барлық даңқты-шарапатты жаратылыстар мен шапағатшылар Оның құлдары болып табылады және Аллаһ оларға рұқсат бермейінше басқаларға шапағат ете алмайды. Аллаһ Тағала былай деген:

قُلْ لِلَّهِ الشَّفَعَةُ جَمِيعًا لَهُ مُلْكُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ ثُمَّ إِلَيْهِ تُرْجَعُونَ

«(Мухаммад, оларға): **«Шапағат толығымен тек Аллаһтың иелігінде. Көктер мен жердің билігі тек Оныкі әрі сендер Соған қайтарыласындар», — деп айт»** («әз-Зүмәр» сүресі, 44-аят).

Аллаһ Тағала Өзі разы болған пенделеріне ғана шағат жасалуына рұқсат етеді. Ал Ол тек бірқұдайшылықты ұстанып, Оның елшілерінің жолын ұстанушыларға ғана разы болады, бірақ егер адам осы сипаттарға ие болмаса, онда оған шапағаттан ешбір үлес жоқ.

يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِّنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا شَاءَ
«Ол олардың алдарындағыны (болашағын) да, арттарындағыны (өткен шақта болғанды) да біледі. Олар Оның білімінен Оның қалауынан басқа еш нәрсені біліммен қамти алмайды».

Кейін Аллаһ Тағала Өзінің шексіз және барлық болмысты қамтитын білімі туралы хабарлады. Ол сол (білімі) арқылы болашақта жаратылысты күтіп тұрған нәрселерді, олар қаншалықты алыс елестетілсе де, және өткендегі нәрселерді, олар қаншалықты алыс болса да, біледі. Тіпті көздің не нәрсеге жасырын ұрланып қарайтынын әрі жүректе не нәрсе жасырылғанын білетін Аллаһтан ешнәрсені жасыру мүмкін емес. Ал жаратылыстарға келетін болсақ, олар Аллаһтың білімінің тереңдігінен Аллаһ қалаған нәрсеге ғана жете алады. Ол оларға діни нұсқаулар мен әлемиет заңдарын үйретті, бірақ бұл таным — Ұлы Жаратушының құдайлық білімінің мұхитында жоғалып кететін оның өте кішкентай бөлшегі ғана. Сол себепті Аллаһ туралы барлық жаратылыстардан жақсырақ хабардар болған елшілер мен періштелер:

سُبْحَانَكَ لَا عِلْمَ لَنَا إِلَّا مَا عَلَّمْتَنَا إِنَّكَ أَنْتَ الْعَلِيمُ الْحَكِيمُ

«Сен Пәксің! Біз Сенің бізге үйреткеніңді ғана білеміз. Расында, Сен барлық нәрсені Білуші, Аса Данасың», — деп айтатын («әл-Бақара» сүресі, 32-аят).

وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ وَلَا يَئُودُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ
«Оның Курсиі көктер мен жерді сыйдырады. Әрі Оған ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Әрі Ол — аса Жоғары, тым Зор».

Содан соң Аллаһ Тағала Өзінің құдіреті мен ұлылығы әрі оның дәлелі ретінде көктер мен жерді қамтитын Курсиі туралы хабарлады. Аллаһ көктер мен жерді, сондай-ақ оларды мекендейтін жаратылыстарды Өзі орнатқан әлемиеттік тәртіп әрі олар солар арқылы өмір сүретін белгілі заңдар арқылы қорғайды. Алайда, Оның құдіреті кемел, билігі шексіз, нұсқаулары даналыққа толы болғандықтан, бұл Оған еш ауыртпалық түсірмейді.

Оның көркем есімдерінің бірі — **الْعَلِيُّ** (әл-Ғалийю — Аса Жоғары). Ол өзінің болмысымен жаратылыстардан жоғары, Оның сипаттары ұлылыққа толы, барлық жаратылыстар мен жәндіктер Оның құдіретіне мойынсұнған, барлық құлдар Оған мойынсұнады әрі бағынады.

Оның тағы бір есімі — الْعَظِيمُ (әл-Ғазыйм — Тым Зор). Ол өзінің болмысына ұлылық, абырой мен даңқтың барлық сипаттарын біріктіреді, соның арқасында жүректер Оған деген сүйіспеншілікке және жандар Оған деген тағзымға толы. Шынайы білім иелері кез келген жаратылыстың, тіпті ең даңқты және ең ұлық жаратылыстың ұлылығы, Ұлы Раббысының ұлылығымен салыстырғанда елеусіз екенін өте жақсы біледі.

Бұл аят шынымен де ұлы әрі өте көркем мағынаға ие, және Құран аяттарының ең ұлысы деп аталуға лайық. Ал егер адам оны оқып, ол жайлы ой жүгіртіп, мағынасын түсінсе, оның жүрегі нық сенімге, білім мен иманға толы болады, соның арқасында ол өзін шайтанның арам пиғылынан сақтайды.



«ӘЗ-ЗӘЛЗӘЛӘ» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ (сүре Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِذَا زُلْزِلَتِ الْأَرْضُ زِلْزَالَهَا ① وَأُخْرِجَتِ الْأَرْضُ أَثْقَالَهَا ② وَقَالَ الْإِنْسَانُ مَا لَهَا ③ يَوْمَئِذٍ تُخْبِتُ أَخْبَارَهَا ④ إِنَّ رَبَّكَ أَوْحَىٰ لَهَا ⑤ يَوْمَئِذٍ يَصْدُرُ النَّاسُ أَشْتَاتًا لِّيُرَوْا أَعْمَلَهُمْ ⑥ فَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُ ⑦ وَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُ ⑧

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) (Қиямет Күні басталғанда) жер өзінің сілкінуімен сілкінген сәтте. 2) **Және** (екінші рет Сүр үрленген соң өзінің) ішіндегі жүгін (қазыналар мен өлілерді) шығарған кезде. 3) Әрі адам баласы: «Онымен не болды?», — деген сәтте. 4) Ол (Қиямет есеп соты болатын) күні жер (Аллаһтың құлдары оның бетінде не істегендері туралы) өзінің хабарларын айтып береді. 5) Өйткені Раббың оған осыны уахи етеді. 6) Сол (Есеп беру Қиямет Күні) күні, адамдар, оларға істеген амалдары көрсетілуі үшін, (есеп айырысу орнына наным-сенімдеріне және істеген істеріне сәйкес) топ-топ болып келеді. 7) Сонда кім (өз өмір сүру кезінде) тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, соны (өз амал кітабында жазылғанын) көреді (әрі соған қуанады). 8) Ал кім (өз өмір сүру кезінде) тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істеген болса, соны көреді.

إِذَا زُلْزِلَتِ الْأَرْضُ زُلْزَالَهَا ﴿١﴾

1) (Қиямет Күні басталғанда) **жер өзінің сілкінуімен сілкінген сәтте.**

وَأُخْرِجَتِ الْأَرْضُ أَنْقَالَهَا ﴿٢﴾

2) **Және** (екінші рет Сүр үрленген соң өзінің) **ішіндегі жүгін** (қазыналар мен өлілерді) **шығарған кезде.**

وَقَالَ الْإِنْسَانُ مَا لَهَا ﴿٣﴾

3) **Әрі адам баласы: «Онымен не болды?», — деген сәтте.**

Бұл алғашқы үш аятта Аллаһ Тағала жер оның бетіндегі барлық нәрсе қирап, жойылғанға дейін сілкінетін Қиямет күні орын алатын оқиғаларды хабарлаған. Сол күні таулар талқандалып, төбелер жермен жексен болады. Бүкіл жер бірде-бір қисықтығы мен ойпаты жоқ теп-тегіс жазыққа айналады. Ол өзінің қойнауындағы барлық қайтыс болғандардың денелері мен көмілген қазыналарды атқылап шығарады, әрі сонда адамдар бұл ұлы сілкіністерді көріп: «Жерге не болды?» — дейді.

يَوْمَئِذٍ تُحَدِّثُ أَخْبَارَهَا ﴿٤﴾

4) **Ол** (Қиямет есеп соты болатын) **күні жер** (Аллаһтың құлдары оның бетінде не істегендері туралы) **өзінің хабарларын айтып береді.**

يَا أَيُّهَا رَبِّكَ أُوْحِي لَهَا ﴿٥﴾

5) **Өйткені Раббың оған осыны уахи етеді.**

يَوْمَئِذٍ يَصْدُرُ النَّاسُ أَشْتَاتًا لِّيُرَوْا أَعْمَالَهُمْ ﴿٦﴾

6) **Сол** (Есеп беру Қиямет Күні) **күні, адамдар, оларға істеген амалдары көрсетілуі үшін,** (есеп айырысу орнына наным-сенімдеріне және істеген істеріне сәйкес) **топ-топ болып келеді.**

Бұл аяттарда жер әлем тұрғындарының барлық жақсылықтары мен жамандықтарына куә болатыны туралы айтылған. Яғни ол адам баласының істері туралы айқын баяндап беретін куәгердің бірі болады. Аллаһ Тағала жерге оның бетінде болған барлық нәрселерді хабарлауды бұйырады және ол Аллаһтың бұйрығына қарсы шығуға қақысы болмайды. Сол күні адамдар бөлек-бөлек топтарға бөлініп, (Махшар) жиналу алаңына шығады. Сонда Аллаһ Тағала оларға қандай күнелер мен жақсылықтар жасағандарын көрсетеді және оларға толық сыйын не жазасын береді.

فَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُ ﴿٧﴾

7) Сонда кім (өз өмір сүру кезінде) **тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, соны** (өз амал кітабында жазылғанын) **көреді** (әрі соған қуанады).

وَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُ ﴿٨﴾

8) Ал кім (өз өмір сүру кезінде) **тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істеген болса, соны көреді**.

Бұл жақсылық пен жамандықтың бәріне (яғни үлкендеріне де, кішілеріне де) толықтай қатысты, өйткені егер адам жасаған ісінің ең кішкентайын, яғни тіпті тозаңның түйіріндейін көретін болса, онда, демек, ол одан үлкен амалдарды тіпті көреді. Аллаһ Тағала былай деді:

يَوْمَ تَجِدُ كُلُّ نَفْسٍ مَّا عَمِلَتْ مِنْ خَيْرٍ مُّحْضَرًا وَمَا عَمِلَتْ مِنْ سُوءٍ تَوَدُّ لَوْ أَنَّ بَيْنَهَا وَبَيْنَهُ أَمَدًا بَعِيدًا وَيُحَذِّرُكُمُ اللَّهُ نَفْسَهُ وَاللَّهُ رَءُوفٌ بِالْعِبَادِ ﴿٣٠﴾

«Сол (Қиямет) күні әрбір жан (дүниелік өмірде) істеген игілігі мен істеген жамандығын **әзір табады** (әрі осының сыйын не жазасын күтеді). Әрі ол өзі мен осы (жаман істерінің) **арасы ұзақ қашықтықта болуын қалайды**. Аллаһ сендерді **Өзінен сақтандырады** (Оның қаһарынан қорқыңдар). (Бірақ, сонымен бірге) Аллаһ құлдарына **тым Жұмсақ** (екенін де біліңдер)» («Әли Имран» сүресі, 30-аят).

(Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:)

وَوُضِعَ الْكِتَابُ فَتَرَى الْمُجْرِمِينَ مُشْفِقِينَ مِمَّا فِيهِ وَيَقُولُونَ يَا وَيْلَتَنَا مَالِ هَذَا الْكِتَابِ لَا يُغَادِرُ صَغِيرَةً وَلَا كَبِيرَةً إِلَّا أَحْصَاهَا وَوَجَدُوا مَا عَمِلُوا حَاضِرًا وَلَا يَظِلُّمُ رَبُّكَ أَحَدًا ﴿٤٩﴾

«**Әрі кітап** (әрбір адамның амалдары жазылған кітабы оның қолына) **қойылады**. Сонда күнәһарлардың одан (яғни онда жазылғаннан) **шошынып қорыққанын көресің**. Олар: «Қасірет бізге! Бізге нендей өкініш! Мына кітапта кішкенені де, үлкенді де тастамай-ақ түгендепті», — дейді. Сондай-ақ олар (дүниелік өмірінде) **істегендерін өздеріне ұсынылған түрде табады**. Раббың ешкімге **әділетсіздік (зұлымдық) қылмайды**» («әл-Каһф» сүресі, 49-аят).

Жоғарыда айтылғандардың бәрі адамдарды тіпті кішкентай болса да жақсылық жасауға және елеусіз болса да жамандық жасаудан аулақ болуға үндейді.



«ӘЛ-ҒАДИЯТ» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَالْعَدِيَّتِ ضَبْحًا ① فَأَلْمُورِيَّتِ قَدْحًا ② فَأَلْمُغِيرَتِ صُبْحًا ③ فَأَثَرْنَ بِهِ نَقْعًا ④
فَوَسَطْنَ بِهِ جَمْعًا ⑤ إِنَّ الْإِنْسَانَ لِرَبِّهِ لَكَنُودٌ ⑥ وَإِنَّهُ عَلَىٰ ذَٰلِكَ لَشَهِيدٌ ⑦ وَإِنَّهُ لِحُبِّ
الْخَيْرِ لَشَدِيدٌ ⑧ * أَفَلَا يَعْلَمُ إِذَا بُعْثِرَ مَا فِي الْقُبُورِ ⑨ وَحُصِّلَ مَا فِي الصُّدُورِ ⑩ إِنَّ
رَبَّهُم بِهِمْ يَوْمَئِذٍ لَّخَبِيرٌ ⑪

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Қатты ентігіп, шапқан; 2) (Тұяқтарынан) ұшқын шығарған; 3) Таң сәріден (дұшпандарға) шабуыл жасаған; 4) Тозаңдатып, шаңдатқан; 5) Сөйтіп жаудың ортасына жарып кірген аттармен ант. 6) Шын мәнінде адам баласы Раббысына тым шүкірсіз. 7) Өйткені ол өзі де (немесе Аллаһ та) оған куә. 8) Сондай-ақ ол байлықты өте жақсы көреді. 9) Ал олар (яғни адамдар) білмейді ме? Қабірдегілер (өлгендер) қопарылып шығарылған кезде. 10) Көкіректегілер (адамдардың жүректеріндегілері) ашыққа шығарылатын (өлшенген және көрсетілген) сәтте. 11) Сол (Қиямет) күні (олардың барлығын қайта тірілтетін) Раббылары (олар туралы барлық нәрседен) хабардар.

Аллаһ Тағала:

وَالْعَدِيَّتِ ضَبْحًا ① فَأَلْمُورِيَّتِ قَدْحًا ②

«Қатты ентігіп, шапқан. (Тұяқтарынан) ұшқын шығарған», — деп, жылқылармен ант етті, өйткені бұл жануарлар Аллаһтың керемет аят-белгілерінің бір көрінісі болып табылады және адамдарға үлкен пайда әкеледі. Осы орайда Аллаһ Тағала жылқының басқа барлық жануарлардан жоғары тұратын сипаттарын да ерекше атап өтті. Олар тынысы тым ентіккенге дейін өте тез, жүйрік жүгіреді, әрі соның нәтижесінде кеуделерінен таңғажайып дыбыс шығады. Олардың тұяқтарының қатты, ал соққыларының күшіті болғаны сонша, олар сол тұяқтарымен шақпақ шағып, ұшқындар шашыратады.

فَأَلْمُغِيرَتِ صُبْحًا ③ فَأَثَرْنَ بِهِ نَقْعًا ④ فَوَسَطْنَ بِهِ جَمْعًا ⑤

3) Таң сәріден (дұшпандарға) шабуыл жасаған; 4) Тозаңдатып, шаңдатқан; 5) Сөйтіп жаудың ортасына жарып кірген аттармен ант.

Бұл сөздерден шабуыл әдетте ерте, таң уақытында басталатыны түсінікті болады.

Аллаһ Тағала бұл анттарды адамдар (көп жағдайда) Аллаһ Тағаланың әмірлерін орындаудан және жақсылық жасаудан бас тартатынын бекітіп айту үшін келтіріп:

إِنَّ الْإِنْسَانَ لِرَبِّهِ لَكَنُودٌ ﴿٦﴾

«Шын мәнінде адам баласы Раббына тым шүкірсіз», — деді.

Адамның жаратылысы сондай, нәпсі адамды өз міндеттерін дұрыс атқарудан үнемі тежеп отырады. Адам жалқау және көбінесе өзінің материалдық және физикалық міндеттерін орындаудан бас тартады. Бұл жаман сипаттан Аллаһ тура жолға салған адамдар ғана құтыла алады. Мұндай адамдар өз міндеттерін адал атқарып, нағыз әрі шынайы ұлылыққа қол жеткізеді.

وَإِنَّهُ عَلَىٰ ذَٰلِكَ لَشَهِيدٌ ﴿٧﴾

«Өйткені ол өзі де (немесе Аллаһ та) оған куә».

Адам өзінің ашкөздігі мен шүкірсіздігінің куәгері болып табылады. Әрі ол бұл жайлы тартыспайды да, немесе бұны теріске шығаруға да тырыспайды, өйткені бұл сипаттар айқын және түсінікті. Кейбір тәпсірші ғалымдар бұл аяттағы «Ол» деген үшінші жақ есімдігі Аллаһқа қатысты деген пікір айтқан. Ал бұл тәпсірден адамның Раббысына шүкірлік етпейтіні әрі Аллаһ бұған куә екендігі шығады. Демек, бұл сөздерде пенденің әрбір іс-әрекетіне куә болған Аллаһ Тағалаға шүкіршілік етуден бас тартатын адамдарға қатты қорқыту бар.

وَإِنَّهُ لِحُبِّ الْخَيْرِ لَشَدِيدٌ ﴿٨﴾ *

«Сондай-ақ ол байлықты өте жақсы көреді».

Осылайша, пенденің мал-мүлікке деген сүйіспеншілігінің дәл өзі оның Аллаһ оған бұйырған парыздарын орындаудан бас тартуына себеп болады да, ол өз нәпсісінің төмен әуес-құмарлықтарын қанағаттандыруды Жаратқан Иесінің разылығына ие болудан артық көреді. Ал мұның себебі — Ол Ақыретті мүлде ұмытып, өз дүниетанымы мен көзқарастарын осы дүниелік өмірмен ғана шектегенінде.

أَفَلَا يَعْلَمُ إِذَا بُعْثِرَ مَا فِي الْقُبُورِ ۖ وَخُصِّلَ مَا فِي الصُّدُورِ ۖ إِنَّ رَبَّهُمْ بِهِمْ يَوْمَئِذٍ
لَّخَبِيرٌ ﴿١١﴾

Ал олар (яғни адамдар) білмейді ме? Қабірдегілер (өлгендер) қопарылып шығарылған кезде. 10) Көкіректегілер (адамдардың жүректеріндегілері) ашыққа шығарылатын (өлшенген және көрсетілген) сәтте. 11) Сол (Қиямет) күні (олардың барлығын қайта тірілтетін) Раббылары (олар туралы барлық нәрседен) хабардар.

Бұл сөздерімен Раббымыз адамдарды Қиямет күнінен қорқуға шақырады. Бұл өте қорқынышты күні Аллаһ Тағала өлгендерді тірілтеді және барлық адамдарды әділ сот жасау үшін жинайды. Сол күні адамның жүрегінде жасырылған жақсылық пен жамандықтың бәрі анық болады. Сырлар ашылып, адамдардың істеген істері олардың жүздерінен көрінетін болады. Аллаһ Тағалаға бұл істердің әрбірі белгілі болады әрі Ол адамдарға олар жасаған әрбір ісінің сауабын немесе жазасын міндетті түрде береді. Аллаһ Тағала Өзінің жаратылыстарының амалдарынан әрдайым, үнемі хабардар, бірақ Ол Өзінің Қиямет күніндегі бұл туралы хабардарлығын ерекше атап айтқанының себебі — (Сол Күні) әділ жаза Оның бүкіл нәрсені қамтитын білімі негізінде жасалатын болады.



«ӘЛ-ҚОРИҒА» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ (Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الْقَارِعَةُ ﴿١﴾ مَا الْقَارِعَةُ ﴿٢﴾ وَمَا أَدْرَاكَ مَا الْقَارِعَةُ ﴿٣﴾ يَوْمَ يَكُونُ النَّاسُ كَالْفَرَاشِ
الْمَبْثُوثِ ﴿٤﴾ وَتَكُونُ الْجِبَالُ كَالْعِهْنِ الْمَنْفُوشِ ﴿٥﴾ فَأَمَّا مَنْ ثَقُلَتْ مَوَازِينُهُ ﴿٦﴾ فَهُوَ فِي
عِيشَةٍ رَاضِيَةٍ ﴿٧﴾ وَأَمَّا مَنْ خَفَّتْ مَوَازِينُهُ ﴿٨﴾ فَأُمُّهُ هَاوِيَةٌ ﴿٩﴾ وَمَا أَدْرَاكَ مَا هِيَةٌ ﴿١٠﴾
نَارٌ حَامِيَةٌ ﴿١١﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Ұлы Қорқытушы (Апат). 2) Ол Қорқытушы (Апат) не нәрсе?
3) Сен Ол Ұлы Қорқытушы (Апаттың) не екенін қайдан білер едің?
4) Ол күні (ұлы қорқыныштан) адамдар (Махшар (Жиналу) орнына жиналғандарына дейін), таралған ұсақ көбелектер сияқты, ретсіз,

тәртіпсіз қозғалатын болады. 5) Әрі таулар (тозаң болып жан-жаққа ұшып кететіні себепті) түтілген жүндей болады. 6) Міне, сонда (Қиямет күні) кімнің таразысы (игі амалдарымен) ауыр тартса, 7) Сол разы болатын бір тіршілікте (Жәннатта) болады. 8) Ал енді кімнің таразысы жеңіл тартса (яғни таразысындағы жаман амалдары жақсы амалдарын басып тастаса), 9) Соның қайтар орны Һауия болады. 10) Сен (уа Пайғамбар) Һауияның не екенін қайдан білер едің? 11) Ол — (ыстығы мен күштілігі шегіне дейін жеткен) жалындаған от.

الْقَارِعَةُ

«Ұлы Қорқытушы (Апат)».

Бұл Қиямет күнінің атауларының бірі. Ол сол күні орын алатын және адамдардың жүрегіне өте ұлы қорқыныш салатын ұлы оқиғалармен байланысты (осылай аталады). Раббымыз бұл күннің маңыздылығын атап, әрі қарай былай деді:

مَا الْقَارِعَةُ ﴿١﴾ وَمَا أَذْرَكَ مَا الْقَارِعَةُ ﴿٢﴾ يَوْمَ يَكُونُ النَّاسُ كَالْفَرَاشِ الْمَبْثُوثِ ﴿٣﴾
وَتَكُونُ الْجِبَالُ كَالْعِهْنِ الْمَنْفُوشِ ﴿٤﴾

«Ол Қорқытушы (Апат) не нәрсе? Сен Ол Қорқытушы (Апаттың) не екенін қайдан білер едің? Ол күні (ұлы қорқыныштан) адамдар (Махшар (Жиналу) орнына жиналғандарына дейін), таралған ұсақ көбелектер сияқты, ретсіз, тәртіпсіз қозғалатын болады. Әрі таулар (тозаң болып жан-жаққа ұшып кететіні себепті) түтілген жүндей болады».

(Сол Қиямет күні орын алатын) қатты қорқыныш пен үрейдің салдарынан адамдар жер бетінде шашылған рет-тәртіпсіз қозғалатын тынышсыз шатырқанаттар немесе шегірткелер сияқты болады. Шатырқанат — түнде ұшатын және басқа да шатырқанаттардың қалың тығыз арасында ретсіз қозғалатын жәндік. Ақылдарының жеткіліксіздігінен олар отты көргенде оған қарай бас салады. Адамдар ақылға ие болса да, бірақ Қиямет күні келгенде дәл осы ақылсыз жаратылыстардың жағдайында болады.

Асқар әрі алпауыт тауларға келсек, олар да таралған жүн сияқты жұмсақ әрі жеп-жеңіл болады. Тіпті ең жеңіл жел де оларды алып кете алады, сондықтан Аллаһ Тағала:

وَتَرَى الْجِبَالُ تَحْسَبُهَا جَامِدَةً وَهِيَ تَمُرُّ مَرَّ السَّحَابِ صُنِعَ اللَّهُ الَّذِي أَتَقَنَ كُلَّ شَيْءٍ إِنَّهُ خَبِيرٌ بِمَا تَفْعَلُونَ ﴿٨٨﴾

«Әрі сен қозғалыссыз деп санаған таулардың бұлттай қозғала бастайтынын көресің», — деп айтқан («ән-Нәмл» сүресі, 88-аят). Кейін таулар шашылған шаң-тозаңға айналып, із-түзсіз жоқ болып жоғалып кетеді. Міне сонда таразылар орнатылады, ал адамдар бақыттылар мен бақытсыздар болып екіге бөлінеді.

فَأَمَّا مَنْ ثَقُلَتْ مَوَازِينُهُ ۖ فَهُوَ فِي عِيشَةٍ رَّاضِيَةٍ ۖ وَأَمَّا مَنْ خَفَّتْ مَوَازِينُهُ ۖ فَأُمُّهُ هَاوِيَةٌ ﴿٦﴾

6) Міне, сонда (Қиямет кіні) кімнің таразысы (игі амалдарымен) ауыр тартса, 7) Сол разы болатын бір тіршілікте (Жәннатта) болады. 8) Ал енді кімнің таразысы жеңіл тартса (яғни таразысындағы жаман амалдары жақсы амалдарын басып тастаса), 9) Соның қайтар орны Һауия болады.

Егер адамның сол таразыдағы жақсы амалдарының табағы күнәлары салынған табағынан ауыр болса, онда ол Жәннәт бақтарындағы рахат өмірге ие болады. Ал егер пенденің жасаған игі істері күнәларының табағынан асып түсуге жетпей қалса, онда оның «анасы», яғни барып тоқтар жері Тозақ шыңырауы болады. Бұл Жалынды Тозақтың атауларының бірі. Бұл аяттағы «барып тоқтар жер» сөзін білдіру үшін араб тіліндегі «умм» («ана») сөзі қолданылған. Өйткені ананың қамқорлығы — адам өмірінің ажырамас бөлігі болғаны сияқты, Тозақ азабы да күнәһарлардың өмір сүруінің ажырамас бөлігіне айналады деген сөз. Міне, сол себепті де Аса Мейірімдінің (әр-Рахманның) шынайы құлдары:

وَالَّذِينَ يَقُولُونَ رَبَّنَا أَصْرِفْ عَنَّا عَذَابَ جَهَنَّمَ إِنَّ عَذَابَهَا كَانَ غَرَامًا ﴿٦٥﴾

«Раббымыз! Бізден Тозақ азабын аулақ қыл! Рас оның азабы тұрақты», — деп айтады (25:65).

Алайда бұл сөз «мидың қабығы» дегенді де білдіреді, сондықтан кейбір Құран тәпсіршілері күнәһарлардың Тозақ шыңырауына бастарымен төмен төңкеріліп тасталатынын айтқан.

وَمَا أَدْرَاكَ مَا هِيَ ﴿١٠﴾

«Сен (уа Пайғамбар) Һауияның не екенін қайдан білер едің?»

Аллаһ Тағала Тозақ шыңырауының өте үлкен екеніне ерекше көңіл аударып, оны келесі аятта:

نَارُ حَامِيَةٍ ﴿١١﴾

«Ол — (ыстығы мен күштілігі шегіне дейін жеткен) **жалындаған от**», — деп баяндаған.

Яғни оның қызуы мына дүниедегі жалынды оттың қызуынан жетпіс есе асып түседі. Аллаһ бізді мұндай азаптан сақтасын!



«ӘТ-ТӘКӘСУР» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَلْهَكُمُ التَّكَاثُرُ ﴿١﴾ حَتَّىٰ زُرْتُمُ الْمَقَابِرَ ﴿٢﴾ كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ ﴿٣﴾ ثُمَّ كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ ﴿٤﴾ كَلَّا لَوْ تَعْلَمُونَ عِلْمَ الْيَقِينِ ﴿٥﴾ لَتَرَوُنَّ الْجَحِيمَ ﴿٦﴾ ثُمَّ لَتَرَوُنَّهَا عَيْنَ الْيَقِينِ ﴿٧﴾ ثُمَّ لَتُسْأَلُنَّ يَوْمَئِذٍ عَنِ النَّعِيمِ ﴿٨﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Сендерді (уа адамдар, бұл дүниенің игіліктерін) **көбейтуде бәсекелесу** (Аллаһқа мойынсұдан алаңдатып) **айналдырды**. 2) Тіпті қабірлеріңе **барғандарыңа** (яғни сендерге өлім келіп жеткенге) **дейін**. 3) **Жоқ, олай емес** (бұдан тыйылыңдар). **Сендер** (уа адамдар, Қиямет күні осы көбейтудің соңы не болатынын) **білесіңдер**. 4) **Тағы да олай емес** (бұдан тыйылыңдар). **Сендер** (уа адамдар, Қиямет күні осы көбейтудің соңы не болатынын) **білесіңдер**. 5) **Жоқ, олай емес**. **Сендер** (Қиямет Соты болатын күні қандай жағдайда болатындарыңды) **айқын біліммен білгендеріңде ғой**, (бұл дүниенің игіліктерін көбейтуді қойып, Ақырет өмірі үшін ынта-ыждағат танытар едіңдер). 6) **Сендер** (уа адамдар, Қиямет Күнінде) **әлбетте Тозақты көресіңдер**. 7) **Содан кейін әрине** (уа адамдар, сендер Тозақты өз көздеріңмен) **айқын көресіңдер**. 8) **Кейін сол күні** (Аллаһ сендерге бұл дүниеде берген әрі олар сендерді Ақырет өмірі үшін жасалатын амалдар жасаудан алаңдатып тосқан) **нығметтер үшін әлбетте сұраласыңдар**.

أَلْهَيْكُمْ التَّكَاثُرُ ۝ حَتَّى زُرْتُمُ الْمَقَابِرَ ۝

1) Сендерді (уа адамдар, бұл дүниенің игіліктерін) **көбейтуде бәсекелесу** (Аллаһқа мойынсұдан алаңдатып) **айналдырды. 2) Тіпті қабірлеріңе барғандарыңа** (яғни сендерге өлім келіп жеткенге) **дейін.**

Аллаһ Тағала Өзінің құлдарын олар жалғыз Аллаһқа құлшылық етуден бас тартып, Аллаһты ғана жақсы көру керек болатындай жақсы көретін серіктерін Аллаһқа серік қоса бастағаны үшін айыптады. (Дүние игіліктерін) көбейтуге деген құштарлық адамдарды әлемдердің Рабысына шынайы ықыласты түрде құлшылық етуден алыстатады. Аллаһ Тағала адамдардың нені көбейтетінін нақты айтпады, сондықтан да бұл аят байлық іздеушілер құмар болып, соларымен өзгелер алдында масаттанып, мақтанатын ақшаны, балаларды, абырой-ықпалды, әскерді, қызметшілерді, мәртебелі лауазымдарды — яғни, жалпы алғанда, шын ықыласты (яғни Аллаһ үшін жасалатын) ізгі іс-амалдардан басқаның бәрін меңзейді. Алайда дүниелік ойын-сауық пен мәз-мейрамды қызықтар ұзаққа бармайды. Адам өліп, қабірге түседі. Міне, сол жерде одан (Ақыретке деген ғапылдық пен) ұмытылу пердесі алынады, әрі ол қолдан жіберіп алғанын қайтаруға дәрменсіз болады. Бұл аят дүние мен Соңғы (Ақырет) өмірінің арасында, яғни Барзахта өмір бар екеніне нұсқайды. Бұл — ақырет өмірінің кіре берісі (табалдырығы), сондықтан да Аллаһ Тағала адамдардың қабірлерге баратынын, бірақ онда мәңгі қалмайтынын хабарлады. Ал қайта тірілуден кейін адамдар жазаларын алып, олар одан ешқашан кетпейтін, әрі ол ешқашан жойылмайтын мәңгілік әлемде қалады.

كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ ۝ ثُمَّ كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ ۝ كَلَّا لَوْ تَعْلَمُونَ عِلْمَ الْيَقِينِ ۝

3) Жоқ, олай емес (бұдан тыйылыңдар). **Сендер** (уа адамдар, Қиямет күні осы көбейтудің соңы не болатынын) **білесіңдер. 4) Тағы да олай емес** (бұдан тыйылыңдар). **Сендер** (уа адамдар, Қиямет күні осы көбейтудің соңы не болатынын) **білесіңдер. 5) Жоқ, олай емес. Сендер** (Қиямет Соты болатын күні қандай жағдайда болатындарыңды) **айқын біліммен білгендеріңде ғой,** (бұл дүниенің игіліктерін көбейтуді қойып, Ақырет өмірі үшін ынта-ыждағат танытар едіңдер).

Яғни, егер сендер Ақыретте өздеріңді не күтіп тұрғанын білсеңдер ғой, жүректерің оянар еді! Мал-дүние көбейтуге деген құмарлыққа бой алдырмай, игі істерге асығар едіңдер. Нық білімнің жоқтығы сендерді жазаға әкеп соқтырады әрі сендер сол жазаны өз көздеріңмен көретін боласыңдар.

لَتَرَوُنَّ الْجَحِيمَ ﴿٦﴾

6) Сендер (уа адамдар, Қиямет Күнінде) әлбетте Тозақты көресіңдер.

Яғни сендер қайта тірілудің куәсі боласыңдар және кәпірлер мен құдайсыздар үшін әзірленіп қойылған Тозақты көресіңдер.

ثُمَّ لَتَرَوُنَّهَا عَيْنَ الْيَقِينِ ﴿٧﴾

7) Содан кейін әрине (уа адамдар, сендер Тозақты өз көздеріңмен) айқын көресіңдер.

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

وَرَأَى الْمَجْرُمُونَ النَّارَ فَظَنُّوا أَنَّهُمْ مُوَاقِعُوهَا وَلَمْ يَجِدُوا عَنْهَا مَصْرِفًا ﴿٨﴾

«Күнәһарлар Тозақ отын көріп, сонда өздерінің оған түсетіндіктерін сезеді. Бірақ одан бұрылар жер таба алмайды!» («әл-Кәһф» сүресі, 53-аят).

ثُمَّ لَنُسَلِّنَ يَوْمَئِذٍ عَنِ النَّعِيمِ ﴿٨﴾

8) Кейін сол күні (Аллаһ сендерге бұл дүниеде берген әрі солар сендерді Ақырет өмірі үшін жасалатын амалдар жасаудан алаңдатып тосқан) нығметтер үшін әлбетте сұраласыңдар.

Яғни кейін сендер дүние тіршілігінде сендерге берілген нығметтер жайлы сұраласыңдар. Егер сендер оларға шүкіршілік етіп, Аллаһтың алдындағы парыздарыңды орындаған болсаңдар, онда Ол сендерге сендер өлгеннен кейін жоғалтқан нәрселеріңнен жақсырағын береді. Ал егер дүниелік ләззаттармен алданып, Раббыларыңның көрсеткен нығметтеріне шүкіршілік етпей, тіпті Оның сыйларын Оған қарсы күнә жасау үшін пайдаланған болсаңдар, онда Аллаһ Тағала сендерді бұл үшін қатаң жазаға тартады. Аллаһ Тағала былай деді:

وَيَوْمَ يُعْرَضُ الَّذِينَ كَفَرُوا عَلَى النَّارِ أَلْهَبْتُمْ طَيْبَتِكُمْ فِي حَيَاتِكُمُ الدُّنْيَا وَاسْتَمْتَعْتُمْ بِهَا فَالْيَوْمَ تُجْزَوْنَ عَذَابَ الْهُونِ بِمَا كُنْتُمْ تَسْتَكْبِرُونَ فِي الْأَرْضِ بِغَيْرِ الْحَقِّ وَبِمَا كُنْتُمْ تَفْسُقُونَ ﴿٩﴾

«Сондай кәпірлер Отқа төндірілген күні: «Сендер дүние тіршіліктеріңнің игіліктерін көріп, одан пайдаландыңдар. Ал енді бүгін жер жүзінде орынсыз менменсіп, бұзақылық қылғандықтарың себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар» (— делінеді)» («әл-Ахқаф» сүресі, 20-аят).



«ӘЛ-АСР» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَالْعَصْرِ ۝١ إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ ۝٢ إِلَّا الَّذِينَ ءَامَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَاصَوْا
بِالْحَقِّ وَتَوَاصَوْا بِالصَّبْرِ ۝٣

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Заманмен (уақытпен) **ант!** **2) Негізінен адам баласы** (бұл дүниеде де, Ақыретте де өте үлкен) **зиянда.** **3) Бірақ** (Аллаһқа) **иман келтіріп, ізгі іс істегендер** (яғни Аллаһтың әмірлерін орындап, Оның тыйымдарынан тыйылғандар), **бір-біріне хақты** (яғни ақиқатты ұстануды және Аллаһқа мойынсынуды) **үгіттесіп, сабырды** (яғни осыда сабырлық етуді) **үгіттескендерден басқа** (яғни мұндайлар зиянға ұшырамайды).

Араб тіліндегі «аср» сөзі күн мен түнді білдіру үшін қолданылады. Бұдан Аллаһ Тағаланың жалпы уақытпен ант еткені шығады. Уақыт — бұл адамдар оның барысында әртүрлі іс-амалдар жасауға мүмкіндігі болатын өлшем. Міне, сол себепті Аллаһ Тағала адамдардың зиянға ұшырап, табыс пен берекеден мақұрым болатынын хабарлады. Бұл зияндардың ауыртпалық дәрежесі әртүрлі болады. Біреулер толық зиянға ұшырап, жер бетінде өмір сүргенде де, өлгеннен кейін де игіліктен жұрдай болады. Мұндай күнәһарлар Жәннат бақтарына кірмейді әрі Тозаққа тасталады. Басқалары ішінара зиянға ұшырайды. Сондықтан да Аллаһ Тағала мына төрт сипатқа ие болған салиқалы адамдардан басқа барлық адамдар зардап пен зиян шегетінін хабарлады:

Біріншіден, олар Аллаһ түсірген барлық нәрсеге иман келтіреді. Алайда, иманның білімсіз болуы мүмкін емес. Білім иманның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, әрі онсыз иман кемел бола алмайды.

Екіншіден, олар ізгі амалдар жасайды. Бұл адамның Аллаһтың алдындағы және адамдар алдындағы міндеттеріне қатысты тәнмен және жанмен (жүрекпен) орындалатын барлық міндетті және ерікті амалдарға қатысты.

Үшіншіден, бұндай (ізгі адамдар) басқаларды дұрыс иманға, салиқалы істерге шақырып, оларды жақсылыққа шабыттандырып, ынталандырады.

Төртіншіден, олар Аллаһ Тағаланың әмірлерін сабырмен орындауға, күнәлардан аулақ болуға және кейде басқа түсетін тағдырдың ащылығына төзе білуге шақырады.

Алғашқы екі нұсқауды (яғни иман келтіру мен салиқалы іс-амалдар жасауды) орындау арқылы адам өзін-өзі тәрбиелейді. Ал соңғы екеуін (яғни адамдарды ақиқатқа және сабырға шақыруды) орындау арқылы ол басқаларды тәрбиелейді. Аллаһтың құлы өз бойында осы төрт қасиетті түгел жетілдірсе ғана зардап шегуден құтылып, ұлы игілікке қол жеткізе алады.



«ӘЛ-ҺУМӘЗА» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ (Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَيْلٌ لِّكُلِّ هُمَزَةٍ لُّمَزَةٍ ۝ (1) الَّذِي جَمَعَ مَالًا وَعَدَّدَهُ ۝ (2) يَحْسَبُ أَنَّ مَالَهُ أَخْلَدَهُ ۝ (3) كَلَّا ۚ
لَيُنْزِلَنَّ فِي الْخُطْمَةِ ۝ (4) وَمَا أَدْرَاكَ مَا الْخُطْمَةُ ۝ (5) نَارُ اللَّهِ الْمَوْقَدَةُ ۝ (6) الَّتِي تَطَّلِعُ عَلَى
الْأَفْقَدَةِ ۝ (7) إِنَّهَا عَلَيْهِمْ مُّوَصَّدَةٌ ۝ (8) فِي عَمَدٍ مُمَدَّدَةٍ ۝ (9)

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Бүкіл қорлаушы мен өсекшіге қасірет! 2) Сондай мал-мүлік жиып, оны санағандарға. 3) Негізінен ол мал-мүлкі оны мәңгі өмір сүргізеді деп санайды. 4) Әсте олай емес, әлбетте ол әл-Хутомаға (Тозаққа) тасталады. 5) Сен әл-Хутоманың не екенін қайдан білесің? 6) Ол — Аллаһтың жағылған оты. 7) Сондай жүректерді шалатын. 8) Расында, сол (от) олардың төбелерінен жабылады. 9) Ұзын діңгектерге байланады.

وَيْلٌ لِّكُلِّ هُمَزَةٍ لُّمَزَةٍ ۝ (1)

1) (Адамды көзінше сөгетін) **бүкіл қорлаушы мен** (оның артынан ғайбат пен жаман сөздер айтатын) **өсекшіге қасірет** (яғни өте ауыр жаза немесе қорлық, немесе опат болу уәде етілген)!

الَّذِي جَمَعَ مَالًا وَعَدَّدَهُ ۝ (2)

2) Сондай мал-мүлік жиып, оны санағандарға (яғни оның адам туралы жаман сөз таратып, оны кемсітіп қорлауына оның мал-мүлікті жиып, осынысы оған өзгелерден артықшылық береді деп санауында. Өйткені ол кедейлерді кемісті жарымжандар деп санайды).

يَحْسَبُ أَنَّ مَالَهُ أَخْلَدَهُ ۝

3) Негізінен ол мал-мүлкі оны мәңгі өмір сүргізеді деп ойлайды (яғни мал-мүлкімен масаттанған ол өлімнен кейін не болатыны туралы тіпті ойлағысы да келмейді).

Раббымыз (бұл ардақты аяттарда) Өз пенделерін адамдарды сөзімен де, ісімен де ренжіткендердің басына үлкен бақытсыздық пен азапты жаза түсетіні туралы ескертті. Араб тіліндегі «әл-һумәзә» («тіл тигізуші») сөзі адамдарды іс-әрекетімен жамандайтын немесе саусақпен сілтеп келемеждейтін адамды білдіреді. Ал «люмаза» («сөгүші») сөзі басқаларды ғайбаттап, жаман сөзбен сөгетіндерді білдіреді. Аллаһ Тағала мұндай адамдардың әдетте байлыққа ұмтылатынын және оны өз нәпсісінің рахаттануы үшін санауды жақсы көретінін баса айтты. Бұл олардың осы дүниедегі жалғыз уайымы мен қамы. Олар кедей-кепшіктерге, туған-туыстарға көмектесуді қаламайтыны сияқты, оны садақа мен игі мақсаттарға жұмсауға да ұмтылмайды. Олардың күш-жігері мен ұмтылысы тек байлығын арттыруға бағытталған, өйткені олар осының олардың өмірін ұзартуға көмектесетініне сенеді. Олар ашкөздік пен сараңдықтың адам өмірін, оның отбасын бұзатынын, ал игі істер Аллаһтың Өз құлдарының өмірін ұзартуына себеп болатынын білмейді.

كَلَّا لَيُنْبَذَنَّ فِي الْحُطَمَةِ ۝

4) Олай емес, әлбетте ол әл-Хутомаға (Тозаққа) тасталады.

وَمَا أَدْرَاكَ مَا الْحُطَمَةُ ۝

5) Сен әл-Хутоманың не екенін қайдан білесің?

نَارُ اللَّهِ الْمَوْقَدَةُ ۝

6) Ол — Аллаһтың (бұйрығымен) жағылған оты (Тозақ).

الَّتِي تَطَّلِعُ عَلَى الْأَفْئَةِ ۝

7) Сондай (өртеуімен тіпті) жүректерді шалатын.

Тозақ қорқынышты және үрейлі. Оның отыны адамдар мен тастар болады, ал жалыны адам денесіне еніп, жүректерді күйдіреді. Кәпірлер мәңгілік өрт орнаған Тозаққа қамалып, одан шығудан тіпті болмашы үміттен айырылады.

إِنَّهَا عَلَيْهِمْ مُّوَصَّدَةٌ ﴿٨﴾

8) Расында, сол (от) олардың (қорлаушы мен өсекшінің) төбелерінен жабылады.

فِي عَمَدٍ مُمَدَّدَةٍ ﴿٩﴾

9) Ұзын діңгектерге байланады.

Тозақтың қақпалары құлыпталып, азапталушылар сол жерден шыға алмаулары үшін, биік бағаналармен бекітіледі. Аллаһ Тағала былай деген:

وَأَمَّا الَّذِينَ فَسَقُوا فَمَأْوَاهُمُ النَّارُ كُلَّمَا أَرَادُوا أَنْ يَخْرُجُوا مِنْهَا أُعِيدُوا فِيهَا وَقِيلَ لَهُمْ ذُوقُوا عَذَابَ النَّارِ الَّتِي كُنْتُمْ بِهِ تَكَذِّبُونَ ﴿١٠﴾

«Әрқашан олар одан шығуды қаласа, оған қайтарылады да, оларға: «Өздерің өтірікке шығарған оттың азабын татыңдар», — делінеді» («әс-Сәжда» сүресі, 20-аят).

Уа Раббымыз, бізді мұндай азаптан сақтай гөр, кешіріп, құтқара гөр!



«ӘЛ-ФИЛ» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِأَصْحَابِ الْفِيلِ ﴿١﴾ أَلَمْ يَجْعَلْ كَيْدَهُمْ فِي تَضْلِيلٍ ﴿٢﴾ وَأَرْسَلَ عَلَيْهِمْ طَيْرًا أَبَابِيلَ ﴿٣﴾ تَرْمِيهِمْ بِحِجَارَةٍ مِّن سِجِّيلٍ ﴿٤﴾ فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ مَّأْكُولٍ ﴿٥﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

- 1) (Мухаммад,) Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе?
- 2) Ол (Аллаһ) олардың (әфиопиялық әскердің) айлакерліктерін босқа жібермеді ме?! 3) (Аллаһ) оларға (әскерге) топ-топ құс жіберді.
- 4) Құстар оларға күйдірілген балшықтан жасалған тастар атты.
- 5) Сонда (Аллаһ) оларды (сарбаздарды) желінген топан (сабан) тәрізді қылды.

Бұл Құран қиссасы Аллаһтың құдіретінің айқын дәлелі. Ол ұлы істер жасап, құлдарына жанашырлық танытады және бірқұдайшылықтың ақиқаттығы мен Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі бол-

сын) шыншылдығына бұлтартпас дәлелдер келтіреді. Қағбаны қиратуға аттанған піл әскеріне не болғаны жайлы ойланыңыз! Шабуылшылар бұл жорыққа өте жақсы дайындалған еді. Қасиетті орынды жою үшін олар үлкен бір пілді жабдықтап, йемендіктер мен эфиопиялықтардан құралған үлкен әскерін жинады. Бұл әскердің күшті болғаны сонша, арабтар оларға қарсы тұра алмады. Олар (Аллаһтың) қасиетті (Мекке) қаласына жақындаған кезде меккеліктер оларға қарсылық көрсетпеді. Олар ілгерілеп келе жатқан әскерден қорқып, Меккеден шығып кетті. Сонда Аллаһ Тағала оларға қарсы күйдірілген балшықтан жасалған қызыл-ыстық тастарды көтерген құстардың тобын жіберді.

Олар әскерге тас лақтырып, олардың барлығын жойып жіберді. Кенеттен бәрі тынышталып, соққыға жығылған жауынгерлер шайналған жарма тәрізді нәрсеге айналды. Осылайша Аллаһ Тағала әлемді олардың зұлымдығынан құтқарып, айлаларын өздеріне қайтарды.

Бұл оқиға көпшілікке жақсы белгілі. Пілді әскер Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туылған жылы жеңіліс тапты. Бұл оқиға Исламның келуінің алғашқы жаршысы әрі Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығының ақиқаттығына куәлік болды.



«ҚУРАЙШ» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ (Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

لَا يَلْفِ قَرِيْشٍ ۝۱ اِلَّا فِيْهِمْ رِحْلَةٌ الشِّتَاءِ وَالصَّيْفِ ۝۲ فَلْيَعْبُدُوْا رَبَّ هٰذَا الْبَيْتِ ۝۳
الَّذِيْ اُطْعِمَهُمْ مِّنْ جُوعٍ وَءَامَنَهُمْ مِّنْ خَوْفٍ ۝۴

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) (Пайғамбар Мухаммад солардан шыққан) құрайыштықтардың біріккеніне (қызығып тамсаныңдар). 2) Олардың (сауда керуендерімен) қыста (Йеменге) әрі жазда (Шамға) жол жүру кезінде бірлікте болғанына. 3) Ендеше олар осы үйдің (Қағбаның) Раббысына құлшылық қылсын. 4) Ол оларды (яғни құрайыштықтарды) аштықтан кейін тамақтандырып, қауіп-қатерден аман қылды.

لَا يَلْفِ قُرَيْشٍ ﴿١﴾

- 1) (Пайғамбар Мухаммад солардан шыққан) **құрайыштықтардың біріккеніне** (қызығып тамсаныңдар).

إِلَيْهِمْ رَحْلَةَ الشِّتَاءِ وَالصَّيْفِ ﴿٢﴾

- 2) Олардың (сауда керуендерімен) **қыста** (Йеменге) **әрі жазда** (Шамға) **жол жүру кезінде бірлікте болғанына.**

Көптеген тәпсіршілердің пікірінше, бұл сүре өзінен алдыңғы сүренің мағыналық жалғасы болып табылады. Демек, Аллаһ құрайыштықтардың амандығы үшін піл әскерін жазалады. Сонымен бірге Аллаһ Тағала меккеліктерге қыста Йеменге, жазда Шамға тиімді сауда сапарларын ұйымдастыруға көмектесті. Оларға қарсы зұлымдық жоспарлағандарды жойып, сол арқылы Қағба мен меккеліктерді арабтардың алдында жоғарылатты. Арабтар оларды қатты құрметтеп, сауда керуендеріне кедергі келтірмейтін. Сол себепті Аллаһ Тағала әрі қарай оларға Раббылары өздеріне көрсеткен нығметтеріне шүкір етуді бұйырып былай деді:

فَلْيَعْبُدُوا رَبَّ هَذَا الْبَيْتِ ﴿٣﴾

- 3) Ендеше олар осы үйдің (Қағбаның) **Раббысына құлшылық қылсын.**

الَّذِي أَطْعَمَهُمْ مِّنْ جُوعٍ وَعَآمَنَهُمْ مِّنْ خَوْفٍ ﴿٤﴾

- 4) Ол оларды (яғни құрайыштықтарды) **аштықтан кейін тамақтандырып, қауіп-қатерден аман қылды.**

Яғни Қағбаның Раббысына ешкімді серік қоспаңдар және Оған ғана құлшылық етіңдер. Ол сендерге дүниелік нығметтердің ең үлкенін — ризық пен қауіпсіздікті берді. Осының өзі ғана сендерді шүкіршілік пен ризашылық танытумен міндеттейді. Аллаһ бүкіл болмыстың Раббысы, бірақ бұл сүреде Қағба басқа жаратылыстардан өзінің қадір-қасиеті мен ұлылығы себепті ерекше аталып айтылған.

Раббымыз, бізге сыйлаған барлық нығметтерің үшін Саған мақтаулар болсын!



«ӘЛ-МӘҒУН» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَرَأَيْتَ الَّذِي يُكَذِّبُ بِالْإِيمَانِ ۚ فَذَلِكَ الَّذِي يَدْعُ الْيَتِيمَ ۚ وَلَا يُخْضُ عَلَى طَعَامِ
الْمُسْكِينِ ۚ فَوَيْلٌ لِلْمُصَلِّينَ ۚ الَّذِينَ هُمْ عَنْ صَلَاتِهِمْ سَاهُونَ ۚ الَّذِينَ هُمْ يُرْءَوْنَ
وَيَمْنَعُونَ الْمَاعُونَ ۚ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) (Уа Пайғамбар,) сондай (Қияметтегі) сый-жазаны өтіріксінгенді көрдің бе? 2) Міне, сол жетімді қақпалап қуады. 3) Әрі (тамақтанатын ешнәрсесі жоқ) міскінді (өзі де тамақтындармайды әрі өзгені де оны) тамақтандыруға қызықтырмайды. 4) (Мұндай) намаз оқушыларға (Қиямет Күнгі болатын қатты азаптан) нендей өкініш! 5) Олар намаздарына қатысты немқұрайлы (оларды өз уақыттарында дұрыс орындамайды). 6) Олар (игі істерін өзгелерге) көрсету үшін (рия етіп) жасайды. 7) Әрі тіпті ұсақ (шелек, ыдыс, тіпті су мен тұз сияқты тұтыну) заттарын бермей қояды.

أَرَأَيْتَ الَّذِي يُكَذِّبُ بِالْإِيمَانِ ۚ

1) (Уа Пайғамбар,) сондай (Қияметтегі) сый-жазаны өтіріксінгенді көрдің бе?

فَذَلِكَ الَّذِي يَدْعُ الْيَتِيمَ ۚ

2) Міне, сол жетімді қақпалап қуады.

وَلَا يُخْضُ عَلَى طَعَامِ الْمُسْكِينِ ۚ

3) Әрі (тамақтанатын ешнәрсесі жоқ) міскінді (өзі де тамақтындармайды әрі өзгені де оны) тамақтандыруға қызықтырмайды.

Қайта тірілу мен азапты жоққа шығаратын және Аллаһтың Елшілерінің шындығына сенбейтіндер туралы ойланып көр. Олар жүректерінің қаталдығынан жетімдерді қуады және оларға жанашырлық танытпайды. Олар Аллаһтың сауабын алудан үміттенбейді және Оның қатал азапты жазасынан қорықпайды. Олар адамдарды кедейлерді тамақтандыруға ынталандырмайды әрі өздері де мұны жасамайды.

فَوَيْلٌ لِلْمُصَلِّينَ ۚ الَّذِينَ هُمْ عَنْ صَلَاتِهِمْ سَاهُونَ ﴿٥﴾

4) (Мұндай) намаз оқушыларға (Қиямет Күнгі болатын қатты азаптан) нендей өкініш! 5) Олар намаздарына қатысты немқұрайлы (оларды өз уақыттарында дұрыс орындамайды).

Бұл жерде намаз оқитын, бірақ оған салғырт қарайтын адамдар жайлы айтылып тұр. Олар өз намаздарын өз уақытында оқымағандары және оның барлық міндетті талаптарын орындамағаны себепті оларды жойып жібереді. Мұның себебі — олардың Аллаһтың әмірлеріне немқұрайлы қарауы. Егер олай болмағанда, олар құлшылық рәсімдерінің ең маңыздысы болған намаздарының жойылып кетуіне жол бермес еді. Дәл сол намазға немқұрайлы қарағаны үшін олар сөгіс пен айыптауға лайық. Ал енді намазды орындау кезіндегі қателіктерге келсек, онда әрбір адам қателеседі. Бұл кейде тіпті Пайғамбарымыз Мухаммадпен де (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) орын алатын.

الَّذِينَ هُمْ يُرَاءُونَ ﴿٦﴾ وَيَمْنَعُونَ الْمَاعُونَ ﴿٧﴾

6) Олар (игі істерін өзгелерге) көрсету үшін (рия етіп) жасайды. 7) Әрі тіпті ұсақ (шелек, ыдыс, тіпті су мен тұз сияқты тұтыну) заттарын бермей қояды.

Намазға салғырт қарайтындардың жүректері өзгелерге жанашырлық танытудан жұрдай әрі *рия* (көзбояушылық) пен екіжүзділікке бейім болады. Олар жақсы істерді басқалардың мақтауына ие болу үшін ғана жасайды. Олар адамдарға тіпті әлдебір кішкентай ғана нәрсе де бергісі келмейді. Олар тіпті тостаған, шелек, балта сияқты, әдетте адамдар бір-біріне қолдана тұруға тегін беретін нәрсенің өзін де бергісі келмейді. Өздерінің шектен тыс ашкөздіктерінен олар тіпті мардымсыз мөлшердегі садақадан да бас тартады. Ендеше әлдебір құндылығы бар заттар туралы не айтуға болмақ?!

Бұл сүреде Раббымыз мұсылмандарды жетімдер мен кедейлерді тамақтандыруға, басқаларды да соған үндеп ынталандыруға, намазды дұрыс әрі тұрақты оқуға, әрі намаз оқығанда да, басқа ғибадаттарды орындағанда да Аллаһтың алдында шынайы ықыласты болуға (яғни бүкіл құлшылықтарын тек Аллаһ үшін және Сүннетке сәйкес орындауға) шақырған. Сондай-ақ Раббымыз адамдарды жақсылық жасауға, басқаларға тегін көмектесуге, әсіресе ыдыс, шелек, кітап және басқа да осы сияқты аса қажетті нәрселерді қолданып тұруға беруге ынталандырған. Жақсылық жасауға сараң болған кез-келген адам ең ауыр сөгіске лайық. Ал Аллаһ Тағала бұл туралы жақсырақ біледі.



«ӘЛ-КӘУСӘР» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ ۝ فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَأَنْحَرْ ۝ إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْأَبْتَرُ ۝

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Шын мәнінде Біз саған (уа Пайғамбар) Кәусарды бердік. 2) Ендеше Раббың үшін намаз оқы, (әрі Ол үшін) құрбан шал. 3) Расында, дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады.

Аллаһ Тағала бұл сүреде:

إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ ۝

«Шын мәнінде Біз саған (уа Пайғамбар) Кәусарды бердік», — деді.

Яғни Біз саған ұлы нығмет пен жомарт сыйлар бердік, әрі солардың бірі — Жәннаттың Кәусар өзені. Біз сондай-ақ саған ұзындығы мен ені бір айлық жолға тең Су Айдынын да (әл-Хаудты) бердік. Оның суы сүттен ақ, балдан тәтті. Оның айналасына санымен де, жарқырауымен де аспандағы жұлдыздардан кем түспейтін ыдыстар қойылған. Бұл су қоймасынан бір жұтым дәм татуға рұқсат етілген адам ешқашан шөлдемейді.

Кейін Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осы нығметтерге шүкір етуді бұйырып:

فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَأَنْحَرْ ۝

«Ендеше Раббың үшін намаз оқы, (әрі Ол үшін) құрбан шал», — деді.

Намаз бен құрбандық құлшылық пен Аллаһқа жақындаудың ең ке-ремет және маңызды екі рәсімі болғандықтан, Аллаһ Тағала оларға ерекше мән берген. Намаз оқу арқылы адам жан және тәнімен Раб-бысының алдында тағзыммен кішірейіп, Оған құлшылыққа толықтай енеді. Құрбан шалу арқылы адам өзінің таңдаулы және құнды дүни-есі арқылы Аллаһқа жақындайды. Өйткені адамның нәпсісі байлықты қаншалықты жақсы көрсе де, одан айырылғысы келмесе де, ол өзінің мал-мүлкін Аллаһтың разылығы үшін жұмсап, құрбандық шалады.

إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْأَبْتَرُ ﴿٣﴾

«Расында, дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады».

Кімде-кім Мухаммад Пайғамбарды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жек көріп, оған жала жауып, абыройын түсіруге әрекеттенсе, сол әлбетте зиянға ұшырайды. Оның бүкіл жасаған істері зая болады әрі адамдардың жүрегінен ол туралы жақсы естелік мәңгілікке жоқ болып жойылады. Ал Мухаммад пайғамбарға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келсек, тек ол ғана Аллаһтың жаратылысы жете алатын шынайы кемелдікке қол жеткізді. Ал ол туралы ең жақсы естеліктің сақталып қалуы және қолдаушылары мен ізбасарларының көптігі мұның бұлтартпас дәлелі болып табылады.



«ӘЛ-КӘФИРУН» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ يَٰٓأَيُّهَا الْكَافِرُونَ ﴿١﴾ لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ ﴿٢﴾ وَلَا أَنتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ﴿٣﴾ وَلَا أَنَا عَابِدٌ مَّا عَبَدْتُمْ ﴿٤﴾ وَلَا أَنتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ﴿٥﴾ لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ ﴿٦﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) (Құрайш кәпірлері: «Әй Мухаммад! Бір жыл Аллаһқа, бір жыл пұттарға табынайық», — дегенде, Аллаһ Өзінің пайғамбарына оларға былай деп айтуды бұйырды:) «(Уа Мухаммад, оларға:) «Әй кәпірлер! 2) Мен сендердің табынғандарыңа табынбаймын. 3) Әрі сендер де (Аллаһқа пұттарыңды серік қосқандықтарыңнан) менің құлшылық қылғаныма құлшылық етпейсіңдер. 4) Сірә, мен сендердің құлшылық еткен (пұттарыңа ешқашан) құлшылық етпеймін. 5) Сондай-ақ сендер де мен құлшылық қылғаныма, құлшық қылушы емессіңдер (өйткені сендер пұттарыңа құлшылық етулеріңді қоймағандарыңа дейін, Аллаһқа құлшылық қылуларың жарамсыз). 6) Сендерде — өз діндерің (мен заңдарың), менде өз дінім (және Шариғат)», — деп айт».

قُلْ يَٰٓأَيُّهَا الْكَافِرُونَ ﴿١﴾

1) (Құрайш кәпірлері: «Әй Мухаммад! Бір жыл Аллаһқа, бір жыл пұттарға табынайық», — дегенде, Аллаһ Өзінің пайғамбарына оларға былай деп айтуды бұйырды:) «(Уа Мухаммад, оларға:) **«Әй кәпірлер!**

لَا أُعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ ﴿٢﴾

2) **Мен сендердің табынғандарыңа табынбаймын.**

وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ﴿٣﴾

3) **Әрі сендер де (Аллаһқа пұттарыңды серік қосқандықтарыңнан) менің құлшылық қылғаныма құлшылық етпейсіңдер.**

Бұл — Аллаһтан басқаларға құлшылық етуден жанмен және тәнмен бас тартуға деген бұйрық. «Әй кәпірлер! Аллаһқа ғана ықыласпен құлшылық ету сендерге жат. Сендер жасайтын рәсімдер көпқұдайшылық болып табылады және сондықтан да оларды ғибадат деп атауға болмайды.

وَلَا أَنَا عَابِدٌ مَّا عَبَدْتُمْ ﴿٤﴾

4) **Сірә, мен сендердің құлшылық еткен (пұттарыңа ешқашан) құлшылық етпеймін.**

وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ﴿٥﴾

5) **Сондай-ақ сендер де мен құлшылық қылғаныма, құлшық қылушы емессіңдер** (өйткені сендер пұттарыңа құлшылық етулеріңді қоймағандарыңа дейін, Аллаһқа құлшылық қылуларың жарамсыз).

Аллаһ Тағала бұл бұйрықты осы сүреде екі рет қайталады. Бірінше ретте ол ол Өзінің Пайғамбарына көпқұдайшылықты кері қайтарып тастап қабыл алмауды, ал екінші ретте бірқұдайшылық бұл Аллаһ Елшісінің және мұминдердің ажырамас сипаты және бұлжымас өмір сүру салты екенін баса сызып айтты. Содан кейін Аллаһ мұминдер мен кәпірлердің арасын нақты ажырататын аражікті белгілеп, былай деді:

لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ ﴿٦﴾

6) **Сендерде — өз діндерің (мен заңдарың), менде өз дінім (және Шариғат)», — деп айт».**

Аллаһ Тағала сондай-ақ Өзінің Елшісіне мына сөздерді де айтуды бұйырды:

أَنْتُمْ بَرِيُونَ مِمَّا أَعْمَلُ وَأَنَا بَرِيٌّ مِمَّا تَعْمَلُونَ ﴿١١﴾

«Сендер менің істегенімнен аулақсыңдар, мен де сендердің істегендеріңнен аулақпын» («Юнус» сүресі, 41-аят).



«ӘН-НӘСР» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ (Мәдиналық кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ ﴿١﴾ وَرَأَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِي دِينِ اللَّهِ أَفْوَاجًا ﴿٢﴾ فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَاسْتَغْفِرْهُ إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا ﴿٣﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Аллаһтың жәрдемі және жеңіс келген кезде; 2) Адамдардың Аллаһтың дініне топ-тобымен кіргенін көресің. 3) Ендеше Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен Аллаһ тәубені өте қабыл етуші.

(Бұл ардақты) сүреде Аллаһ Тағала өз Елшісін (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы хабармен сүйіншілеп, Раббысының уәдесі орындалғанда не істеу керек екендігін үйретті. Сонымен бірге Аллаһ Тағала мұсылмандардың назарын бұл уәденің қандай нәтижесі болатынына аударды. Бұл сүреде айтылған сүйінші — Аллаһ Тағаланың Өз Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көмектесуі және Меккенің алынуы туралы хабар. Осы оқиғадан кейін адамдар топ-тобымен ислам дінін қабылдай бастады. Аллаһ Тағаланың уәдесі орындалды және кезінде Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жаулары болған көптеген адамдар енді оның жақтаушылары мен көмекшілеріне айналды. Сондықтан Аллаһ Тағала Оған шүкір етіп дәріптеуді, Оны бүкіл мақтаумен мақтауды және Одан кешірім сұрауды бұйырды.

Бұл сүреде болашақ туралы екі белгі бар еді. Біріншіден, Аллаһ Тағала жеңістің Оның дінімен үнемі бірге болатынын, ал Аллаһты мақтап-мадақтау мен Одан кешірім сұрау бұл жеңістің келіп жетуін жеңілдететінін уәде етті. Мүминдер өздерінің Раббысына деген шүкіршілігін тек осылай ғана білдіре алады, бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

لَئِنْ شَكَرْتُمْ لَأَزِيدَنَّكُمْ وَلَئِنْ كَفَرْتُمْ إِنَّ عَذَابِي لَشَدِيدٌ ﴿٧﴾

«Егер шүкір етсеңдер, арттыра беремін. Ал егер күпірлік етсеңдер, онда азабым тым қатты» («Ибраһим» сүресі, 7-аят).

Муминдер Раббысының уәдесінің хақтығына әділетті ізгі халифалар тұсында да, одан кейін де куә болды. Ислам көптеген діндердің бірі ғана; бірақ осы жалғыз хақ дінге Аллаһтың жәрдемі ешқашан кешіккен емес. Бүкіл әлемде адамдар Исламды қабылдады және қабылдап жатыр, ал мұсылмандардың күш-қуаттылығы олар Аллаһтың әмірлеріне қарсылық көрсете бастағанға дейін мызғымас болатын. Міне, олар Аллаһтың әмірлеріне қарсы келе бастағанда олардың арасында келіспеушіліктер мен қайшылықтар пайда болды. Алайда, болып өткен барлық жағдайға қарамастан, мұсылман үмметі мен Аллаһтың діні Оның мейірімінің астында, ал Оның мейірімінің шексіздігін біздің қиялымыз да елестете алмайды. Екіншіден, Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне оның жердегі өмір сүру мерзімі біткенін хабарлады. Сөйтіп, Ол Пайғамбарымыздың даңқты ғұмыр кешкенін баса айтты. Өйткені, Аллаһ Тағаланың өзі оған:

لَعَمْرُكَ إِنَّهُمْ لَفِي سَكْرَتِهِمْ يَعْمَهُونَ ﴿٧٢﴾

«Өміріңмен серт! Олар, расында мастықтарында дел-сал еді», — деді («әл-Хижр» сүресі, 72-аят).

Раббымыз барлық мұминдерге өздерінің бұл дүниедегі өмірлерін намаз, үлкен қажылық және басқа да ғибадатты жасау кезінде кешірім дұғасымен аяқтауды бұйырды. Міне, сол себепті де Аллаһтың өз Пайғамбарына Аллаһқа мақтау-мадақ айту және одан кешірім сұрау туралы әмірі оның жақын арада қайтыс болатынын меңзеген еді. (Осылайша) Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Раббысымен кездесуге және өмірін ең жақсы жолмен аяқтауға дайындалу тапсырмасын алды. Ол түсірілген уахиға мойынсұнып, жан тапсырғанға дейін намаздарында:

سُبْحَانَكَ رَبَّنَا وَبِحَمْدِكَ اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي

«Раббымыз Сен Пәксің әрі бүкіл мақтаулар саған болсын! Уа Аллаһ, мені кешір!», — деп, бұл сөздерді рукуғ пен сәждеде жиі қайталайтын», — деп айтатын.



«ӘЛ-МӘСӘД» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

تَبَّتْ يَدَا أَبِي لَهَبٍ وَتَبَّ ۝ مَا أَغْنَىٰ عَنْهُ مَالُهُ وَمَا كَسَبَ ۝ سَيَصْلَىٰ نَارًا ذَاتَ لَهَبٍ ۝
وَأَمْرَأَتُهُ حَمَّالَةَ الْحَطَبِ ۝ فِي جِيدِهَا حَبْلٌ مِّن مَّسَدٍ ۝

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Абу Ләһабтың екі қолы құрысын! Құрыды да. 2) Оның малы да, кәсібі де өзіне пайда бермеді. 3) Ол жалындаған отқа кіреді. 4) Әйелі отын көтеріп кіреді. 5) Оның мойнында есілген арқан болады.

Абу Ләһәб Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көкесі болған. Ол пайғамбарды қатты жек көріп, оған өте көп зәбір тигізетін. Абу Ләһәб мүшрик-көпқұдайшыл болатын және туыстық байланыстарды сақтауға ұмтылмайтын еді. Аллаһ Тағала оны осы әрекеті үшін қатты айыптап, оған Қиямет күніне дейін абыройсыздық қамытын жүктеді. Абу Ләһәбтың екі қолы да құрысын! Ол нағыз бақытсыз, және оған ештеңе пайда әкелмейді. Байлық оны бұзды, бірақ жазадан құтқармады. Оған ауыр, азапты жаза келіп төгілген кезде оны ешнәрсе құтқара алмайды. Тозақ оты оны жан-жақтан орайды, ал оның әйелі Тозақ оты үшін отын таситын болады. Оның әйелі де Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ауыр зәбірлеулер тигізетін және күйеуінің күнә жасауына, Аллаһ пен Оның дініне дұшпан болуына көмектесетін. Ол адамдар арасында Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туралы жалалы сөздер таратып, әрі бар күш-жігерімен оған зиян тигізгісі келетін. Адамдар желкелеріне отын будаларын көтеріп жүретіні сияқты, ол да Тозақта өз күнәларының ауыртпалығын көтеріп жүреді. Басқа тәпсір бойынша, ол мойнына құрма ағашының талшықтарынан өрілген арқан байлап алып, күйеуінің азапталуы үшін отын жинайтын болады. Бұл сүреде Аллаһ Тағаланың болашақ туралы ең ұлы хабарларының бірі бар. Аллаһ Тағала бұл сүрені Абу Ләһәб пен оның әйелі қайтыс болғандарына дейін (яғни олар тірі кезінде) түсірген. Аллаһ Тағала олардың міндетті түрде Тозаққа тасалатынын хабарлады. Осылайша Аллаһ олардың ешқашан Исламды қабылдамайтынын алдын ала айтып қойды. Әрі, расында да, барлығы көмес-ғайып пен көрнеуді Білуші Аллаһтың хабарлағанындай болды.



«ӘЛ-ИХЛӘС» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ۝ اللَّهُ الصَّمَدُ ۝ لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ۝

وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ ۝

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Айт: «Ол — Аллаһ Жалғыз. 2) Аллаһ Мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). 3) Ол тумады да, туылмады. 4) Әрі оған ешкім тең емес».

Аллаһ Тағала бұл сөздерді олардың ақиқаттығына нық және кемел-толық сеніммен айтуды бұйырды. Ал бұл үшін адам олардың шынайы мағынасын білуі керек. Аллаһ — жалғыз Құдай. Оның көркем есімдері мен сипаттары кемел, іс-амалдары киелі әрі ешбір кемістік-кіршіксіз, Оған ұқсайтын және оған теңдес ешкім жоқ. Ол Өз-Өзіне жеткілікті (ешнәрсеге мұқтажсыз), жер мен көктегі барлық тіршілік етушілер Оған аса ұлы, толық мұқтаждықпен мұқтаж әрі Одан жәрдем тілейді, өйткені Оның барлық сипаттары кемел. Ол бүкіл нәрсені Білуші және Оның білімі шексіз. Ол Сабырлы әрі оның сабыры шексіз. Ол Мейірімді, Оның мейірімі әрбір нәрсені қамтиды. Дәл осы Оның барлық құдайлық сипаттарына қатысты. Аллаһтың кемелдігі Оның тумайтын және туылмаған болғанында да көрініс табады, сондықтан Ол ешкімге әрі еш нәрсеге мұқтаж емес. Оның есімдері, сипаттары мен істері жаратылыстың есімдерінен, сипаттарынан және істерінен салыстыруға келмейтіндей жоғары тұрады. Ол Аса Ұлы әрі Игі-Пәк! Демек, бұл сүре тұтастай алғанда құдайлық есімдер мен сипаттар тек Аллаһқа ғана тән деген наным-сенімді (ақиданы) білдіреді.



«ӘЛ-ФӘЛӘҚ» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ ﴿١﴾ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ ﴿٢﴾ وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ ﴿٣﴾ وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ ﴿٤﴾ وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ ﴿٥﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) «(Кез-келген жамандықты жоя алатын және жаратылыстардан қауіп-қатерді кетіре алатын) **Таңның Раббысы** (Аллаһқа) **сиынамын**. 2) **Оның жаратқан нәрселерінің** (барлығының) **кесірінен**. 3) **Қараңғылық басқан сәттегі түннің кесірінен** (өйткені түнде жаман жыртқыштар, жәндіктер және жаман адамдар шығады). 4) (Сиқырлау кезде пайдаланатын жіптерінде байлайтын) **түйіншіктерге дем салушы** (сиқыршы әйелдердің) **кесірінен**. 5) **Күншілдердің, олар күндеген сәттегі кесірінен», — деп айт».**

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ ﴿١﴾ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ ﴿٢﴾ وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ ﴿٣﴾

1) (Кез-келген жамандықты жоя алатын және жаратылыстардан қауіп-қатерді кетіре алатын) **Таңның Раббысы** (Аллаһқа) **сиынамын**. 2) **Оның жаратқан нәрселерінің** (барлығының) **кесірінен**. 3) **Қараңғылық басқан сәттегі түннің кесірінен** (өйткені түнде жаман жыртқыштар, жәндіктер және жаман адамдар шығады).

Араб тіліндегі «фәләқа» («бөлу, «қақ айыру») етістігі таң атқанда түннің қараңғылығын қақ айырып бөлетін де, бүршік жарып шыққан дәнді де қақ айырып жаратын да — Ұлы Аллаһ екенін атап көрсетеді. Құлдарын адамдардың, жын-шайтандардың, хайуандардың және басқа да жаратылыстардың жамандығынанан тек Ол ғана қорғай алады. Аллаһ Тағала бұл сүреде кейбір жаратылыстардың ерекше көп жамандық әкелетінін баса айтты. Түнде адамдар ұйқыға кетеді, ал жер бетінде залым рухтар мен зиянды жаратылыстар кезіп жүреді.

وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ ﴿٤﴾

4) (Сиқырлау кезде пайдаланатын жіптерінде байлайтын) **түйіншіктерге дем салушы** (сиқыршы әйелдердің) **кесірінен**.

Бақсылар мен сиқыршылар адамдарды сиқырлау үшін түйіндерге үрлейді.

وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ ﴿٥﴾

5) Күншілдердің, олар күндеген сәттегі кесірінен», — деп айт».

Көреалмаушы — бұл өзі күндеген адамдардың әлдебір нығметтерден айырылғанын қалайтын адам, әрі ол осыған жету үшін тіпті шамасы жеткенше күш жұмсайды әрі себептерін жасауға тырысады. Адамдарды пасықтардың зұлымдықтарынан тек Аллаһ ғана қорғап, олардың айлаларын жоя алады. Сондықтан әрбір адам Оның қорғауына пана тілеп жүгінуге мұқтаж. Күншілдердің қатарына жаман көзі бар адамдар да жатады, өйткені көздің өтуі тек мінезі нашар, жаны жауыз адамнан ғана орын алады. Олай болса, бұл сүре мұсылмандарды Аллаһтан жалпы жамандықтан да, жамандықтың кейбір көріністерінен пана және құтқару сұраудың үлгісіне үйретеді. Ол сондай-ақ сиқырдың шынымен де бар екендігін және оның зиянынан Аллаһ Тағаладан сиқыршылардың айлаларынан қорғау сұрау арқылы қорғану керектігін дәлелдейді.



«ӘН-НӘС» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Мәдиналық кезеңде түсірілген)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ ﴿١﴾ مَلِكِ النَّاسِ ﴿٢﴾ إِلَهِ النَّاسِ ﴿٣﴾ مِنْ شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ ﴿٤﴾
الَّذِي يُوسْوِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ ﴿٥﴾ مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ ﴿٦﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) «Адамдардың Раббысына; 2) Адамдардың Иесіне; 3) Адамдардың Құдайына; 4) Сыбырлап азғырушының кесірінен; 5) Сондай адамдардың көкейлеріне салатын; 6) Мейлі жыннан, мейлі адамдардан болсын (бүкіл азғырушылардың кесірінен Аллаһқа) сиынамын», — деп айт.

Бұл сүреде мұсылмандарға барлық жамандықтардың бастаушысы шайтанның кесірінен бүкіл адамдардың Патшасы, Құдайы, Раббысы болған Аллаһқа пана сұрап жүгіну бұйырылған. Шайтан адамдарды азғырады, олардың көздеріне жамандықты әшекейлеп, күнә жасауға деген құмарлықты қоздырады. Сонымен бірге ол адамдарды жақсылық жасаудан тыйып, оны жаман етіп көрсетеді. Шайтан адамдарды үнемі

азғырады, бірақ Аллаһтың құлы Раббысын еске алып, осы дұшпанмен күресуде Одан көмек сұраған кезде ол шегініп, ғайып болады. Сондықтан мұминдер адамдар мен бүкіл жаратылыстардың үстінен шексіз билікке ие және олар Соған ғана құлшылық ету үшін жаратылған Аллаһқа көмек сұрап жүгінуі керек. Адамдар өздерін бүкіл нығметтерден ажыратуды, олардың арасында бөгет болып тұруды, оларды өзінің қызметшілеріне айналдырып, Тозақ тұрғындарынан етуді өте ынталы түрде көздейтін дұшпаны болған шайтаннан құтылмайынша бақыт таба алмайды. Бірақ адам шайтанның ықпалымен ғана емес, бәлкім адамдардың әсерімен де азғырылуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

Әлемдердің Раббысы Жалғыз Аллаһқа басында да, соңында да, жасырын да, жария да бүкіл мақтаулар болсын!



ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

- 1) Осы «Маңызды сабақтардың» авторы кім?
 - ☐ Шейх Абдул-Азиз ибн Баз (Аллаһ оны рахымына бөлесін);
 - ☐ Шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усаймин (Аллаһ оны рахымына бөлесін);
 - ☐ Шейх Хайсам ибн Мухаммад Жәмил Сархан (Аллаһ оған есендік берсін).
- 2) Біз осы «Маңызды сабақтарды» не себепті оқып үйренуіміз қажет?
 - ☐ Өйткені олар маңызды;
 - ☐ Ғұламалар бұл ктіптаты оқуға кеңес береді;
 - ☐ Бұл кітапта әр мұсылман адам үшін маңызды білім бар;
 - ☐ Барлық жауаптар дұрыс.
- 3) «Маңызды сабақтар» өзіне не нәрселерді қамтиды?
 - ☐ Мұсылмандардың Құран мен Таухидке деген қарым-қатынасы;
 - ☐ Намаз және дәретке қатысты сұрақтар;
 - ☐ Көркем мінез бен Ислами әдепке ие болу;
 - ☐ Көпқұдайшылық пен күнәлардан сақтану;
 - ☐ Қайтыс болған адамның денесін жерлеуге дайындау;
 - ☐ Барлық жауаптар дұрыс.
- 4) Мұсылман адам білім алуды қай сүреден бастап, оны дұрыс оқып, жаттап, мағынасын білуі қажет?
 - ☐ «Әл-Ғаләқ» сүресі;
 - ☐ «Әл-Фәтиха» сүресі;
 - ☐ «Әл-Ихләс» сүресі.
- 5) Білім талап етуші Құранның қай тәпсірінен бастауы қажет?
 - ☐ Ибн Кәсирдің тәпсірінен;
 - ☐ Әл-Қуртубидің тәпсірінен;
 - ☐ Абдур-Рахман әс-Сағдидің тәпсірінен.
- 6) Адамдар Құранға қатысты екі шектен шыққан және бір орта (дұрыс) жолды ұстанатын топқа бөлінді.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 7) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Құранды оның мағынасы жайлы ойланбай, оған сәйкес амалдар жасамай оқудан сақтандырған.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.

1. «Әл-Фәтиха» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

- 8) «Әл-Фәтиха» («Ашушы») сүресінің осылай аталуының себебі неде?
- 9) «Әл-Фәтиха» сүресінің атауларының бірі:
- ☐ Умму-ль-Китаб (Құранның Анасы);
 - ☐ Сабға мәсәни (Жеті аят);
 - ☐ Руқия;
 - ☐ Әс-Соләт (Намаз);
 - ☐ Барлық жауаптар дұрыс.
- 10) Аллаһ Тағаланың «Аллаһ» деген есімі қандай мағынаны білдіреді?
- ☐ Оны құдай ретінде тағзыммен дәріптеп және Оған ғана құлшылық етілетін жалғыз құдай;
 - ☐ Өзінің құдайлық сипаттарына байланысты құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай;
 - ☐ Екі жауап та дұрыс.
- 11) Аллаһ Тағаланың раббылығы келесідей болады:
- ☐ Жалпыға ортақ;
 - ☐ Жеке;
 - ☐ Екі жауап та дұрыс.
- 12) Пайғамбарлар өздерінің дұғаларында Аллаһ Тағалаға қалай жүгінетін?
- ☐ Уа Аллаһ!
 - ☐ Уа Раббым!
- 13) Араб тілінің грамматикалық ережелеріне сәйкес, егер есімдік етістің алдында тұрса, бұл мынаны білдіреді:
- ☐ Бұл амал тек аталған жаққа қатысты ғана жасалады;
 - ☐ Бұл амал кез-келген жаққа қатысты жасалады.
- 14) «Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем тілейміз» деген аятта ғибадаттың жәрдем сұраудан бұрын аталуы нені білдіреді?
- ☐ Бұл жекенің жалпыға қосылуының мысалы;
 - ☐ Аллаһ Тағаланың құқығы Оның құлдарының құқығынан жоғары екендігін білдіреді;
 - ☐ Кейде бірінші жауап, кейде екінші жауап меңзеледі.
- 15) Құлшылық деген бұл:
- ☐ Аллаһ жақсы көретін және разы болатын, жан және тәнмен орындалатын барлық сөздер мен амалдарды қамтитын жалпы ұғым;

☐ Аллаһ Тағалаға Оның бұйрықтарын орындау және тыйым салған нәрселерден алыстау арқылы және Оған деген сүйіспеншілікпен және Оны ұлықтаумен қоса болатын толық бағыну;

☐ Кейде бірінші жауап, кейде екінші жауап меңзеледі.

16) «Жаза берілетін күн» (Яуму-д-дин) деген:

☐ Қиямет күні;

☐ Адамдарға олардың амалдары үшін сауап немесе жаза берілетін күн;

☐ Екі жауап та дұрыс.

17) «Бізді тура жолмен жүргіз» деген дұға мағынасы бойынша Исламдағы ең терең, ең пайдалы және жан-жақты дұғалардың бірі.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

18) Аллаһ Тағаланың «Бізді тура жолмен жүргіз» деген сөздеріндегі «тура жол» деген не?

☐ Пайғамбарлардың, шыншыл мұминдердің, шәһидтер мен салиқалы адамдардың жолы;

☐ Барлық иман келтіргендердің жолы.

19) Қай сүре өзіне Құранның басқа ешбір сүресінде және ешбір аятында келмейтін мағынаны қамтыған?

☐ «Әл-Фәтиха» сүресі;

☐ «Аят әл-Курси»;

☐ «Әл-Ихләс» сүресі.

«Аят әл-Курсидің» тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

20) Бұл аяттың осылай аталуының себебі — онда Курси аталатындығында.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

21) Құранның қай аяты ең ұлы?

☐ Он парыз жайлы аят;

☐ Аят әл-Курси.

22) Бұл аятта Аллаһ Тағаланың қанша көркем есімдері қамтылған?

☐ Бес;

☐ Алты;

☐ Жеті.

23) Аллаһ Тағала Өзіне қатысты Өзі және Оның Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Оған қатысты теріске шығарған сипаттарға келер болсақ, олар теріске шығарылған кезде, біз міндетті түрде Аллаһ Тағаланы оларға қарама-қарсы ең кемел сипаттармен танып, сипаттауымыз қажет. Бұл, мысалы, Аллаһ Тағала өзінен «ұйқы» және «қалғу» сияқты сипаттарды теріске шығарып, өзін «Тірі» және «Құдіретті» деп сипаттағаны секілді, әрі бұл кемелдік сипаттары теріске шығарылған кемістік сипаттардың қарама-қарсысы болып табылады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

24) Аллаһ Тағала Өзі разы болған адамдардан басқа ешкімге шапағат етуге рұқсат бермейді, ал ол тек мына адамдарға ғана разы:

☐ Біркұдайшылықты ұстанатындарға;

☐ Оның Елшісінің жолына ілескендерге;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

25) Аллаһ Тағаланың жаратқандарына жеткізген бұйрықтары мен ережелері (жалпы ғаламдық заңдар) туралы білім:

☐ Аз;

☐ Көп.

26) Аллаһ Тағаланың әл-Ғалий (аса Жоғары) деген есімі қандай мағынаны білдіреді?

☐ Ол Өзінің болмысымен жаратылыстарынан жоғары;

☐ Оның сипаттары ұлылыққа толы;

☐ Барлық жаратылыстар мен бүкіл нәрсе Оның құдіретіне бағынышты;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

27) «Аят әл-Курси» қай кезде оқылады?

☐ Әр парыз намазынан кейін;

☐ Ұйқыдан бұрын;

☐ Азанда және кешке;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

«Әз-Зәлзәлә» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

28) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;

☐ Мәдиналық.

29) «Әз-Зәлзәлә» сүресі өзіне нені қамтиды?

- ☐ Жақсы істерді жасауға ынталандыруды;
- ☐ Жаман істерді жасаудан аулақ болуға ынталандыруды;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

30) Аллаһ Тағаланың «**Жер сілкіндіріп қозғалған сәтте**» деген сөздері Оның «**Оны теп-тегіс жазық қылады**» деген сөздері секілді ме?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

31) Аллаһ Тағаланың «**Жер ішіндегі жүгін шығарған кезде**» деген сөздерінде не айтылған?

- ☐ Таулар мен төбелер;
- ☐ Мәйіттер мен көмілген қазыналар.

32) Жер адамдардың жақсы және жаман істері жайлы куәлік етеді ме?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

33) Аллаһ Тағаланың «**Сол күні адам баласы, амалдары көрсетілуі үшін, топ-топ болып келеді**» деген нені білдіреді?

- ☐ Әрбір адам жиналу орнына жалғыз баратын болады;
- ☐ Адамдар топтарға бөлініп, жиналу орнына топ-топ болып келеді.

34) Аллаһ Тағаланың «**Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. Ал кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді**» деген сөздері Оның «**Олар істеген амалдарының барлығын өздерінің алдарында көреді**» деген сөздеріндей ме?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

«Әл-Ғадият» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

35) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

36) «Әл-Ғадият» сүресі өзінде парыздарды орындамаудан сақтандыруды қамтиды.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

37) Келесі сөздердің мағынасын түсіндір:

«Қатты еңтігіп, шапқан» —

«(Тұяғынан) от шығарған» —

«Раббысына тым шүкірсіздік етеді» —

«Әл-Қориға» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

38) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;

☐ Мәдиналық.

39) «Әл-Қориға» сүресінің мағынасында не нәрседен сақтандыру келген?

☐ Қиямет күнінің сұмдығынан;

☐ Өмірлік сынақтардан.

40) «Әл-Қориға» («Зор оқиға») деген не мағынаны білдіреді?

☐ Қиямет күні;

☐ Қауіп-қатер.

41) Келесі сөздердің мағынасын түсіндір:

«Таралған паруанадай» —

«Түтілген жүндей» —

42) Бұл сүреде аталған Таразы:

☐ Анық мағынадағы шын таразы;

☐ «Таразы» деп әділдік жайлы айтылған.

43) «Разы болатын бір тіршілікте болады»:

☐ Осы өмірде;

☐ Жәннат бақтарында.

44) Аллаһ Тағаланың «**Оның орны (анасы) «Һәуия» болады**» деген сөздердің мағынасы қандай?

☐ Ана қамқорлығы адам өмірінің ажырамас бөлігі болғаны сияқты, Тозақ азабы да күнәһарлардың тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналды;

☐ Күнәһарлар Тозақ шұңқырына бастары төменге қарай тасталады;

☐ Екі жауап та дұрыс.

45) Аллаһ Тағала «**Ол «Һәуияның» не екенін білесің бе?**» деген сөздерін қандай мағынада айтты?

☐ Тозақ шұңқырының ұлылығын көрсету үшін;

☐ Ол жайлы сұрау үшін.

46) Тозақтың (Оттың) аттары:

- ☐ Шұңқыр;
- ☐ Тозақ Оты;
- ☐ Жаһаннам;
- ☐ Тамуқ;
- ☐ Жоқ қылатын жалын;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

47) Тозақ отының (Аллаһтан одан пана тілейміз) ыстығы бұл әлемнің ыстығынан неше есе күштірек?

- ☐ Жетпіс есе;
- ☐ Тоқсан есе;
- ☐ Тоқсан тоғыз есе.

«Әт-Тәкәсур» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

48) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

49) Бұл сүре өзіне не нәрселерді қамтиды?

- ☐ Адамдардың қал-кейіптері жайлы хабарды;
- ☐ Адамдарды олар сол үшін жаратылмаған нәрселерге құмар болғаны үшін кінәлауды.

50) Бұл сүреде барлық нәрсені, тіпті жақсылық пен Аллаһтың Дидарына ұмтылуды да, көбейтуге деген құштарлыққа тыйым салынған.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

51) Аллаһ Тағала неліктен: «**Сендер қабірлеріңде мәңгі қалмағандарыңа дейін**», — деп емес, оның орнына: «**Қабірлеріңе барғандарыңа дейін**», — деп айтты?

- ☐ Өйткені «Барзах» адам сол арқылы мәңгі әрі соңғы өмірге аттанатын уақытша мекен;
- ☐ Өйткені қайтыс болған адамдар өздерінің үйлерінен олардың иеліктерінде болмаған қабірлерге көшті.

«Әл-Аср» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

- 52)** Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?
- ☐ Меккелік;
 - ☐ Мәдиналық.
- 53)** «Әл-Аср» сүресінде төрт мәселеге дәлел бар: білім, амал, дағуат және сабыр.
- ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 54)** Аллаһтың атымен болмаған анттарға қатысты келтірілген сөздердің қайсысы дұрыс?
- ☐ Аллаһ Тағала қалаған жаратылысымен ант ете алады;
 - ☐ Аллаһтың құлдарына Аллаһтан басқа ешкіммен және ешнәрсемен ант етуге болмайды;
 - ☐ Аллаһтың құлдары Аллаһтан басқа нәрселермен ант ете алады;
 - ☐ Бірінші және екінші жауаптар ғана дұрыс.
- 55)** Сабыр қанша түрге бөлінеді?
- ☐ Екі түрге;
 - ☐ Үш түрге;
 - ☐ Төрт түрге.
- 56)** Бұл сүреде төрт бұйрық бар. Адам алғашқы екеуін орындаса өзін, ал кейінгі екеуін орындаса басқаларды тәрбиелейді.
- ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.

«Әл-Һумәзә» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

- 57)** Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?
- ☐ Меккелік;
 - ☐ Мәдиналық.
- 58)** Жамандаушы (*һумәзә*) — адамдарды іс-әрекеттерімен жамандайтын немесе басқаларға саусағымен сілтеп, ғайбаттап, жаман сөздермен балағаттап, келеке етуші.
- ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.

59) Жақсы амалдарды жасау Аллаһ Тағаланың Өз салиқалы құлдарының өмірлерін ұзартуына себеп болады ма?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

60) Тозақтың отыны:

- ☐ Адамдар болады;
- ☐ Тастар болады;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.

61) Аллаһ Тағаланың «Сондай жүректерді шалатын жалын» деген сөзі жалынның адам денесіне еніп, жүректерді күйдіретінін білдіреді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

«Әл-Фил» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

62) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

63) Бұл сүредегі ғибратты сабақтардан, келесі тұжырымды келтіруге болады: «Егер алып жануар Аллаһтың үйлерінің бірінің шекарасынан өтуден қорықса, адамдар бұдан бірінші кезекте қорқулары қажет».

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

64) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қай жылы туылған?

- ☐ Піл жылы;
- ☐ Қайғы жылы;
- ☐ Түтін жылы.

65) Бұл оқиға Исламның келуін білдіріп, Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығының ақиқаттығын растады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

«Құрайыш» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

- 66)** Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?
- ☐ Меккелік;
 - ☐ Мәдиналық.
- 67)** Бұл сүре қай сүремен байланысты?
- ☐ «Әл-Фил» сүресімен;
 - ☐ «Әл-Кәфирун» сүресімен;
 - ☐ «Ән-Нәс» сүресімен.
- 68)** Құрайыштықтар қыста Шамға, ал жазда Йеменге сауда сапарларына шығатын.
- ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 69)** Аллаһ Тағала Қағба мен Харам мешітін, сондай-ақ оның тұрғындарын (құрайыштықтарды) басқа арабтардың алдында жоғарылатқаны соншалық, басқалар оларға құрмет көрсетіп, оларға шабуыл жасауға батылы бармайтын:
- ☐ Меккеде;
 - ☐ Меккеде де, одан тыс жерде де.
- 70)** Аллаһ Тағала — бүкіл нәрсенің Раббысы, алайда Қағба оның артықшылығы мен ұлылығы үшін ерекшеленген.
- ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 71)** «Олар осы Үйдің Раббысына құлшылық етсін» деген аятта осы жаратылыстардың қадір-қасиетін көрсету үшін жаратылыс Жаратушыға тиісті етіледі.
- ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.

«Әл-Мәғун» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

- 72)** Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?
- ☐ Меккеде;
 - ☐ Мәдинада.
- 73)** Аллаһ Тағаланың: «Сондай дінді өтіріксінгенді көрдің бе?» деген сөздеріндегі «дін» сөзі қайта тірілу деген мағынаны білдіреді.
- ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.

74) Жетім («ятим») деген —

- ☐ Әкесінен айырылған адам;
- ☐ Анасынан айырылған адам.

75) Әлдебіреу жетім деп қай уақытқа дейін аталады?

- ☐ Ол жыныстық балиғат жасына жеткенге дейін;
- ☐ Ол жыныстық балиғат жасына жетсе де.

76) Намазға немқұрайлы қарау — бұл сөгіске лайық нәрсе, ал намаз кезіндегі қателіктерге келетін болсақ, әр адам мұндай қателіктерді жіберуі мүмкін.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

77) Жасанды салиқалылық таныту:

- ☐ Рұқсат етілген;
- ☐ Кіші ширк;
- ☐ Сөгіске лайық;
- ☐ Үлкен ширк;
- ☐ Тыйым салынған амал.

78) Бұл сүреде ізгі-салиқалы амалдарды жасауға ынталандыру бар.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

«Әл-Кәусәр» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

79) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

80) Әл-Кәусәр деген:

- ☐ Өзен;
- ☐ Мол жақсылық.

81) Аллаһ Тағала намаз бен құрбан шалуды ерекше атап өтті, өйткені олар бізді Аллаһқа жақындататын ең көркем және ең маңызды екі ғибадат рәсімі.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

82) Аллаһ Тағаланың «Расында, дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады» деген сөздері пайғамбарды жақсы көрген адам туралы жақсы жады сақталатынына нұсқайды.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

83) Бұл сүреде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жақтастары мен көмекшілерінің көптігіне нұсқау бар.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

«Әл-Кәфирун» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

84) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;

☐ Мәдиналық.

85) «Әл-Кәфирун» сүресін қай намаздың бірінші ракағатында «әл-Фәтихә» сүресінен кейін оқу жөн?

☐ Таң намазының сүннеттінде;

☐ Мағриб намазынан кейінгі сүннет намазында;

☐ Қағбаны тауаф етуден кейінгі намазда;

☐ Үтір намазында;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

86) Орындау барысында көпқұдайшылықтың көріністері бар ғибадат:

☐ Толық емес ғибадат;

☐ Ғибадат деп аталмайды.

87) Аллаһ Тағаланың «айт» деген сөзі:

☐ Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын);

☐ Оған және бұл сөздер бағытталуы мүмкін барлық адамға бағытталған.

88) Кәпірлер деген —

☐ Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шақыруы жеткен, алайда олар оған иман келтірмегендер;

☐ Пайғамбарға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) иман келтірмеген Мекке тұрғындары.

89) Бұл сүреде жүректе, тілде және дене мүшелерінде көрінетін көпқұдайшылық пен көпқұдайшылдарға қатыссыз болуға үндеу бар.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

«Ән-Нәср» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

90) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

91) Бұл сүреде сүйінші хабар, жаңалық, әмір және назар аудару бар.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

92) Аллаһ Тағаланың бұл дін мен үмметке деген мейірімі соншалық, біз оны елестете де алмаймыз.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

93) Бұл сүреде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақын арада қайтыс болатыны туралы хабар бар.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

«Әл-Мәсәд» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

94) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген:

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық;

95) Абу Ләһәб —

☐ Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көкесі;

☐ Оның Пайғамбармен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туыстық байланысы жоқ.

96) Кімнің абыройы Қиямет күніне дейін төгілген?

- ☐ Абу Ләһәбтың;
- ☐ Пайғамбарымызбен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дұшпандық жасаған кез-келген адамның.

97) Бұл сүреде Аллаһ Тағала Абу Ләһәб пен оның әйелі ешқашан Исламды қабылдамайтынына нұсқады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

«Әл-Ихләс» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

98) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

99) «Әл-Ихләс» сүресі неліктен осылай аталған?

- ☐ Өйткені ол толықтай Аллаһ Тағаланы сипаттауға арналған;
- ☐ Оны оқитын адамдар көпқұдайшылықтан тазарады;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.

100) Бұл сүрені оқыған мұсылманның сауабы Құранның қай бөлігін оқығанның сауабына тең?

- ☐ Құранның жартысын;
- ☐ Төрттен бір бөлігін;
- ☐ Үштен бір бөлігін.

101) Қай намазда екінші ракағатта «әл-Фәтихә» сүресінен кейін «әл-Ихлас» сүресін оқыған жөн?

- ☐ Таң намазынан бұрын оқылатын сүннет намазында;
- ☐ Мағриб намазынан кейінгі сүннет намазында;
- ☐ Қағбаны тауаф еткеннен кейін оқылатын намазда;
- ☐ Үтір намазында;
- ☐ Ұйқыдан бұрын;
- ☐ Парыз намаздарынан кейін;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

102) «Әл-Кәфирун» және «әл-Ихләс» сүрелері күндіз және түнде оқылады, өйткені олар бірқұдайшылықтың барлық үш түрін қамтиды.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

103) «Әл-Ихләс» сүресінде не қамтылған?

- ☐ Құлшылықтағы бірқұдайшылық;
- ☐ Раббылықтағы, сондай-ақ есімдер мен сипаттардағы бірқұдайшылық.

104) Аллаһ Тағаланың: «**Айт**», — деген сөзі қандай мағынаны білдіреді?

- ☐ Тіліңмен айт;
- ☐ Тіліңмен айт, жүрегіңмен айқын сен және соған сәйкес амал жаса.

105) Аллаһ Тағаланың «Ол Аллаһ — Жалғыз» деген сөздерінде Аллаһты Оның раббылығында, құлшылыққа лайықты құдайлығында, сондай-ақ есімдері мен сипаттарда жалғыз ету бар.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

106) Аллаһ Тағаланың «Ол — әс-Сомәд (Өз-өзіне жеткілікті)» деген сипаты келесідей мағынаны білдіреді:

☐ Ол — қажеттілік кезінде Оған жүгінетін және жалбарынатын объект;

☐ Ол Өздігінше өмір сүреді, ал қалған нәрселердің өмір сүруі Оған байланысты;

☐ Ол — құдайлығы, есімдер мен сипаттары сияқты раббылығы кемел әрі толық болған Раббы;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

107) Аллаһ Тағалаға бала немесе ата-ана телу күпірлік болып табылады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

«Әл-Фәләқ» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

108) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;

☐ Мәдиналық.

109) «Әл-Фәләқ» сүресін қай уақытта оқу абзал?

☐ Ұйқыдан бұрын;

☐ Парыз намаздарынан кейін;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

110) Келесі сөздердің мағынасын түсіндір:

«Қорғауына жүгінемін» —

«Фәләқа» (қақ айырып жару) —

«Түйіншіктерге дем салушылар» —

111) Бұл сүре өзіне не нәрсені қамтыған?

☐ Мұсылмандар жалпы зұлымдықтан және оның кейбір көріністерінен де Аллаһтан пана және құтқару сұрауы керек;

☐ Сиқыр шынымен де бар;

☐ Екі жауап та дұрыс.

«Ән-Нәс» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

112) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

113) «Ән-Нәс» сүресін қай уақытта оқу абзал?

- ☐ Ұйқыдан бұрын;
- ☐ Парыз намаздарынан кейін;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

114) «Ән-Нәс» сүресіндегі «**Сыбырлап азғырушының кесірінен...**» деген сөздер нені білдіреді?



ЕКІНШІ САБАҚ

ИСЛАМНЫҢ ТІРЕКТЕРІ (РҮКІНДЕРІ)

Исламның бес тірегін түсіндіру.

Олардың ең біріншісі және ең ұлысы **لا إله إلا الله محمد رسول الله** — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ әрі Мухаммад — Аллаһтың елшісі» куәлігі. (Адамның) **لا إله إلا الله** — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деп берген куәлігінің жарамды (яғни күшке ие) болуының шарттарын түсіндіру.

«**لا إله**» (сөздерінің) мағынасы — Аллаһтан басқа кім (яки не) болсын құлшылыққа лайықты екенін теріске шығару, ал «**إلا الله**» (сөздерінің) мағынасы — құлшылыққа тек серігі жоқ жалғыз Аллаһ қана лайықты екенін растау екенін түсіндіру.

Ал адамның «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деп айтқан куәлігі (Аллаһтың алдында) жарамды болуының шарттарына келер болсақ, олар төмендегідей:

- Надандықпен үйлеспейтін білім;
- Күмәнмен үйлеспейтін сенім;
- Ширкпен үйлеспейтін ықылас;
- Өтірікшілікпен үйлеспейтін шыншылдық;
- Жек көрушілікпен үйлеспейтін жақсы көру;
- Бас тартумен үйлеспейтін мойынсұну;
- Теріске шығарумен үйлеспейтін мойындау;
- Аллаһтан басқа құлшылық жасалатын барлық жалған құдайларға иман келтірмеу (күпірлік жасау).

Бұл шарттар келесі шумақта біріктірілген:

*«Білім, айқын сенім, ықылас және шыншылдығың,
Махаббат, бойынсұну және оны қабылдауың,
әрі сегізіншісі — Аллаһтан басқа құлшылық жасалатындарға күпірлігің».*

«**مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ**» — «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» деген куәліктің мағынасы оның (салләЛлаһу аләйһи уә сәлләм) бұйрықтарына мойынсұну, ол хабарлаған нәрсенің ақиқат екеніне мығым сену,


ол тыйым салған және қайтарған нәрселерден аулақ болу, және Аллаһқа тек Ұлы және Құдіретті Аллаһ пен Оның Елшісі бекіткендей ғана құлшылық ету екенін түсіндіру.

Ал содан соң Исламның қалған (келесі) рүкіндерін түсіндіру:

- Намаз;
- Зекет төлеу;
- Рамазан айында ораза ұстау;
- Мүмкіндігі бар адамға қажылық жасау.

ТҮСІНДІРМЕ

«Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің тіректері:



Демек «Кәлимәтул-ихләс» («Ықылас куәлігі») деп аталатын бұл куәліктің (оларсыз бұл куәлік оны айтатын адамға еш пайда бермейтін) екі рүкіні бар екен: Аллаһтан басқа құлшылық етілетін нәрселердің барлығын теріске шығару әрі Аллаһты ғана құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай деп бекіту, ендеше оларды толығымен біліп ал.

«АЛЛАҒТАН БАСҚА ҚҰЛШЫЛЫҚҚА ЛАЙЫҚТЫ ЕШБІР ҚҰДАЙ ЖОҚ» КУӘЛІГІНІҢ ШАРТТАРЫ

Бұл куәліктің шарттары кілттің тістері сияқты, өйткені «Лә иләһә иллә-Ллаһ» сөздері Жәннаттың кілті болып табылады, ал кілттің тістері дұрыс болмаса, ол құлыпты ашпайды. Демек, осыны ескерсек, онда «Лә иләһә иллә-Ллаһ» деп (өзінің мұсылман екеніне) куәлік ететін адам осынысы үшін Құран мен Сүннетте уәде етілген ұлы сауаптардың бәрін алуы үшін мына сегіз шартты орындауы керек:

1. Бұл куәліктің мағынасын білмеумен сәйкес келмейтін білім. Оның мағынасын білмеген адам одан пайда көрмейді, сондықтан Исламды қабылдағысы келген адамға ең алдымен оның мағынасын білу

керек. Имам Муслим риуаят еткен хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): *«Кімде-кім Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екенін біліп қайтыс болса, сол Жәннатқа кіреді»*, — деген (Муслим).

2. Осы куәліктің ақиқаттығына толық (айқын) сенімділік. Егер адам оған жүзден бір пайыз болса да күмәнданса, ол бірқұдайшыл (мұсылман) болып саналмайды. Бұған сондай-ақ Аллаһ Тағала оларды (Өзінің Кітабында немесе Пайғамбарының сүннетінде) кәпір деп атағандарды (мысалы, Кітап иелері болған яһудилер мен христиандарды, Аллаһқа серік қосушыларды, басқа да кәпір деп аталғандарды) кәпір деп санамайтын адам да кіреді (яғни мұндай адам да бірқұдайшыл-мұсылман болмайды). Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне және мен Аллаһтың Елшісі екеніме куәлік етемін. Егер Аллаһтың құлы осы екі куәлікке ешбір күмәнданбаған күйде Аллаһқа жолықса, онда Жәннатқа кіреді»* (Муслим).

3. Шын ықыластылық. Кімде-кім бұл куәлікті рия жасап (яғни өзгелерге өзінің мұсылман екенін көрсету үшін ғана) айтса немесе (Аллаһтан басқаға құлшылық етушілер сияқты) үлкен ширк-көпқұдайшылық жасаса, ол оған еш пайда бермейді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Қиямет күніндегі ең бақытты адамдар — «Лә иләһә иллә-Ллаһ» деп шын ықыласымен немесе бар жан-тәнімен айтқан адамдар болады»* (әл-Бухари).

4. Шыншылдық. Бұл куәлікті екіжүзді секілді жалған (өтірік) айтқан адам одан еш пайда алмайды. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): *«Кімде-кім Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне және Мухаммадтың Оның құлы әрі елшісі екендігіне шын жүрегімен куәлік етсе, Аллаһ Тағала оған Отты харам етеді»*, — деген (әл-Бухари және Муслим).

5. Махаббат. Бұл куәлікті берген адам Аллаһты (құдайды жақсы көру талап ететіндей тағзым-итағат әрі ұлықтаумен) жақсы көруі керек, әрі Онымен бірге Оны жақсы көргендей ешкімді жақсы көрмеуі керек. Сонымен қатар, ол Аллаһ Тағала жақсы көруді бұйырған әрбір адамды (мысалы, пайғамбарларды, сахабаларды, мұсылмандарды) жақсы көру керек. Сүйіспеншілікке қарама-қарсы нәрсе — жек көру (ұнатпау) болып табылады, сондықтан да **«Адамның Исламын (яғни мұсылманшылығын) жарамсыз ететін амалдар»** («Науақиду-л-Исләм») жолдауында: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһың салауаты мен сәлемі болсын) әкелген нәрселердің әлдебіреуін болса да жек көрген адам кәпір болады,*

тіпті оның өзі соны істесе де», — деп айтылған. Аллаһ Тағала былай деді:

وَمِنَ النَّاسِ مَن يَتَّخِذُ مِن دُونِ اللَّهِ أَندَادًا يُحِبُّونَهُمْ كَحُبِّ اللَّهِ وَالَّذِينَ ءَامَنُوا أَشَدُّ حُبًّا لِلَّهِ

«Адамдардың арасында Аллаһқа серік қосып, оларды Аллаһты жақсы көргендей жақсы көретіндер де бар, ал муминдер Аллаһты (барлығынан) **көбірек жақсы көреді**» («әл-Бақара» сүресі, 165-аят).

Махаббаттың түрлері келесідей болып бөлінеді:

1) Аллаһпен бірге басқа біреуге деген тағзым-итағатпен және ұлықтаумен жасалатын махаббат;

Аллаһ Тағаланың келесі сөздеріне сәйкес, махаббаттың бұл түрі үлкен, яғни исламнан шығарып жіберетін көпқұдайшылық-ширк болып табылады:

وَمِنَ النَّاسِ مَن يَتَّخِذُ مِن دُونِ اللَّهِ أَندَادًا يُحِبُّونَهُمْ كَحُبِّ اللَّهِ

«Адамдардың кейбіреулері Аллаһқа өзгені теңдес етеді де, оларды Аллаһты сүйгендей сүйеді».

2) Аллаһқа деген махаббат;

Аллаһқа деген махаббат міндетті, парыз және бұған қоса, ол иманның ең маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Аллаһ Тағала былай деген:

فُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ وَالَّذِينَ مَعَهُ أَشِدَّاءُ عَلَى الْكُفَّارِ رُحَمَاءُ بَيْنَهُمْ

«Мухаммад — Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар кәпірлерге қатал, бірақ өзара тым мейірімді» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят).

Аллаһқа деген махаббаттан Аллаһ үшін әлдебір нәрселерді жақсы көру де жатады, мысалы:

- 2.1. Аллаһ жақсы көретін белгілі жерлерді жақсы көру, мысалы: Мекке және Мәдинаны, мешіттерді;
- 2.2. Аллаһ жақсы көретін белгілі уақыттарды жақсы көру, мысалы: Қадір түнін немесе түннің соңғы үштен бір бөлігін, жұма күнін;
- 2.3. Аллаһ разы болатын барлық іс-амалдарды жақсы көру. Бұған шарифатта орнатылған барлық амалдар жатады, мысалы, таухид, намаз, ораза, садақа, қажылық, т. б.;
- 2.4. Осы амалдарды жасайтын, Аллаһ жақсы көретін адамдар мен жаратылыстарды жақсы көру. Мысалы: пайғамбарларды, елшілерді, періштелерді, сахабаларды, білім иелерін, Сүннет пен таухидті ұстанушыларды, мұсылмандарды.

3) Табиғи махаббат.

Махаббаттың бұл түрі рұқсат етілген, бірақ ол Аллаһқа деген махаббаттан артық болмау шартымен рұқсат етілген. Мұндай махаббаттың мысалы — әйелге немесе балаға деген махаббат. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Сендерден ешкім мен ол үшін өз баласынан, ата-анасынан және барлық адамдардан сүйіктірек болмағаныма дейін иман келтірмейді»** (әл-Бухари).

Демек, адамның берген «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің бесінші шарты — бұл куәлікті берген адамның Аллаһты (құдайды жақсы көру талап ететіндей тағзым-итағат әрі ұлықтаумен) жақсы көруін, әрі Онымен бірге Оны жақсы көргендей етіп ешкімді жақсы көрмеуін, сонымен қатар, Аллаһ Тағала жақсы көруді бұйырған барлық нәрселерді жақсы көруін білдіреді екен.

6. Бойұсыну. Бұл шарттың мағынасы — ақиқат куәлігін айтқан адам соған сәйкес амал етуі керек (яғни осы ислам куәлігі бұйыратын намаз оқу, ораза ұстау, жағдайы бар адамдардың зекет беруі және шамасы жететін адамның қажылыққа баруы сияқты әрі басқа да міндетті амалдарды жасап, ислам тыйым салатын, мысалы, Аллаһқа серік қосу, өсімқорлық, зинақорлық, мас ететін заттарды ішіп-шегу сияқты және басқа да харам нәрселерден тыйылу). Кімде-кім осылай әрекет етпесе, бұл куәлік оған пайда әкелмейді. Аллаһ Тағала былай деген:

فَلَا وَرَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ حَتَّى يُحَكِّمُوكَ فِيمَا شَجَرَ بَيْنَهُمْ ثُمَّ لَا يَجِدُوا فِي أَنْفُسِهِمْ حَرَجًا مِّمَّا قَضَيْتَ وَيُسَلِّمُوا تَسْلِيمًا ﴿٦٥﴾

«Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, сонсоң берген билігіңнен көңілдерінде ақау таппай толық бой ұсынғанға дейін мұмин бола алмайды» («ән-Ниса» сүресі, 65-аят).

7. Қабылдау. Адам бұл куәлікке қатысты ештеңені, мейлі сөзімен, мейлі ісімен, мейлі сенімімен болсын теріске шығармауы керек. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّهُمْ كَانُوا إِذَا قِيلَ لَهُمْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ يَسْتَكْبِرُونَ ﴿٣٥﴾ وَيَقُولُونَ آيُنَا لَتَارِكُوا آلِهَتَنَا لِشَاعِرٍ مَّجْنُونٍ ﴿٣٦﴾

«Оларға: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», — деп айтылғанда, олар тәкаппарлықпен: «Жынды бір ақын үшін тәңірлерімізді тастайық па?», — дейді» («әс-Соффат» сүресі, 35-36 — аяттар).

8. Аллаһтан басқа құлшылық етілетін құдайлардың ешқайсысына сенбеу. Яғни бұл куәлікті айтқан адам, оның куәлігі рас әрі жарамды болуы үшін, Аллаһтан басқаға бағышталған кез-келген ғибадат жарамсыз, қақысыз, өтірік екеніне және құлшылыққа тек Аллаһ қана лайық екеніне сенімді болуы керек.

Маңызды

Бұл ақиқат куәлігі сөздер, амалдар және сенім арқылы көрініс табуы қажет.

«مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ» — «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» деген куәліктің мағынасы оның (салләллаһу аләйһи уә сәлләм) бұйрықтарына мойынсұну, ол хабарлаған нәрсенің ақиқат екеніне мығым сену, ол тыйым салған және қайтарған нәрселерден аулақ болу, және Аллаһқа тек Ұлы және Құдіретті Аллаһ пен Оның Елшісі бекіткендей ғана құлшылық ету екенін түсіндіру.

ТҮСІНДІРМЕ

«Мухаммад — Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасы — құрайш тайпасының хашим руынан шыққан Мухаммад бин Абдуллаһ аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтың бүкіл жындар мен адамзатқа жіберген елшісі екенін тілмен және жүреппен растау. Әрі Аллаһ Тағалаға тек Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алып келген уахилардың негізінде ғана құлшылық ету керек. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

تَبَارَكَ الَّذِي نَزَّلَ الْفُرْقَانَ عَلَى عَبْدِهِ لِيَكُونَ لِلْعَالَمِينَ نَذِيرًا ﴿١﴾

«Бүкіл әлемдерге бір ескертуші болуы үшін Өзінің құлына (ақиқатпен жалғанды) ажырататын Құранды түсірген Аллаһ — өте Жоғары» («әл-Фурқан» сүресі, 1-аят).

«Мухаммад — Аллаһтың құлы» деген сөздер келесідей мағынаны білдіреді:

1) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһқа ең жақсы және дұрыс құлшылық еткенін;

2) Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ғибадат жасаудың рұқсат етілмейтіндігін және оның бойында құдайлық пен үстемдік қасиеттерінің жоқтығын.

Аллаһқа құл болудың («әл-ғубудия») үш түрі бар

1. Жалпы мағынадағы құлдық (бойсыну);

Бұл құлдық (бойұсыну) Аллаһ Тағаланың Раббылығына негізделген. Оны «мәжбүрлі құлдық» («ғубудияту әл-кахр») деп атауға да болады. Аллаһ Тағала былай деген:

بَلِّغُوا مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ كُلٌّ لَّهِ قَانِتُونَ ﴿١٦٦﴾

«Керісінше, көктер мен жердегі барлық нәрселер түгелімен Оныкі. Олар түгел Оған бойсұнады (өйткені толығымен Оның иелігі мен басқаруында)» («әл-Бақара» сүресі, 116-аят). Яғни, жер мен көктегі барлық нәрселер Оның болмыстық әмірлеріне еріксіз, мәжбүрлі түрде бойсұнып, құлдық етеді. Құлдықтың бұл түрі мұминге де, кәпірге де қатысты.

2. Ерекше мағынадағы құлдық (бойсұну);

Бұл құлдық Аллаһ Тағалаға (Оның түсірген шарифатын орындау арқылы) мойынсұну негізінде орын алады. Аллаһ Тағала былай деген:

وَعِبَادُ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ هَوْنًا

«Рахманның құлдары — жер бетінде кішіпейілділікпен жүретіндер», — деген («әл-Фурқан» сүресі, 63-аят). Құлдықтың бұл түріне Аллаһ Тағалаға құлшылық ететін, Оның дінін мойындайтын әрбір адам жатады.

3. Аса ерекше мағынадағы құлдық (бойсұну);

Бұл елшілер мен пайғамбарлардың қызметі. Аллаһ Тағала былай деген:

سُبْحَنَ الَّذِي أَسْرَى بِعَبْدِهِ لَيْلًا مِنَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ إِلَى الْمَسْجِدِ الْأَقْصَا الَّذِي بَرَكْنَا حَوْلَهُ لِنُرِيَهُ مِنْ آيَاتِنَا إِنَّهُ هُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ ﴿١﴾

«Өзінің құлын (яғни Мухаммадты) бір түнде, оған (Аллаһтың шексіз құдіреті мен Оның жалғыздығына куәлік болатын) аят-белгілерімізді (яғни муғжизаларымызды) көрсету үшін, (Меккедегі) Харам (Қорықты) мешіттен Біз оның айналасын берекелі еткен Ақса мешітіне апарған Аллаһ кез келген кемшіліктен пәк. Шәксіз, Ол — барлық нәрсені Естуші (әрі) Білуші» («әл-Исра» сүресі, 1-аят).

Әрі осы сүренің үшінші аятында Аллаһ Тағала Өзінің елшісі Нух туралы да:

إِنَّهُ كَانَ عَبْدًا شَكُورًا ﴿٣﴾

«Расында, ол шүкір етуші құл еді», — деп айтқан. Бұндай аса мәртебелі құлдыққа тек Аллаһтың пайғамбарлары мен елшілері ғана жатады, өйткені Аллаһқа құлшылықта олармен ешкім тең бола алмайды.

**ПАЙҒАМБАРДЫҢ
(ОҒАН АЛЛАҒТЫҢ САЛАУАТТАРЫ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН)
ӨМІРБАЯНЫНАН ҮЗІНДІЛЕР**

1) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) аты мен тегі:

Ол — Мухаммад Ибн Абди-Лләһ ибн Абд әл-Мутталиб ибн Хашим. Хашим — құрайыш тайпасынан, ал құрайыштықтар — Ибраһим пайғамбардың ұлы Исмаилдың ұрпағынан болған арабтар.

2) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туылуы:

Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Піл оқиғасы орын алған жылдың рабиғ әл-әууәл айында Меккеде дүниеге келген. Ол алпыс үш жыл өмір сүрді, оның қырық жылын пайғамбарлықтан бұрын, жиырма үш жылын Аллаһтың пайғамбары және елшісі ретінде өмір сүрді. Ол жетім болған: оның әкесі ол туылмай жатып қайтыс болды, алғашында оны атасы Абдул-Мутталиб қарап бақты, ал ол да қайтыс болғаннан кейін оны әкесі жағынан болған көкесі Абу Талиб қамқорлығына алды.

3) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) елшілігі:

Ол барлық жындар мен адамдар нәсіліне жіберілді. Кімге оның шақыруы жетіп, ол оны қабылдасамаса, ондай адам кәпір болады.

4) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дағуаты:

Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге (таухидке), көркем мінез-құлық пен ізгі амалдар жасауға шақырған, сондай-ақ Аллаһқа серік қосудан (көпқұдайшылық-ширктен), жаман мінез-құлық пен қиянатшылдықтан сақтандырған.

5) Ибра және Миғраж:

Ол бір түнде Меккеден әл-Қудсқа (яғни Иерусалимге) көшірілді, сонан кейін (миғраж оқиғасының барысында) жетінші аспанға көтерілді, сонда Аллаһ Тағала онымен сөйлесіп, бес уақыт намазды парыз етіп бекітті.

6) Хижа (көшу) және қайтыс болуы:

Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Меккеден Мәдинаға көшіп, сол жерде қайтыс болып, мұминдердің анасы Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) бөлмесіне жерленді.

7) Адамдарға уахиді жеткізу:

Аллаһ Тағала Өз Елшісі арқылы дінді кемелдікке жеткізді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) уахиды толық жеткізіп, өзіне жүктелген міндетті ең кемел үлгіде орындап, үмметіне ықыластылық танытып, ақиқатты толық жеткізді және Аллаһтың жо-

лында шынайы құлшыныс танытты, сондықтан да одан кейін ешкімнің бұл дінге үлес қосуға құқығы жоқ.

8) Ең маңызды шайқыстары:

Олардың саны жетеу: Бадр, Ухуд, Ор шайқасы, Хайбардың алынуы, Табук және Хунайн шайқастары.

9) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жеті баласы болған:

Олардың үшеуі ұл: әл-Қасим, Ибраһим және АбдуЛлах, ол сондай-ақ әт-Тоййиб (Жақсы) және әт-Тохир (Таза) деп аталған еді. Пайғамбарымыздың төрт қызы болған, олар: Фатыма, Зәйнаб, Руқайя және Умм Күлсум. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Фатымадан басқа барлық балалары оның көзі тірісінде қайтыс болған. Фатыма ол дүниеден өткеннен алты ай кейін қайтыс болды.

10) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) он екі әйелі болған, олар:

Хадижа, Айша, Сауда, Хафса, Зәйнаб әл-Хиләлия, Хинд Умм Сәләма, Зәйнаб бин Жәһш, Жууәйрия бинт әл-Харис, Софийя, Ромля Умм Хабиба, Райхана бинт Зәйд, Маймуна бинт әл-Харис, Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын.

11) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) анасы және емізген сүт аналары:

Оның анасы — Әмина (آَمِنَةُ) бинт Уахб; Оны емізген сүт аналары — Суәйба (оның көкесі Абу Ләһәбтың азат еткен күңі) және Халийма (حَلِيْمَةُ) бинт Аби Зағб әс-Сигдия (Аллаһ оған разы болсын).

12) Оған (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) түсірілген бірінші аят:

Аллаһ Тағаланың «әл-Ғәлақ» сүресіндегі мына сөздері:

أَفْرَأُ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ ۝ خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ ۝ أَفْرَأُ وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ ۝ الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ ۝ عَلَّمَ الْإِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ ۝

«Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса Жомарт. Сондай қаламмен үйреткен. Ол, адамзатқа білмеген нәрселерін үйреткен».

13) Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) иман келтірген алғашқы адамдар:

Ересек ерлерден — Әбу Бәкр әс-Сыддық, әйелдерден — мұминдердің анасы Хәдижа бинт Хуайлид, жасөспірімдерден — Әли ибн Әбу Талиб, азат етілген құлдардан — Зәйд ибн Хариса, құлдардан — Биләл ибн Рабах. Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын.

14) Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жасаған қажылықтар:

Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) төрт кіші қажылық (умра) жасады және олардың барлығы Зұл-қағда айында болды. Сондай-ақ ол хижраның оныншы жылы бір рет үлкен қажылық жасады. Бұл қажылық «Қоштасу қажылығы» деп аталады.

15) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мінез-құлқы:

Аллаһ Тағала:

وَإِنَّكَ لَعَلَىٰ خُلُقٍ عَظِيمٍ ﴿١٠٠﴾

«Шын мәнінде, сен әлбетте ұлы мінезге иесің», — деген, сондай-ақ мұминдердің анасы Айша (Аллаһ оған разы болсын): «Оның мінез-құлқы Құран еді», — деген.

16) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаянын оқып-білудің маңыздылығы:

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: «Егер пенденің екі дүниедегі бақыты Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) басшылығына байланысты болса, онда өзіне-өзі игілік пен құтылуды, бақыт пен оның ілесушілерінен болуды қалаған әрбір адам оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) басшылығы мен өмірбаянын оқып білуге әрі осының ешқайсын білмейтін адам секілді болмауға міндетті. Адамдар оның басшылығына байланысты: білімі аз, білімі көп және білімнен мақұрым қалғандар болып үшке бөлінеді. Ал игілік тек Аллаһтың қолында, Ол оны қалаған пендесіне нәсіп етеді, өйткені Ол — ұлы мейірім Иесі».



ҮШІНШІ САБАҚ

ИМАННЫҢ ТІРЕКТЕРІ

Иманның тіректері алтау:

- Аллаһқа иман келтіру;
- Періштелерге иман келтіру;
- Кітаптарға иман келтіру;
- Елшілерге иман келтіру;
- Қиямет Күніне иман келтіру;
- Тағдырға, оның жақсылығы және жамандығымен иман келтіру.

ТҮСІНДІРМЕ

Иманның шариғи мағынасы:

Тілдің сөздері, жүректің сенімдері және дене мүшелері мен жүректің іс-амалдары. Ол Аллаһқа мойынсұну арқылы артады әрі мойынсұнбау себебінен азаяды.

1) Сөздердің иманнан екеніне Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері нұсқайды: *«Иман тармақтарының ең жоғарғысы — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» сөзі»* (Муслим).

2) Іс-амалдардың иманнан екеніне Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері нұсқайды: *«Иманның ең төменгі тармағы — жолдан адамдарға зиян тигізетін нәрселерді алып тастау»* (Муслим).

3) Жүректің іс-амалдары иманнан екеніне Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері нұсқайды: *«Ұялу — иманның бір тармағы»* (Муслим).

4) Иманның артып-көбейетініне Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ الَّذِينَ إِذَا ذُكِرَ اللَّهُ وَجِلَتْ قُلُوبُهُمْ وَإِذَا تُلِيَتْ عَلَيْهِمْ آيَاتُهُ زَادَتْهُمْ إِيمَانًا وَعَلَىٰ رَبِّهِمْ يَتَوَكَّلُونَ ﴿٥﴾

«Сөзсіз мүминдер, егер Аллаһ зікір етілсе, жүректері қобалжиды, әрі егер оларға Аллаһтың аяттары оқылса, имандары артып, Раббыларына тәуекел етеді» («әл-Әнфал» сүресі, 2-аят).

5) Иманның азаятынына Ханзаля әл-Усайдиден жеткізілетін онда сахабалардың Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қасында болған кездерінде тіпті Жәннат пен Тозақты өз көздерімен көріп тұрғандай иманға толатыны, ал оның қасынан кеткендерінде, көңілдері әйел-балаларына және дүние-мүліктеріне бұрылып, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларға уағыз-насихат етіп айтқан нәрселердің көбін ұмытатыны, әрі имандары әлсірейтіні туралы баяндайтын хадис дәлел болады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мұны естігенде, оларға былай деп айтты: *«Жаным Қолында болған (Аллаһпен) ант етемін. Егер сендер менің қасымда болған кейінтеріңде әрі зікір етулеріңде қала беретін болғандарыңда, онда періштелер сендермен төсектеріңде және жолдарыңда қол алысып амандасатын болар еді. Алайда, уа Ханзаля! (Бұл) мерзім-мерзімімен ғана (болады)»,* — деп үш рет қайталады (Муслим).

Иманның артуының себептері:

- 1) Бірқұдайшылықты, әсіресе Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы бірқұдайшылықты оқып, зерттеу;
- 2) Ізгі-салиқалы іс-амалдарды көп жасау;
- 3) Күнәлардан бас тарту;
- 4) Аллаһ Тағаланың жаратылыстары жайлы ой шолу.

Иманның азаюының себептері:

- 1) Бірқұдайшылықты, әсіресе Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы бірқұдайшылықты білмеу;
- 2) Ізгі-салиқалы іс-амалдар жасамау;
- 3) Күнә жасау;
- 4) Аллаһ Тағаланың жаратылыстары жайлы ойланбау.

Иманның алты тірегі:

- 1) Аллаһқа иман келтіру;
- 2) Періштелерге иман келтіру;

- 3) Кітаптарға иман келтіру;
- 4) Елшілерге иман келтіру;
- 5) Қиямет күніне иман келтіру;
- 6) Жақсы мен жаманның тағдырға жазылғандығына иман келтіру.

Бірінші тірек: Аллаһқа иман келтіру

1) Аллаһқа иман келтіру. Ол төрт нәрсемен бекітіледі:

- 1.1. Сау ақыл-сана. Сау ақыл жаратылыстың Жаратушысыз өмір сүруін қабылдамайды. Аллаһ Тағала былай деген:

أَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ أَمْ هُمُ الْخَالِقُونَ ﴿٣٥﴾

«Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме?» («әт-Тур» сүресі, 35-аят).

- 1.2. Физикалық құбылыстар. Адамның басына қайғы мен қасірет түскенде, ол екі қолын көтеріп: «Уа Раббым! Уа Раббым!» — деп жалбарынғанда, бұл қиындықтар, Аллаһтың қалауымен, күтпеген жерден өтіп кетеді.
- 1.3. *Фитра* (адамның тума дарытылған болмысы). Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Әрбір нәресте Исламға табиғи бейімділікпен (фитрамен) туады, содан кейін ата-анасы оны не яһуди, не христиан, не отқа табынушы етеді...» (әл-Бухари және Муслим).
- 1.4. Шарифат. Ибн әл-Қайим былай деген: «Құранның әрбір аяты өзінің құрамына бірқұдайшылыққа нұсқау мен оның дәлелін қамтиды».

2) Аллаһтың раббылығына иман келтіру;

3) Аллаһтың құлшылыққа лайық жалғыз құдай екеніне иман келтіру;

4) Аллаһтың есімдері мен сипаттарына иман келтіру.

Екінші тірек: періштелерге иман келтіру

Періштелерді Аллаһ Тағала нұрдан жаратқан. Олар Аллаһ Тағалаға мойынсұнып, Оған әрдайым бағынатын ғайып дүниенің бір бөлігі. Олардың жандары бар, бұған Аллаһтың Жәбірейіл періштені **Қасиетті Рух** деп атағаны нұсқайды.

Олардың денелері бар, бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

الْحَمْدُ لِلَّهِ فَاطِرِ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ جَاعِلِ الْمَلَكِةَ رُسُلًا أُولَى أَجْنَحَةٍ مَّتَنَى وَتِلْكَ وَرُبَعٌ يَزِيدُ فِي الْخَلْقِ مَا يَشَاءُ إِنَّ اللَّهَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ﴿١﴾

«Көктерді және жерді жоқтан бар етіп жаратқан, сондай-ақ екі, үш және төрт қанатты періштелерді елші қылған Аллаһқа бүкіл мақтау» («Фатыр» сүресі, 1-аят).

Олардың ақылдары мен жүректері бар, бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

حَتَّىٰ إِذَا فُزِعَ عَنْ قُلُوبِهِمْ قَالُوا مَاذَا قَالَ رَبُّكُمْ قَالُوا الْحَقُّ وَهُوَ الْعَلِيُّ الْكَبِيرُ ﴿٢٣﴾

«Ақыр (періштелердің) жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар өзара: «Раббың не айтты?», — деп сұрасқанда: «Хақты айтты», — деседі» («әс-Саба» сүресі, 23-аят).

Біз барлық періштелерге жалпы және Аллаһ Тағала олар туралы хабарлаған есімдеріне (мысалы, Жәбірейіл, Микаил, Исрафил), олардың сипаттарына («Өздеріне не бұйырылса, соны орындайды») және орындайтын іс-амалдарына иман келтіреміз.

Періштелер жайлы біз білетін кейбір нәрселер:

Олардың ішінде Аршыны көтеретін сегіз періште, уахи жеткізуге міндетті Жәбірейіл, жаңбырға жауапты Микаил. Біз барлық періштелерге және олар туралы жалпы және кейбір мәліметтер қамтылған барлық хабарларға иман келтіруге міндеттіміз.

Үшінші тірек: Кітаптарға иман келтіру

Біз бұл Кітаптардың шынайы мағынада Аллаһтың сөзі екендігіне, олардың көктен түсірілгеніне, жаратылыс емес екеніне және Аллаһ Тағала әр пайғамбармен бірге Кітап түсіргеніне иман келтіріп сенуіміз қажет. Біз барлық Қасиетті Кітаптарға және олардың кейбірінің есімдері мен олардағы хабарларға қатысты Аллаһтың бізге айтқандарына иман келтіреміз, сондай-ақ егер олардың күші жойылмаған болса, онда оларда түсірілген жалпы және егжей-тегжейлі қағидаларға сенеміз. Құран өзінен бұрынғы барлық қасиетті Кітаптардың: Тәураттың, Інжілдің, әз-Забурдың, сондай-ақ Ибраһим мен Мусаның жазбаларының — күшін жойды деп иман келтіреміз.

Төртінші тірек: елшілерге иман келтіру

Біз елшілердің Аллаһ Тағала оларға құлшылық етуге тыйым салған Оның құлдары және оларды өтірікке шығаруға және күмән келтіруге тыйым салынған Аллаһтың елшілері екендігіне сенеміз. Біз елшілердің жәй ғана адамдар екендігіне және олар Раббыға ғана тиесілі болған құдайлық сипаттар мен ерекшеліктердің ешбіріне ие еместігіне сенеміз. Аллаһ Тағала оларды жіберіп, оларға уахи түсіріп, оларды түрлі мұғжизалармен мығым етті, ал олар өздеріне жүктелген міндетті кемел орындап, үмметтеріне ықыластылық танытып, ақиқатты толық жеткізді де, Аллаһтың жолында шынайы ыждағат көрсетті. Біз олардың барлығына жалпылама әрі Аллаһ Тағала бізге хабарлаған жеке есімдеріне, сипаттарына және мұғжизаларына сенеміз. Біз пайғамбарлардың алғашқысы — Адам (ғаләйһи-с-сәләм), елшілердің алғашқысы — Нух (ғаләйһи-с-сәләм), ал елшілер мен пайғамбарлардың соңғысы Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) екендігіне иман келтіреміз. Бұрын келген шарифаттардың барлығы Мухаммадтың шарифатымен өшірілді. Елшілердің арасындағы бесеуі «Табандылық иелері (улуль-ғазм)» деп аталады, олар: Мухаммад, Нух, Ибраһим, Муса және Иса, — олардың барлығына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Бесінші тірек: Қиямет күніне иман келтіру

Бұған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге хабарлаған өлімнен кейін орын алатын нәрселердің барлығына сену кіреді. Олардан — қабірдегі сынақ, сүр үрлеу, адамдардың қабірлерінен тұрғызылуы, олардың қайта тірілуі, жаза мен сауап, Мизан таразысы, амалдар жазылатын дәптерлер, әс-Сырат (көпірі), Жәннат, Тозақ, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) және бірқұдайшылдардың шапағаты, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Су айдыны, мүминдердің Өз Раббысын Қиямет күні және Жәннатта көруі және басқа да ғайып оқиғалар.

Алтыншы тірек: жақсы мен жаманның тағдырға жазылғандығына иман келтіру

Бұл — тағдырдың төрт кезеңіне иман келтіру, олар: білім, жазу, қалау мен жарату: «Раббымыздың білімі мен жазуы, сондай-ақ қалауы мен жаратуы».

1) Білім. Аллаһ Тағала барлық нәрсе жайлы жалпы және егжей-тегжейлі білімге ие екендігіне иман келтіру. Бұл Аллаһ Тағаланың мына сөздеріне сәйкес:

يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ

«Ол олардың болашағы мен бұрынғысын біледі» («Та Ха» сүресі, 110-аят).

2) Жазу. Аллаһ Тағала Қиямет күніне дейінгі барлық жаратылыстың тағдырын жазып қойғанына иман келтіру. Бұл Аллаһ Тағаланың мына сөздеріне сәйкес:

وَمَا مِنْ غَائِبَةٍ فِي السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ إِلَّا فِي كِتَابٍ مُبِينٍ ﴿٧٥﴾

«Жер-көкте ашық Кітапта болмаған ешбір көмес нәрсе жоқ» («ән-Нәмл» сүресі, 75-аят).

3) Қалау. Аллаһ Тағаланың қалаған нәрсесі ғана болатындығына, ал Ол қаламаған нәрсе ешқашан болмайтындығына иман келтіру. Адамның өз қалауы бар, алайда ол Аллаһ Тағаланың қалауына бағынады. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَا تَشَاءُونَ إِلَّا أَنْ يَشَاءَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ ﴿٢٩﴾

«Әлемдердің Раббысы Аллаһ қаламайынша сендер қаламайсыңдар» («әт-Тәкуир» сүресі, 29-аят).

4) Жарату. Аллаһтың құлы өзінің де, амалдарының да және басқа да бүкіл нәрсенің жаратылғандығына иман келтіруі. Аллаһ Тағала былай деген:

اللَّهُ خَلَقَ كُلَّ شَيْءٍ وَهُوَ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ وَكِيلٌ ﴿٦٦﴾

«Аллаһ — әрбір нәрсенің Жаратушысы» («әз-Зүмәр» сүресі, 62-аят);

وَاللَّهُ خَلَقَكُمْ وَمَا تَعْمَلُونَ ﴿٩٦﴾

«Аллаһ сендерді де, жасаған нәрселеріңді де жаратты» («әс-Соффат» сүресі, 96-аят).

ТӨРТІНШІ САБАҚ

ТАУХИДТЫҢ ЖӘНЕ ШИРКТИҢ ТҮРЛЕРІ

Таухид (бірқұдайшылық) үш құрамдас бөліктен тұрады:

1. Аллаһтың Раббылығындағы таухид (*таухид әр-рубубия*);
2. Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етудегі таухид (*таухид әл-улуһия*);
3. Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы таухид (*таухид әл-асма уә әс-сыфат*).

Раббылықтағы таухидке қатысты айтар болсақ, ол Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһтың әрбір нәрсенің Жаратушысы және бүкіл болмыстың Басқарушысы екеніне, әрі осыда Оның серігі жоқ екеніне иман келтіруді меңзейді.

Құдайлықтағы таухидке келер болсақ, бұл тек Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ қана құлшылық етуге лайықты әрі осыда Оның серігі жоқ екеніне иман келтіру. Міне, дәл осы тұжырымдама — لا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ (лә илләһә иллә-Ллаһ), яғни «Аллаһтан басқа құдай деп тануға және құлшылық етуге лайықты ешкім жоқ» деген сөздердің мағынасы. Сондықтан да кез-келген ғибадат, мейлі ол намаз, ораза, немесе басқасы болсын, тек жалғыз Аллаһқа ғана ықыласты түрде арналуы керек, әрі ғибадаттың ешқандай түрін Одан өзге әлдебіреуге арнауға болмайды.

Ал ең көркем есімдер мен ең кемел құдайлық сипаттарға ие болудағы таухид — бұл Аллаһтың Құран Кәрім мен сахих хадистерде келген барлық есімдері мен сипаттарына иман келтіру және тек Аллаһ қана осындай есімдер мен құдайлық сипаттарға ие екендігіне иман келтіру. Бұл сондай-ақ Аллаһтың есім сипаттарын Аса Пәк әрі Жоғары болған Оған тән болғандай етіп, оларды бұрмаламай, олардың шынайы мәнін теріске шығармай, оларды бейнелеп елестетпей және Оның сипаттарына қатысты «Қандай?» деген сұрақты қоймай, және оларды жаратылыстардың сипаттарына ұқсатпастан мойындау. Міне, осы «әл-Ихләс» сүресіндегі Аллаһ Тағаланың:

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ① اللَّهُ الصَّمَدُ ② لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ③ وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ ④

«Айт: «Ол Аллаһ Жалғыз. Аллаһ Мұңсыз. Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»», — деген сөздерінің іс жүзіндегі көрініс табуы болады.

Сондай-ақ Ұлы және Құдіретті Аллаһтың мына сөздері де соған дәлел болады:

لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ ﴿١١﴾

«Оған ұқсас ешнәрсе жоқ, әрі Ол — Естуші, Көруші» («әш-Шура» сүресі, 42:11).

Ал басқа ғалымдар бірқұдайшылықты Аллаһты жалғыз Раббы деп танудағы таухид (*таухид әл-ғилм уәл-мәғрифә*) және Аллаһқа құлшылық етудегі таухид (*таухид әл-қосд уәл-ғәмәл*) деп екі құрамдас бөлікке бөлді де, құдайлық есімдер мен сипаттарға ие болудағы таухидты Раббылықтағы таухидтың құрамына енгізді. Әрі мұндай жіктеумен дауласудың қажеті жоқ, өйткені екі жағдайда да Аллаһ қана құдайлық ең жоғары әрі ең кемел сипаттарға және ең көркем есімдерге ие жалғыз Раббы және сондықтан да Ол ғана құлшылық етуге лайықты жалғыз хақ құдай деген мағына айқын болады.

Ширк (көпқұдайшылық, Аллаһқа серік қосу) үшке бөлінеді:

- Үлкен ширк;
- Кіші ширк;
- Жасырын ширк.

Үлкен ширк адамның бүкіл амалдарын зая етеді, бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп хабарлайды:

وَلَوْ أَشْرَكُوا لَحَبِطَ عَنْهُمْ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ ﴿٨٨﴾

«Егер олар ортақ қосса еді, әрине, олардың істеген амалдары жойылып кетер еді» («әл-Әнғам» сүресі, 88-аят).

Әрі егер адам (жасаған) көпқұдайшылығына тәубе етпей дүниеден өтетін болса, онда ол мәңгілікке Отқа түседі. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады:

مَا كَانَ لِلْمُشْرِكِينَ أَنْ يَعْمُرُوا مَسَاجِدَ اللَّهِ شَاهِدِينَ عَلَى أَنْفُسِهِم بِالْكَفْرِ أُولَٰئِكَ حَبِطَتْ أَعْمَالُهُمْ وَفِي النَّارِ هُمْ خَالِدُونَ ﴿١٧﴾

«Мүшриктер өздерінің күпірліктеріне куә бола тұра (кәпір халінде тұрып) Аллаһтың мешіттерін жасауларына болмайды. Олардың амалдары жойылған. Олар Тозақта мәңгі қалады» («әт-Тәуба» сүресі, 17-аят), және кім осындай халде қайтыс болса, оған оның көпқұдайшылығы кешірілмейді әрі ол үшін Жәннат харам болады. Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ былай деді:

إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ افْتَرَىٰ إِثْمًا عَظِيمًا ﴿٣٩﴾

«Аллаһ Өзіне серік қосылуды кешірмейді, бұдан өзгені қалаған кісісіне кешіреді. Сондай-ақ кім Аллаһқа серік қосса, сол, расында, жала қойып, зор күнәлі болды» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят).

مَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ حَرَّمَ اللَّهُ عَلَيْهِ الْجَنَّةَ وَمَأْوَاهُ النَّارُ وَمَا لِلظَّالِمِينَ مِنْ أَنْصَارٍ ﴿٧٢﴾

«Кім Аллаһқа серік қосса, расында, Аллаһ оған Жәннатты харам етеді. Оның орны Тозақ оты. Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ» («әл-Мәида» сүресі, 72-аят).

Ширктің мұндай түріне әруақтардан, пұттардан дұға етіп тілеу, оларға пана сұрап сиыну, оларға нәзір беру, оларға арнап құрбан шалу, т. б. амалдар мен сөздер жатады.

Кіші ширк — бұл Құранда немесе Сүннетте ширк деп аталған, бірақ үлкен ширктің дәрежесіне дейін жетпейтін іс-амалдар, мысалы, кейбір амалдарды өзгелердің көруі үшін істеу, Аллаһтан басқамен ант ету, «Аллаһ пен сен қаласаң» деп айту, т. с. с.. Бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері дәлел болады: *«Мен сендер үшін қауіптенетін ең қорқынышты нәрсе — бұл кіші ширк»*. Одан бұл не екендігі туралы сұрағанда, ол: *«Көзбояушылық (рия)»* (яғни Аллаһ үшін ғана істелетін ғибадат амалдарын өзгелерге көрсету үшін істеу), — деп жауап берді. Бұл хадисті хасан (жақсы) иснадпен имам Ахмад, әт-Табарани, әл-Байһақи Махмуд бин Ләбид әл-Ансоридің (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен жеткізген. Сондай-ақ әт-Табарани де оны Махмуд бин Ләбидтің сөздерінен жеткізген, ал ол оны Рафиға бин Хадижтен (немесе Худайжтан), ол болса оны Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) атынан баяндайтын. Сондай-ақ бұған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) басқа да: *«Кім Аллаһтан басқа бір нәрсемен немесе әлдебіреумен ант етсе, сол ширк жасады»*, — деп айтқан сөздері де айғақ болады. Хадисті имам Ахмад Умар бин әл-Хаттабтан (Аллаһ оған разы болсын) сахих иснадпен жеткізген.

Сондай-ақ Абу Дауд пен әт-Тирмизи сахих иснадпен Ибн Умардың (оған және әкесіне Аллаһ разы болсын) хадисінен жеткізген Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): *«Аллаһтан өзгемен ант еткен — күпірлікке немесе ширкке түсті»*, — деп айтқан сөздері, сондай-ақ оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): *««Аллаһ және пәлен қаласа», — деп айтпаңдар. Алайда: «Аллаһ қаласа, сосын пәлен қаласа», — деп айтыңдар»*, — деген хадисі де (осыған айғақ болады).

Бұл хадисті Хузайфа бин Яманнан (Аллаһ оған разы болсын) сенімді иснадпен Абу Дауд жеткізген.

Ширктің бұл түрін жасау адамды Исламнан шығармайды, әрі ол осы үшін Тозақта мәңгі қалмайды, бірақ осы амалдар (әрбір мұмин адам ұстануға міндетті болған) таухидтің кемелдігіне үйлеспейді.

Ширктің үшінші түрі — бұл жасырын ширк. Ширктің осындай түрінің бар екеніне Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келесі сөздері нұсқайды: (Бірде ол:) *«Мен сендер үшін әл-Масих әд-Дажжалдан да қауіптірек және қорқыныштырақ нәрсе туралы хабарлайын ба?»* (— деп айтты). Адамдар: *«Әрине, уа Аллаһтың елшісі»*, — деп жауап берді. (Сонда) ол: *«Бұл — адамның намазға тұрып, сосын оған біреу қарап тұрғанын көргенде, оны көрер көзге көркем етіп көрсететіндегі жасырын ширк»*, — деді. Бұл хадисті имам Ахмад өзінің «әл-Муснад» жинағында Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткізеді.

Ширкті, сондай-ақ, тек үлкен және кіші ширк деп, тек екі түрге де бөлуге болады, өйткені жасырын ширк бұл екі түрді де қамтиды, әрі үлкен ширк түрінде де көрініс табуы мүмкін, бұған екіжүзділер мысал бола алады. Олар өздерінің адасқан сенімдерін жасырады әрі өздерінің өмірі үшін қорқып, сырттай Исламды ұстанатындарын көрсетеді. Сол сияқты (ол) амалдарды өзгелерге көрсету үшін жасау сияқты кіші ширк түрінде де көрініс табуы мүмкін, бұл жоғарыда айтылған Махмуд бин Ләбид әл-Ансори мен Абу Сағид әл-Худридің хадистерінде келтірілгендей.

ТҮСІНДІРМЕ

Тыйым салынған іс-амалдардың түрлері

1) Үлкен көпқұдайшылық (ширк);

Бұған ең қатаң түрде тыйым салынған.

2) Кіші көпқұдайшылық (ширк);

Кіші көпқұдайшылықтың күнәсі үлкен көпқұдайшылыққа қарағанда жеңіл, алайда үлкен күнәлардан ауыр.

3) Үлкен күнәлар;

Үлкен күнәларға оны істеген адамға қатысты лағынет, немесе «бізден емес» деген сөздермен білдірілген қатыссыздық, немесе оның көпір, әлде көпқұдайшыл немесе мұминдерден емес деп, не болмаса адамды

ең төмен жануарлармен теңеп сипаттау секілді олар үшін жаза болатындығымен ескертілген кез-келген амал.

4) Кіші күнәлар;

Бұл — Аллаһ Тағала тыйым салған, алайда оған жаза тағайындамаған барлық амалдар.

Үлкен күнәлар

1) Үлкен күнәларға қатысты үкім:

Үлкен күнә жасаған адамның бұл күнәлары кешірілуі үшін, ол міндетті түрде тәубе қылуы қажет, өйткені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): *«Егер жоқтау айтушы әйел қайтыс болғанға дейін тәубе етпесе...»*, — ал басқа хадисте: *«...егер үлкен күнәлардан аулақ болса...»*, — деп айтқан.

2) Олардың сатылары бар ма?

Иә, олар сатыларына қатысты әртүрлі болады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Сендерге үлкен күнәлардың ішіндегі ең үлкендеріне нұсқайын ба?...»*.

3) Үлкен күнәларды жасаушы адамға қатысты үкімдер:

- 3.1. Ол иманы толық емес мумин болып табылады. Яғни иманына қатысты ол — мумин, ал күнәсына қатысты — күнәһар болады.
- 3.2. Ондай адамды иманы үшін жақсы көріп, күнәсы үшін жек көру қажет.
- 3.3. Ол үлкен күнә жасап жатқан кезде онымен бірге болмау қажет.

4) Үлкен күнәлардың саны:

Олар нақты белгілі санмен шектелмеген, алайда жоғарыда айтылған сипаттармен шектелген.

Үлкен көпқұдайшылық пен кіші көпқұдайшылықтың айырмашылығы:

Үлкен көпқұдайшылық:

- 1) Адамды Ислам дінінен шығарады;
- 2) Адамның бүкіл амалдарын жоқ қылып жойып жібереді;
- 3) Адамды мәңгілік Тозаққа кіргізеді;
- 4) Оның қаны мен мал-мүлкін әмірші үшін халал етеді;

5) Көпқұдайшылық «үлкен» деп, тек осыған дәлел бар болса ғана саналады;

6) Адамның әлдебір себепті (құралды) болмыста (Аллаһтан басқа) өздігінше жасырын түрде әлдебір нәрсені басқару күшіне не билікке ие екендігіне сенуі;

7) Егер адам үлкен көпқұдайшылық жасап, қайтыс болса, бұл оған кешірілмейді;

8) Егер адам үлкен көпқұдайшылығы үшін тәубе істесе, Аллаһ Тағала оның тәубесін екі жағдайдан басқа кезде қабыл алады. Егер адам күн батыстан шыққаннан кейін немесе өлім алды қырылы келгенде ғана тәубе етсе, оның тәубесі қабыл болмайды.

Кіші көпқұдайшылық:

1) Адамды діннен шығармайды;

2) Ол өзі араласқан амалдан басқа істерді жоқ қылып жоймайды;

3) Адамды Тозаққа мәңгілікке кіргізбейді;

4) Адамның қаны мен мал-мүлкін әмірші үшін халал етпейді;

5) Көпқұдайшылық «кіші» деп, тек осыған дәлел бар болса ғана саналады;

6) Бұл адамның Аллаһ Тағала оны себеп (құрал) етпеген әлдебір нәрселерді себеп (құрал) деп санауы;

7) Үлкен көпқұдайшылыққа алып баратын кез-келген құрал кіші көпқұдайшылық болып табылады;

8) Егер шарифатта әлдебір іс немесе сөз туралы «*ширк*» немесе «*куфр*» деген сөздерімен «әл» деген белгілілік артиклі келмесе, әрі егер басқа дәлелдер бұған қайшы келсе, онда ол кіші көпқұдайшылық болып саналады.



БЕСІНШІ САБАҚ

ИХСАН

Ихсан — Аллаһқа Оны көріп тұрғанындай құлшылық ету, өйткені сен Оны көрмегеніңмен, Ол сені көріп тұр.

ТҮСІНДІРМЕ

Ихсанның тірегі біреу, алайда оның екі сатысы бар:

1) Аллаһқа Оны көріп тұрғандай құлшылық ету (ғибадатул-мушаһада).

Бұл Аллаһқа деген махаббат пен сағынышқа және Оның сый ретінде дайындаған нәрселеріне ұмтылуға негізделген ғибадат. Бұл — пайғамбарлар мен елшілердің ғибадаттары. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «*Неліктен маған шүкір етуші құл болмасқа*» (әл-Бухари). Мұндай ғибадаттың себебі: Аллаһқа деген махаббат, сағыныш және Оның сый ретінде дайындаған нәрселерге ұмтылу, алайда осы орайда Оның алдында қорқуды сезіну.

2) Аллаһтың бақылауын сезініп құлшылық ету (ғибадатул-мурақоба).

Бұл Аллаһтан қорқу мен Оның жазасынан құтылуды қалауға негізделген ғибадат. Мұндай ғибадат — әрбір мұсылманда міндетті түрде болуы керек ең кіші деңгей.

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

- 1) Діннің қанша сатысы бар?
 - ☐ Бір;
 - ☐ Екі;
 - ☐ Үш.
- 2) Исламның қанша тірегі бар?
 - ☐ Бес;
 - ☐ Алты;
 - ☐ Жеті.
- 3) Исламның сатысы Иманның сатысынан жоғары.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 4) Ақиқат куәлігінің (шаһада кәлимасының) қанша тірегі бар?
 - ☐ Жеті;
 - ☐ Сегіз;
 - ☐ Екі.
- 5) «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің қанша шарты бар?
 - ☐ Сегіз;
 - ☐ Жеті;
 - ☐ Бес.
- 6) «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің «білім» шартының мағынасы қандай?
 - ☐ Әлдебір нәрсені, ол қандай болса, солай танып білу;
 - ☐ Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ деген куәліктің мағынасын және ол нені талап ететінін білу.
- 7) Егер адам Ислам шақыруы жеткен, алайда ол оған иман келтірмеген әлдебір адамның кәпір екеніне күмәнданса, оның үкімі қандай?
 - ☐ Ол үлкен күпірлікке түсті;
 - ☐ Ол кіші күпірлікке түсті.
- 8) «Қабылдау» — «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің шарттарының бірі, және ол өзіне мына нәрсені қамтиды:
 - ☐ Сөз;
 - ☐ Амал;
 - ☐ Сенім;
 - ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

9) «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігін көрер көз (*рия*) үшін айту садақадағы рия секілді және кіші көпқұдайшылық болып табылады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

10) Кімде-кім «Лә иләһә иллә-Ллаһ» кәлимасын тілімен айтып, алайда жүрегінде бұл сенімге ие болмаса, ол:

- ☐ Бірқұдайшыл;
- ☐ Мұсылман, алайда мүмин емес (яғни иман сатысына жетпеген, алайда исламдағы адам);
- ☐ Үлкен көпқұдайшылыққа түскен кәпір;
- ☐ Иманы аз адам.

11) Егер адам Мухаммад Пайғамбарды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланы жақсы көргендей жақсы көрсе, мұндай адам:

- ☐ Үлкен көпқұдайшылыққа түсті;
- ☐ Кіші көпқұдайшылыққа түсті;
- ☐ Үлкен күнә жасады.

12) Махаббаттың қанша түрі бар?

- ☐ Төрт;
- ☐ Үш;
- ☐ Екі.

13) Аллаһ үшін жақсы көру келесі нәрселерге деген махаббатта көрінеді: белгілі амалдарға, адамдарға және жерлер мен уақыттарға.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

14) Аллаһпен бірге басқа біреуді тағзым-ұлықтаумен құлдық ұрып жақсы көру:

- ☐ Кіші көпқұдайшылық;
- ☐ Міндетті амал;
- ☐ Үлкен көпқұдайшылық.

15) Аллаһ үшін жақсы көру:

- ☐ Рұқсат етілген;
- ☐ Міндетті;
- ☐ Үлкен көпқұдайшылық болып саналатын амал.

16) Аллаһқа (құл болып) бойсұнудың қанша түрі бар?

- ☐ Екі;
- ☐ Үш;
- ☐ Төрт.

17) Аллаһ Тағаланың барлық жаратылыстары, тіпті кәпірлер де Оған мәжбүрлі құлдық арқылы бағынышты.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

18) Егер де адам «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігін айтса, алайда ешбір ізгі амал және ғибадат, соның ішінде намазды да қоса жасамаса, оған бұл куәлік:

☐ Пайда әкеледі;

☐ Пайда әкелмейді.

19) «Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) — Аллаһтың құлы және елшісі», деген куәліктің мағынасы: «Ол — оған құлшылық етуге болмайтын құл және оны өтірікте айыптауға болмайтын елші».

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

20) «Елші (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұйырған нәрседе оған бағыну; ол тыйым салған нәрседен тыйылу...», деген:

☐ «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасы;

☐ «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» куәлігі өзіне қамтитын нәрсе.

21) Кімде-кім Пайғамбарға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) құдайлық пен раббылық сипаттарын телісе, мұндай адам «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» екендігіне куәлік етпеген болып табылады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

22) Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ең жоғары сипаты, оның:

☐ Аллаһтың елшісі болуында;

☐ Аллаһтың құлы әрі елшісі болуында;

☐ Соңғы пайғамбар (пайғамбарлардың мөрі) болуында.

23) «Кімде-кім Исламға жаңалық енгізіп, оны жақсы деп санаса, сол Пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге елшілікті толық жеткізбеді деп санаған болады. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген: «Бүгін мен діндерінді толықтастырдым»

(«Әл-Мәида» сүресі, 3-аят). Сол (осы аят түскен) күні діннен болмаған нәрсе, бүгін де діннен болмайды» деген сөздерді кім айтқан?

☐ Шейхул-Ислам Ибн Тәймия;

☐ Имам Мәлик;

☐ Имам Ибн Баз.

24) Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қай пайғамбардың ұрпағынан?

- ☐ Исхақ Пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын);
- ☐ Исмаил Пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын).

25) Бос жерлерді толтыр:

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) _____ жылы, _____ қаласында туылған. Ол _____ жыл өмір сүрді, олардан _____ жылын пайғамбарлықтан бұрын, ал _____ жылын пайғамбар және елші ретінде өмір сүрді. Ол _____ сүресі түскеннен кейін пайғамбар болды, ал _____ сүресі түскеннен кейін елші болды.

26) Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) кімдерге жіберілді?

- ☐ Өзінің қауымына;
- ☐ Адамзатқа;
- ☐ Бүкіл адамдар мен жындарға.

27) Миғраж дегеніміз — Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинадан Иерусалимге саяхаты.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

28) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қай жерге қоныс аударды?

- ☐ Тоифке;
- ☐ Эфиопияға;
- ☐ Мәдинаға;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

29) Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қанша маңызды шайқастарға қатысқан?

- ☐ Бір;
- ☐ Екі;
- ☐ Үш;
- ☐ Төрт;
- ☐ Бес;
- ☐ Алты;
- ☐ Жеті.

30) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қанша баласы болған?

- ☐ Үш;
- ☐ Төрт;
- ☐ Жеті.

31) Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) «Қоштасу қажылығын» жасауы, оның бұдан бұрын қажылық жасағандығына нұсқайды.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

32) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаянын оқып үйрену:

☐ Міндетті;

☐ Мұстахаб;

☐ Рұқсат етілген амал.

33) Бос жерлерді толтыр:

Иман — _____ сөздері, _____ сенімі және _____ амалдары. Ол _____ арқылы артады және _____ себебімен азаяды.

34) Иманның қанша тірегі бар?

☐ Алты;

☐ Бес;

☐ Төрт.

35) Аллаһқа иман келтіру өзіне белгілі қосымша нәрселерге иман келтіруді біріктіреді, олар қанша?

☐ Төрт;

☐ Үш;

☐ Екі;

☐ Бір.

36) Аллаһтың бар екендігіне нұсқайтын жалпы дәлелдер қанша?

☐ Төрт;

☐ Оларды санау мүмкін емес.

37) Микаил — жаңбырға жауапты періште.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

38) Жүрек тек адамдарда ғана бар, ал періштелердің жүректері жоқ.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

39) Аттары бізге белгілі қанша қасиетті Кітаптар бар?

☐ Алты;

☐ Төрт;

☐ Жеті;

☐ Көп.

40) Аллаһ Тағала барлық пайғамбарларға Кітап түсірген.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

41) Адам ата (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһтың елшілерінің алғашқысы.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

42) Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) — Аллаһтың Елшісі, алайда пайғамбар емес.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

43) Қанша пайғамбар «Берік табандылық иелері (улул-ғазм)» болып табылады?

- ☐ Бес;
- ☐ Төрт;
- ☐ Үш;
- ☐ Ондай пайғамбарлар көп.

44) Қиямет күніне деген иман өзіне өлімнен кейін барлық нәрселерге, тіпті адамдардың қабірлерінен шығуына дейін иман келтіруді қамтиды.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

45) Тағдырға иман келтірудің бірнеше сатысы бар. Олар қанша?

- ☐ Үш;
- ☐ Төрт;
- ☐ Бес;
- ☐ Алты.

46) Аллаһ Тағала белгілі бір нәрсе жайлы, ол нәрсе орын алғаннан бұрын біледі ме?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ,

47) Аллаһ Тағала адамдар жасайтын барлық нәрселер жайлы біледі ме?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

48) Аллаһ Тағала адамдар жасап жатқан барлық нәрселерді жазып қойған ба?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

49) Адам ерік пен қалауға ие, сондықтан да қалаған нәрсесін жасауына ерікті.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

50) Аллаһтың құлдарының іс-амалдары жаратылған ба?

☐ Иә;

☐ Жоқ.

51) Таухид қанша түрге бөлінеді?

☐ Екі түрге;

☐ Үш түрге;

☐ Екі жауап та дұрыс және бұл бөлуде тартысудың қажеті жоқ.

52) Үлкен және кіші көпқұдайшылықтың арасындағы бес айырмашылықты есіңе түсіріп, жаз:

1) _____;

2) _____;

3) _____;

4) _____;

5) _____;

53) Үлкен және кіші көпқұдайшылыққа бес мысал келтір:

☐ Үлкен көпқұдайшылық:

☐ Кіші көпқұдайшылық:

54) Сенімдегі екіжүзділік (*нифақ*) — діннен шығармайтын кіші көпқұдайшылық.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

55) Ихсанның қанша тірегі бар?

☐ Бір;

☐ Екі.



АЛТЫНШЫ САБАҚ

НАМАЗДЫҢ ШАРТТАРЫ

Намаздың шарттары тоғыз:

- Исламды ұстану (мұсылман болу);
- Ақыл-есті болу;
- «Ажырату» («тамйиз») жасына жету;
- Ластанудан (дәретсіздіктен) тазалану;
- Нәжістен тазалану;
- Дененің көрінуге тыйым салынған әуретті жерлерін жабу;
- Намаздың уақытының кіруі;
- Жүзді (бетті) Қыблаға қарату;
- Ниет.

ТҮСІНДІРМЕ

Бірінші шарт: Исламды ұстану (мұсылман болу)

Бұның қарама-қайшысы — күпірлік болып табылады. Егер, мысалы, Аллаһты (немесе оның дінін) балағаттайтын (немесе мысқыл-мазақ) ететін, немесе әлдебір ғибадатын Аллаһтан басқаға арнайтын адам намаз оқыса, ол Аллаһтың алдында тәубе етпейінше, оның намазы жарамсыз болады.

Екінші шарт: Ақыл-есті болу

Бұның қарама-қайшысы — ақылдан азу, ал бұдан да жаман нәрсе — мастық.

Үшінші шарт: «Ажырату» («тамйиз») жасына жету

«Ажырату» (*тамйиз*) жасы — бұл балиғат жасы емес, алайда бұл баланың заттардың арасын ажырата бастайтын, өзіне қойылған сұрақты түсініп, оған жауап бере алатын жас. Көбінесе бала жеті жасқа толғанда мұндай дәрежеге жетеді.

Баланың намазы қашан жарамды болады?

Бала заттардың арасын ажырата алатын, өзіне қойылған сұрақты түсініп, оған жауап бере алатын, мысалы, су мен отты т. с. с. нәрселерді ажырата алатын кезде. Егер бала бұл жасқа жетпесе, оның намазы жарамсыз болады.

Төртінші шарт: Ластанудан (дәретсіздіктен) тазалану

Бұған екі нәрсе кіреді:

1) Үлкен ластану:

(Оған, мысалы, жыныстық қатынастан немесе шәуеттің шығуынан жүніп болу, діннен шығумен үлкен ластану т. б. жатады.) Ол үлкен тахарат (ғұсыл) алумен жойылады.

2) Кіші ластану:

(Бұған, мысалы, адамның үлкен немесе кіші әжетін өтейтін жолдарынан белгілі ластықтардың және желдің шығуымен орын алатын кіші ластану-дәретсіздік жатады). Бұл кіші тахарат (дәрет) алумен жойылады.

(Бұл екі ластанумен ластанған әрі ғұсылсыз немесе дәретсіз намаз оқыған адамның намазы жарамсыз болады).

Бесінші нәрсе: Нәжіс нәрселерді жою (алып тастау)

Адамның денесіндегі, киіміндегі және намаз оқитын орнындағы нәжіс нәрселер жойылуы (алып тасталуы) керек. Егер адамның денесінде әлдебір нәжіс нәрсе болса және ол бұл нәжіс жайлы біліп, оны тазалай алатын бола тұра, алайда тазаламай намаз оқыса, онда оның намазы жарамсыз болады. Нәжіс нәрселерді жоюдың (алып тастаудың) үш түрі бар:

1) Ауыр (муғолләза)

Бұл иттің нәжісінен тазалану. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ит ішкен ыдысты жеті рет жууды және бірінші жуу кезінде ыдысты топырақпен тазалауды бұйырған (Муслим).

2) Жеңіл (мухоффафа)

Бұл сығусыз және ысқылаусыз, жәй сулаумен ғана жойлатын ластықтар. Осылайша сүтпен ғана тамақтанатын әрі әдеттегі тамақты әлі жемейтін ұл нәрестенің зәрінен, (қозу кезінде шығатын) мәзиден, сондай-ақ ердің шәуетінен тазару қажет. Өйткені шәует өз негізінде таза, алайда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оның киімге тиген іздері ылғал болса, оған су себетін, ал ол кеуіп қалған болса, онда оны үйкеп, қырып кетіретін.

3) Орташа (мутауассыта)

Бұл лас нәрселерді сумен ысқылап жуып, оны сығу арқылы тазарту. Бұған ересек адамның зәрі және басқа да лас нәрселер кіреді.

Нәжіс нәрселердің түрлері:

Адамның зәрі, оның қиы, жеуге тыйым салынған жануарлардың зәрі мен қиы, еті.

Мысық, қашыр, есек тәрізді олардан аулақ болу қиынға соғатын жануарлардан басқа барлық жыртқыш аңдар.

Сою кезінде ағатын қан, екі жолдан (жыныс мүшесі мен артқы жақтан) шығатын қан.

Адамның мәйітінен және қаны ақпайтын жәндіктердің (шыбын, маса және басқа да жәндіктер), теңізде өмір сүретін жануарлардың өлекселері мен шегіртке өлексесінен басқа барлық өлекселер нәжіс болып табылады.

Алтыншы шарт: Дененің көруге тыйым салынған әуретті жерлерін жабу

Әуреттің үш түрі бар:

1) Жеңіл әурет (мухоффафа)

Бұл жеті мен он жастың арасындағы ұл баланың әуреті, бірақ ол жыныс мүшесі мен артқы жағын жабуы міндетті.

2) Ауыр әурет (муғолләза)

Бұл еркін (яғни күң емес), балиғат жасына жеткен әйелдің әуреті. Ол намаз уақытында жүзінен басқа барлық жерін жабуға міндетті, ал

оған жақын туысқан («махарим») болмаған бөгде ерлердің арасында жүзін де жабуы қажет.

3) Орташа әурет (мутауассыта)

Бұл аталған адамдардан басқа барлық адамдардың әуреті. Олар кіндіктен тізеге дейінгі жерлерін жабулары қажет. Бұған қоса, олар иықтарын жауып, әдемі киінгені жөн.

Жетінші шарт: Намаз уақытының кіруі

Өз уақытынан бұрын оқылған намаз жарамсыз болып табылады. Сондай-ақ намазды, оның уақыты өтіп кеткенге дейін кешіктіріп қалдыруға да болмайды. Бұл тек намазды белгілі себептермен (мысалы, сапарда) қосуға болатын жағдайда ғана рұқсат етілген. Намазды оның уақыты өтіп кеткенге дейін әдейі кейінге қалдыру күнә болып табылады.

Сегізінші шарт: Жүзді (бетті) Қыблаға қарату

Бұдан сапарда нәпіл намаздарды оқу тыс шығарылады, өйткені оларды көлік үстінде жүріп бара жатқан бағытқа қарап оқу рұқсат етілген. Бұндай жағдайға, сондай-ақ, бүгінгі таңдағы ұшақтағы намаз да кіреді. Бұл шарттан тыс шығарылатын тағы бір ерекше жағдайға адамның Қағбаға бетін бұруға мүмкіндігі жоқ немесе дұшпаннан қорқып, сақтанған жағдай да жатады. Ал қалған жағдайларда намаздың жарамды болуы үшін бетті Қыблаға қарату міндетті шарт болады.

Тоғызыншы шарт: Ниет

Ниеттің орны — жүректе және оны тілмен айту бидғат (дінге енгізілген дүнбұзар жаңалық) болып табылады. Егер ниет намазға тұрғанға дейін жасалып қойылған болса, немесе адам сол уақыттағы парыз намазды оқуды (яғни оның атауын нақтыламай-ақ) ниеттенсе, бұл оның ниетінің және намазының дұрыс болуына жеткілікті болады.

Маңызды ескертпелер

1) Бұл шарттарды орындамаған адамның білмегендікпен, ұмытшақтықпен ақталуы және оларды әдейі қалдыру да қабылданбайды. Бұ-

дан тыс шығарылатын бір-ақ жағдай — бұл адамның денесінде, немесе киімінде, немесе намаз оқыған орнында нәжістің болғанын белмеген, немесе ұмытып кеткен әрі сондай күйде намаз оқыған адамның намазы ғана, бұндай оқылған намаз жарамды болып табылады;

2) Шарттар ғибадатқа дейін орындалады және оның құрамынан тыс болады, алайда бұл шарттар ғибадаттың басынан аяғына дейін сақталуы қажет.

ЖЕТІНШІ САБАҚ

НАМАЗДЫҢ ТІРЕКТЕРІ (РҮКІНДЕРІ)

Намаздың рүкіндері он төрт:

- Қиямда тұру, егер түрегеп тұруға мүмкіндік болса;
- «Такбиратуль-ихрам» — намазды ашатын алғашқы тәкбір;
- «Әл-Фәтиха» сүресін оқу;
- Рукуғ;
- Рукуғтан бой түзеп тік тұру;
- Дененің жеті бөлігіне (сүйеніп) сәжде жасау (маңдай мен мұрын, екі қол, екі тізе және екі табан);
- Бірінші сәждеден кейін (отырып) кеудені түзеу;
- Екі сәжденің арасында отыру;
- Осы іс-әрекеттердің барлығын орындау кезінде тыныштық (байсалдылық) сақтау;
- Рүкіндердің реттілігін сақтау;
- Соңғы тәшаһһудты айту;
- Соңғы тәшаһһудта отыру;
- «Әс-соләту ғәлә-н-Нәбий» — Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) салауат айту;
- Екі жаққа сәлем беру.

ТҮСІНДІРМЕ

Бірінші тірек: Қиямда тұру, егер түрегеп тұруға мүмкіндік болса

1) Парыз намаздар:

Қиямда тұру — парыз намаздардың тіректерінің бірі болып табылады. Бұл тірек адам мүлде тұрып намаз оқи алмайтын жағдайда немесе қиямда тұру (ауру болуы себепті) оның намаздағы ықыласының жойылуына келтіретін кезде ғана адамның мойнынан түседі. Егер адам кішкене болса да, тұруға шамасы болса, ол бұны жасауы қажет.

2) Нәпіл намаздар:

Нәпіл намаздарды отырып оқуға рұқсат етілген, алайда оның сауабы намазды тұрып оқыған адамның сауабының жартысындай болады, сондай-ақ жатып намаз оқыған адамның сауабы да, отырып оқыған адамның сауабының жартысындай болады.

Екінші тірек: Тәкбир әл-ихрамды айту

Тәкбир әл-Ихрам — бұл «Аллаһу Әкбар» (Аллаһ ең Ұлы) деп айтылатын намазды ашушы сөздер. «Аллаһу Әкбар» сөздерінен басқа сөздерді айтуға рұқсат етілмейді.

Үшінші тірек: «әл-Фәтиха» сүресін оқу

«Әл-Фәтиха» сүресін әр намазда, дауыстап оқылатын ракағаттарда да, сыбырлап оқылатын ракағаттарда да оқу міндетті. Оның оқылуы толық болуы әрі бірде-бір аят қалдырылмай, әріптері, дыбыстары және сөздері дұрыс оқылуы қажет. «Әл-Фатиха» сүресін оқу міндеті тек бір ғана жағдайда, яғни намазға келген адам имамды рукуғта көріп үлгерген кезде ғана түсіріледі. Бұл жағдайда ол намазға қосылады және ол «әл-Фатиха» сүресін оқымаса да, оған ракағат есептеледі.

Тоғызыншы тірек: Осы іс-әрекеттердің барлығын орындау кезінде тыныштық сақтау

Бұл тыныштық әрбір тіректегі бекітілген зікірлерді айтуда және дене қимылдарын жасауда сақталуы керек. (Яғни намаздағы адам намаздың сөздерінде де, қимылдарында да асығыстық, аласабырлық танытпай, рукуғ пен сәжде жасағанда, екі сәжде арасында отырғанда, рукуғтан тұрғанда дене мүшелерінің тиісті кейіпке толық келтіріп ұстауы керек.)

Маңызды ескертпе!

Осы тіректер намаздың мәні болып табылады. Ғибадаттың әлдебір тірегін істемей қалдыру, бұл әдейі болса да, білместіктен немесе ұмытшақтықпен болса да, ғибадатты жарамсыз етеді. Сондай-ақ қалдырылған тіректі әс-сәһу сәждесімен өтеуге де болмайды. Әлдебір тірек-

ті қалдырған адам уақыты өтпеген намазды қайта өтеуі қажет. Ал уақыты өтіп кеткен және онда қандай-да бір тірек қалдырылған намаз жайлы айтсақ, онда адам бұған қатысты ақталған (яғни үзірлі) болады. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) намазды қате оқыған адамға, ол осыдан бұрын оқыған барлық намаздарды қайта өтеуді бұйырмады және әлгі адам намазды жылдам-асығыстықпен оқып, намаздың тірегі болған тыныштық-байсалдылық сақтау рүкінін қалдырса да, ол оған тек осы, яғни Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алдында оқыған намазды ғана өтеуді бұйырды. Әрі Аллаһ Тағала бұл жайлы жақсырақ біледі.



СЕГІЗІНШІ САБАҚ

НАМАЗДЫҢ МІНДЕТТІ (УӘЖІП) ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ

- Намазды ашатын ең бірінші тәкбірден басқа барлық тәкбірлер;
- (Рукуғтан бой түзеу барысында) «سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ» (Аллаһ оны мақтағанды естісін) сөздерін айту;
- (Рукуғтан кейін бойды түзеп, тік тұрған соң) «رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ» (Раббымыз, әрі Саған мақтау болсын) сөздерін айту;
- (Рукуғта тұрғанда) «سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ» (Менің Ұлы Раббым Пәк) сөздерін айту;
- (Сәждеде) «سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى» (Менің Аса Жоғары Раббым Пәк) сөздерін айту;
- Екі сәжденің арасында: «رَبِّ اغْفِرْ لِي» (Раббым, мені кешір), — деп айту;
- Бірінші тәшаһһудты айту;
- Бірінші тәшаһһудта отыру.

ТҮСІНДІРМЕ

(Рүкін мен уәжіптің айырмашылығы — рүкінді ұмытшақтықпен де, қасақана да қалдырған адамның намазы жарамсыз болады және ол сәһу сәждесімен өтелмейді, ал уәжібті ұмытшақтықпен қалдыру намазды бұзбайды, бірақ оны ұмытқан адам оны намаздың соңында сәһу сәждесін жасаумен өтейді. Уәжіп амалды қасақана қалдыруға келсек, бұл намазды жарамсыз етеді).

Маңызды ескерту

Рукуғ барысында «Субхана Робби әл-Ғазыйм» сөздерін тым болмаса бір рет айту міндетті, кейін басқа да зікірлерді айтуға болады. Тура сол секілді, сәжде барысында «Субхана Робби әл-Әғлә» сөздерін бір рет болса да айту міндетті, кейін басқа да зікірлерді айтуға болады.

ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ

ТӘШАҢҒУДТЫ ОРЫНДАУ ҮЛГІСІ

Тәшаһудты орындау үлгісі келесідей:

التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ * السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ * السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ
الصَّالِحِينَ * أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ * وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

/Сәлемдер, салауаттар және (барлық) игі сөздер Аллаһқа тән! Сәлем саған, уа Пайғамбар, және Аллаһтың рахметі мен берекесі болсын! Аллаһтың сәлемі бізге және Оның ізгі салиқалы құлдарына болсын! Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік беремін және Мухаммад — Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін/.

Кейін Пайғамбар үшін салауат оқылады:

اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ ۖ اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى
مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

/Уа Аллаһ! Сен Ибраһимге және оның отбасына игілік еткеніндей, Мухаммадқа және оның отбасына да игілік ет, шын мәнінде, Сен — Аса Мақтаулы, Даңқтысың! Уа Аллаһ! Сен Ибраһимге және оның отбасына береке бергеніндей Мухаммадқа және Мухаммадтың отбасына береке бер; шын мәнінде, Сен — Аса Мақтаулы, Даңқтысың!/.

Кейін тек соңғы тәшаһудта Аллаһқа Тозақтың азабынан, қабір азабынан, өмір мен өлімнің бүлігінен (фитнасынан) және әл-Мәсих әд-Дәжжәлдің бүлігінен (фитнасынан) пана сұрап жалбарыну керек. (Бұл дұғаның сөздері келесідей:)

اللَّهُمَّ إِنَّ أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ جَهَنَّمَ وَمِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ وَمِنْ فِتْنَةِ الْمَحْيَا وَالْمَمَاتِ وَمِنْ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَالِ

/Уа Аллаһ, мен Сағана Тозақ азабынан, қабір азабынан, өмір мен

өлім бүлігінен және Дәжжәлдің бүлгінен пана сұрап жалбарынамын/.

Бұл төрт нәрседен пана сұрау сөздерін айту міндетті емес, бірақ мустахаб.

Кейін ол өзі қалаған дұғаларымен, әсіресе, Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтқан дұғалармен жалбарынуы керек. Мысалы, мына (дұғалармен):

اللَّهُمَّ أَعِنِّي عَلَى ذِكْرِكَ وَشُكْرِكَ ، وَحُسْنِ عِبَادَتِكَ

/Уа Аллаһ, маған Өзіңді зікір етуге, Өзіңе шүкір етуге және Өзіңе көркем түрде ғибадат етуге көмектесе гөр! /

اللَّهُمَّ إِنِّي ظَلَمْتُ نَفْسِي ظُلْمًا كَثِيرًا وَلَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ ، فَاعْفُ لِي مَغْفِرَةً مِنْ عِنْدِكَ وَارْحَمْنِي ، إِنَّكَ أَنْتَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ

/Уа Аллаһ, ақиқатында, мен өзіме аса көп зұлымдық жасадым. Күнәларымды кешіретін Өзіңнен басқа ешкім жоқ! Өз жарылқауыңмен мені кешір әрі маған рахым ет. Расында, Сен — Аса Жарылқаушы, Ерекше Мейірімдісің! /

Ал зухр (бесін), аср (екінті), мағриб (ақшам), иша (құптан) намаздарындағы бірінші тәшаһһудқа келер болсақ, (оларда) намаз орындаушы «әт-тахийят» дұғасының соңындағы ، أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ ، وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ деп екі куәлікті айтқан соң үшінші рақағатты орындау үшін орнынан тұрады. Алайда егер ол үшінші рақағатқа тұрудан бұрын «әт-тахийят» дұғасынан кейін Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтса, бұл жақсырақ әрі сауаптырақ болады, өйткені осы мәселедегі хадистер мұның артықшылығына нұсқаған.

ОНЫНШЫ САБАҚ

НАМАЗДАҒЫ ҚҰПТАЛАТЫН (МУСТАХАБ) ІС-АМАЛДАР

Намаздың (міндетті емес, алайда) құпталатын (сауапты, мустахаб) құрамдас бөліктері келесідей:

- Намаздың басында Аллаһқа дұға етіп жалбарынатын сөздер (дұға әл-истиғтах);

- Рукуғқа дейінгі қиямда тұру кезінде және рукуғтан бой түзеп тік тұрғанда оң қолды сол қолдың үстіне қойып, оларды көкірекке (кеудеге) қою;

- (Тәкбірлерді айтқан кезде) саусақтарды бір-біріне біріктіріп ұстаған күйде екі қолды иық тұсына дейін немесе құлақ тұсына дейін көтеру. Мұны намазды ашатын бірінші тәкбірде, рукуғқа барғанда, рукуғтан бой түзегенде және бірінші тәшаһһудтан соң үшінші ракағатты орындау үшін тұрғанда істеу керек;

- Рукуғта «سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ» («Субхана Роббиял-Ғазыйм») және сәждеде «سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى» («Субхана Роббиял-Әғлә») сөздерін бір реттен көбірек айту;

- Рукуғтан кейін бой түзеп тұрғанда «رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ» («Роббана уә ләкәл хамд») сөздеріне қосымша дұғалар айту. Сондай-ақ екі сәженің арасында да «رَبِّ اغْفِرْ لِي» («Робби-ғфирли») сөздерін бір реттен көбірек айту;

- Рукуғ кезінде басты арқаның деңгейімен бірдей етіп ұстау;

- Сәжде жасау кезінде екі қолды бүйірден алшақ ұстау (яғни оларды денеге жабыстырып ұстамау), сондай-ақ қарынды сандардан, ал сандарды балтырлардан көтеріп ұстау;

- Сәжде жасау кезінде шынтақтарды жерден көтеріп ұстау;

- Намаз орындаушы бірінші тәшаһһудта және екі сәжде арасында сол аяғын астына бүгіп алып, оны жерге төсеген күйде үстіне отыратын, ал оның оң аяғының табаны жерге тігінен тұрып, башпайлары Қыбла тарапқа қарай бағытталатын күйдегі отырыспен отыру;

– «Тауаррук» үлгісімен отыру — намаз орындаушының намаздың үшінші немесе төртінші ракағатында соңғы тәшаһһуд сөздерін айту кезінде сол жақ санының жоғары бөлігінің үстінде отыратын және сонымен бірге сол аяғын оң аяғының балтырының астынан өткізіп, оң аяғының табанын тік ұстап отыратын отыру үлгісі;

– Бірінші және екінші тәшаһһудтарда намаз орындаушы адам отырған кезінен бастап тәшаһһудты айтып болғанға дейін, соның ішінде Аллаһқа дұға етіп жалбарынатын кезде де, оң қолдың сұқ саусағын қимылдатып отыру;

– Аллаһқа Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айту әрі оған және оның отбасына игілік пен береке тілеу, сондай-ақ Ибраһим мен оның отбасына да игілік пен береке тілеу;

– Соңғы тәшаһһудта сәлем беру сөздерін айтудан бұрын дұға ету;

– Фәжр (таң), жұма, (екі) айт, сондай-ақ жаңбыр сұрау намаздарын дауыстап оқу. Мағриб (ақшам) және иша (құптан) намаздарының алғашқы екі ракағаттарын дауыстап оқу;

– Зухр (бесін) және аср (екінті) намаздарын іштей (дауыс шығармай) оқу, сондай-ақ мағриб (ақшам) намазының үшінші ракағатын және иша (құптан) намазының соңғы екі ракағатын іштей оқу;

– «Әл-Фәтихә» сүресінен бөлек Құраннан тағы да аяттар немесе сүрелер оқу және де біз (жоғарыда) айтып кеткеннен басқа да қосымша құпталатын амалдарды істеу, мысалы, рукуғтан бой түзеп тік тұрған кезде «رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ» («Роббана уә ләкәл хамд») сөздеріне басқа дұғаларды қосымша ету. Бұл іс-амал әрбір намаз орындаушыға, әрбір имамға және имамға ұйып намаз оқушыға да, жалғыз өзі намаз оқушыға да қатысты сүннет болып табылады.

Сондай-ақ рукуғ жасау кезінде саусақтардың арасын ашық етіп ұстаған күйде екі қолдың алақандарын екі тізеге қою.

ТҮСІНДІРМЕ

Намаздың басында оқылатын дұға (дұға әл-истифтәх)

Бұл дұға намазды ашатын тәкбірден кейін бірден оқылады. Ол Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жеткен үлгілердің біріндей оқылады, мысалы:

اللَّهُمَّ بَاعِدْ بَيْنِي وَبَيْنَ خَطَايَايَ كَمَا بَاعَدْتَ بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ * اللَّهُمَّ تَقْنِي مِنْ خَطَايَايَ كَمَا يُنَقِّي الثَّوْبُ الْأَبْيَضُ مِنَ الدَّنَسِ * اللَّهُمَّ اغْسِلْنِي مِنْ خَطَايَايَ * بِالثَّلْجِ وَالْمَاءِ وَالْبَرَدِ

Аллаһуммә бәғид бәйни уә бәйнә хотоя-я кәмә бәғәдтә бәйнәл-мәшриқи уәл-мағриб. Аллаһуммә наққини мин хотоя-я кәмә юнаққо-с-сәубуль-әбияду минәд-дәнәс. Аллаһуммә-ғсилни мин хотоя-я бил-мә-и уә-с-сәлжи уәл-бәрад.

Мағынасы: «Уа Аллаһ! Мені мен күнәларымның арасын шығыс пен батыстың арасын алыстатқаныңдай алыстат. Уа Аллаһ! Мені күнәларымнан ақ киім кірден тазаратыңдай етіп тазарт. Уа Аллаһ! Менің күнәларымды сумен, қармен және бұршақпен жуып жібер».

Немесе Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері:

«سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ! وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ * وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ».

Субхәнәкә Аллаһуммә, уә бихәмдикә, уә тәбәрока-смукә уә тәғәлә жәддукә уә лә иләһә ғәйрук.

Мағынасы: «Сені пәктеп дәріптеймін, уа Аллаһ, және Саған мақтаулар болсын, Сенің Есімің құтты, Сенің Ұлылығың бәрінен ұлы және Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!»



ОН БІРІНШІ САБАҚ

НАМАЗДЫ БҰЗАТЫН ІС-АМАЛДАР

Намазды бұзатын амалдар саны сегіз:

1) Тыйым жайлы біліп, ұмытшақтықпен емес, әдейі сөйлеу. Ал намаз барысында ұмытшақтықпен немесе білімсіздікпен сөйлеп қойған адам жайлы айтар болсақ, бұл жағдайда намаз жарамсыз болмайды.

- 2) Күлкі;
- 3) Бірдеңе жеу;
- 4) Бірдеңе ішу;
- 5) Әуреттің ашылуы;
- 6) Қыбладан шектен тыс ауытқу;
- 7) Ұзаққа созылатын көп, керексіз қимылдар;
- 8) Дәреттің бұзылуы.

ТҮСІНДІРМЕ

Бірінші амал: Тыйым жайлы біліп, әдейі сөйлеу


Бұл жағдайдан тыс шығарылатын ерекшелік — имам қателескен кезде оны түзету.

Бесінші амал: Әуреттің ашылуы

Ер адамның денесі намазда екі иығынан тізесіне дейін жабық болуы тиіс.

Әйел кісінің намаздағы әуреті, екі алақаны мен жүзінен басқа барлық жері, жабық болу керек.

Намаздағы қимылдардың түрлері



Маңызды ескертпе!

Намаздың шартының, тірегінің, намаздың міндетті бөліктері мен ондағы мұстахаб амалдардың арасында қандай айырмашылық бар?

Шарт — намаздан тыс болады және ғибадаттың басынан аяғына дейін оны сақтап отыру міндетті.

Шарт бұзылғаны үшін намаздағы қателіктерді түзейтін (*әс-сәһу сужд*) жасау бекітілмеген.

Шарт пен тіректі (яғни рүкінді) қалдыруға, мейлі бұл әдейі, ұмытшақтықпен немесе білімсіздікпен жасалса да, үзір жасалмайды (яғни шарт пен тіректі орындамай қалдыру намазды бұзады).

Намаздың тірегін (рүкінін) қалдыру «әс-сәһу сәждесімен» өтелмейді.

Намаздың тірегі (рүкіні), оның міндетті және мұстахаб амалдары — ғибадаттың құрамдас бөліктері болып табылады, яғни оның ішінде (құрамында) болады.

Намаздың міндетті амалы (уәжіптері) білімсіздікпен немесе ұмытшақтықпен қалдырылса, үзір жасалады (яғни бұдан намаз бұзылмайды), алайда ол «әс-сәһу сәждесімен» өтеледі. Намаздың әлдебір міндетті (уәжіп) амалын әдейі қалдыруға болмайды, яғни оны әдейі қалдыру намазды жарамсыз етеді.

Намаздың мұстахаб амалын қалдыруға, бұл әдейі, ұмытшақтықпен немесе білімсіздікпен жасалса да, үзір жасалады.

Сужуд әс-сәһу (сәһу сәждесі)

Намазда жіберілген қателіктерді дұрыстау сәждесі (яғни сужуд әс-сәһу) үш себеппен жасалады:

1) Артық іс-қимылдар;

Мысалы, егер намаздағы адам артық ракағат немесе сәжде жасаса.

2) Намаздағы іс-амалдарды қалдырып кету;

Мысалы, егер адам намаздың міндетті бөліктерінің бірін өткізіп, басқасына өтіп кетсе. Мысалы, бірінші ташаһһудта отыруды ұмытып, үшінші ракағатқа тұрып кетсе.

3) Күмән;

Мысалы, егер намаздағы адам қанша ракағат оқығанын ұмытып, үш әлде төрт пе деп күмәнданса.

Бұл жағдайда күмәнның екі түрі болады:

I. Намаздан кейін пайда болған күмән. Мұндай күмәндарға, намазда күмәнсіз қате жіберілгендігіне айқын көз жетпегенше мән бермеу қажет.

II. Намаз барысындағы күмәндар. Мұндай күмәндар жиі болса, онда оларға назар аудармау қажет. Егер олар сирек болса, онда адам не нәрседе көбірек сенімдірек болса, сол нәрсені негіз етіп алады. Ал егер ол еш пікірге иілмесе, ол ең аз санға негізделеді.

Ескертпелер:

— Егер намаздағы адам «сәһу сәждесінде» қателік жіберсе, қосымша сәжделерді жасаудың қажеті жоқ, оның намазы жарамды болады.


— Егер адам намаздың бір тірегін орындамай қалдырып қойса, онда ол сол тіректі және одан кейін келетін барлық амалдарды жасамайынша, намазы қабыл болмайды. Кейін ол намаздың соңында сужуд әс-сәһу жасауы қажет.

— Егер адам міндетті (уәжіп) амалдардың бірін ұмытшақтықпен қалдырып кетіп, кейін келесі амалға өтсе, оған намаздың соңында сужуд әс-сәһу жасауы жеткілікті болады.

Намаздың қысқаша бейнелі сипаттамасы

— Бірінші кезекте адам өзінің үйінде дәрет алып, ең жақсы киімін киюі қажет.

— Кейін ол мешітке баруы қажет. Ол мешітке байсалды түрде, лайықты кейіпте баруы қажет. Яғни, асықпай, жүгірмей, артқа және жан-жаққа көп қарай бермей, дауысын көтермеуі керек.



— Мешітке жеткенде адам аяқ киімін шешіп, оны аяқ киімге арналған арнайы орынға қойып, аяқ киіміне қоса бүкіл дүниелік істерінде мешіттің сыртында қалдыруы керек. Мешіттің ішінде сауда-саттықпен айналысуға, сондай-ақ жоғалған затты дауыс шығарып іздеуге болмайды.

— Адам мешітке оң аяғымен кіріп: *«БисмиЛләһи, уә-с-соләту уә-с-сәләму ғалә расули-Лләһи. Аллаһуммә-фтәх ли әбуәбә рохмәтик»*¹, — деп айтады. Ал шыққан кезде: *«БисмиЛләһи, уә-с-соләту уә-с-сәләму ғалә расули-Лләһи. Аллаһумә инни әс-әлукә мин фадлик»*², — деп айтуы қажет.

— Ер адамдар бірінші сапқа, ал әйел адамдар соңғы сапқа ұмтылулары қажет.

— Егер намаз басталып кеткен болса, онда намазға кешіккен адам тәкбір («Аллаһу Әкбар» сөздерін) айтып, имам қай хәлде тұрса да намазға қосылуы әрі имам намазда не жасап жатқан болса, дәл сол амалды жасауы қажет. Егер адам намазға имам қай ракағатта болса да «әл-Фатиха» сүресін оқып тұрғанда немесе рукуғ жасап тұрған кезінде кірсе, оның сол ракағаты оқылған болып саналады. Имам намазды аяқтағаннан кейін, адам (намаздан шықпай) орнынан тұрып, үлгермеген ракағаттарын жалғастырып оқуы қажет.

¹ Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне салауаттар мен сәлем болсын. Уа Аллаһ, маған мейіріміңнің есіктерін аша гөр!»

² Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне салауаттар мен сәлем болсын. Уа Аллаһ, мен Өзіңнен кеңдігіңнен сұраймын!»


— Егер адам мешітке кірсе, ал намаз әлі басталмаған болса, онда ол парыз намазынан бұрын оқылатын қосымша бекітілген сүннет намаздарын оқиды. Егер мұндай намаз болмаса, онда адам отырмай жатып, мешітке сәлем беру намазын оқиды.

— Ол мешіттің қасиеттілігін сағатқа жиі қарау, имам намазды тезірек бастау үшін жөтеліп, белгі беру немесе кейіс білдіру сөздерін айту секілді амалдармен бұзбауы қажет.

— Имамның және намазды жалғыз оқыған адамның алдында бөгет (сутра) болуы қажет. Имамға ұйып намаз оқыған адамның сутрасы имамның сутрасы болып табылады.




— Намаз оқитын адам аяқтарын иықтарының деңгейіне қойып, оларды сыртқы жағынан түзейді.



{ Он бірінші сабақ }


— Адам намаздың барлық шарттарын орындап болғаннан кейін «Тәкбир әл-ихрам» сөздерін, яғни: «Аллаһу Әкбар», — деп айтып, осы орайда екі алақанын, саусақтарының арасын біріктірген күйде, Қыблаға қаратып, құлақ немесе иық деңгейіне дейін көтереді.



— Содан соң ол оң қолының алақанын, сол қолдың білегінің немесе білезігінің сыртқы жағының үстіне қояды. Немесе оң қолымен сол қолының білегін ұстайды.



— Намаздағы адам көзін сәжде жасалатын жерге қаратады және намаз барысында еш жаққа бұрылмайды.



— Тәкбір айтқан соң ол намаздың басында оқылатын дұғаларды (дуға әл-истифтах) айтуы жөн. Осы орайда адамның Сүннетте келген әртүрлі дұғаларды оқығаны жақсырақ.

— Бұдан кейін Аллаһқа шайтаннан пана-қорғау тілеп жүгініп: **«Әғуузу би-Лләһи минәш-шайто-ни-р-рожийм»**¹, — деп айтады.

— Кейін: **«БисмиЛләһи -р-Рохмә-ни-р-Рохийм»**, — деп айтады.

— Кейін ол «Әл-Фәтиха» сүресін толықтай, бірде-бір аятты қалдырмай, оларды тәртіп-ретімен, әр әріпті және әр сөзді дұрыс дыбыстап айтып оқиды.


— «Әл-Фәтихә» сүресінен кейін Құранның тағы бір сүресін «истиғазасыз» (**«Әғуузу би-Лләһи минәш-шәйто-ни-р-рожийм»** сөздерін айтпай) оқуы жөн. Егер ол сүрені басынан бастап оқыса: **«БисмиЛләһи-р-Рохмә-ни-р-Рохийм»**, — деп айтады.

— Кейін намаздағы адам екі қолын бірінші тәкбірде көтергендей үлгіде көтеріп: **«Аллаһу Әкбар»**, — деп айтып, рукуғ жасайды.

— Рукуғта адам қолдарымен тізелерін ұстайды әрі осы орайда қолдарын шынтағынан бүкпейді. Оның арқасына келер болсақ, ол баспен бір деңгейде болуы қажет.

— Ол **«Субхә-нә Робби-әл-Ғазыйм»** сөздерін бір рет болса да айтуы қажет, кейін ол Сүннетте жеткізілген басқа да дұғаларды қоса алады.

¹ Мағынасы: «Аллаһқа таспен ұрылған шайтанның кесірінен сиынамын».




— Кейін намаздағы адам рукуғтан көтерілгенде, толық бой түзеп тұрғанға дейін: «*Сәмиғаллаһу лимән хәмидәһ*», — деп айтып, екі алақанын Қыблаға қаратқан күйде иық немесе құлақ деңгейіне дейін көтереді.

— Кейін ол толық бой түзеп тұрғаннан кейін: «*Роббәнә уә ләкәл-хәмд*», — сөздерін айтады. Содан соң оған Сүннетте келген басқа да дұғаларды айту жөн.


— Бұдан кейін адам: «*Аллаһу Әкбар*», — деп айтып, қолын көтермей, денесінің жеті бөлігімен сәжде жасайды, олар: маңдай мен мұрын, қос алақан, екі тізе мен екі аяқ саусақтарының астыңғы жағы.

— Сәжде кезінде адам қолдарын бүйрілерінен, қарынын санынан алыстатып, шынтақтарын жерден көтереді.

— Адам сәждеде бір рет болса да: «*Субхәнә Робби-әл-Әғлә*», — сөздерін айтуға міндетті. Бұдан кейін ол Сүннетте келген, сондай-ақ қалаған дұғасын айта алады, алайда адамның Аллаһ Тағалаға Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келген дұғалармен жүгінуі жақсырақ.



— Кейін адам: «*Аллаһу Әкбар*», — деп айтып, сол аяғын бүгіп жерге төсеген күйде оның үстіне отырады, ал оң аяғының табанын тік қойып, саусақтарының ұштарын жерге тіреп, оларды Қыблаға қаратқан күйде шамалы бүгеді. Ол қолын санының үстіне (тізеге жақын) қояды. Осылайша үшінші және төртінші ракағаттардан басқа барлық ракағаттарда отыру қажет, ал үш немесе төрт ракағаттық намаздардың соңғы ташаһһудында ол «тәуәррук» үлгісінде, яғни сол аяқты оң аяқтың тобығының астына қойып отырғаны дұрыс. Осы отырысында ол ең азы: «*Робби-ғфирли*», — деп айтуы керек.




— Кейін ол: «*Аллаһу Әкбар*», — деп айтып, бірінші реттегі үлгідегідей екінші сәждесін жасайды.

— Кейін ол: «*Аллаһу Әкбар*», — деп, екінші ракағатқа тұрады. Адам екінші ракағатты да бірінші ракағатты оқығандай етіп оқиды, алайда онда «тәкбир әл-ихрам» мен «дуға әл-истифтах» айтпайды.

— Әрі екінші ракағатта ол екінші сәждеден кейін «ташаһһуд» жасау үшін отырады.

— Ташаһһудта ол оң қолының сұқ саусағын Қыблаға қаратып, ташаһһудта айтылатын дұғаларымен Аллаһқа жалбарынып, оны қозғалтады, ал ортаңғы және бас бармағын шеңбер тәрізді етіп, қалған саусақтарын жұдырыққа біріктіріп ұстайды.



— Осы отырыста ол міндетті түрде ташаһһуд сөздерін айтуы керек.


— Егер намаз екі ракағаттан тұрса, намаздағы адам міндетті түрде Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтады.

— Кейін адам Аллаһ Тағаладан төрт бүліктен қорғаныш сұрайды, олар: Тозақ азабы, қабір азабы, өмір мен өлімнің бүлігі және Дәжжалдың бүлігі (*Аллаһумма инни ағу-зу бикә мин ғәзә-би Жәһәннәм, уә мин ғәзә-бил-қобр, уә мин фитнәтил-мәхия уә әл-мәмәти, уә мин шәрри фитнәтил-мәсихи-дәжжәл*)¹.

— Бұдан кейін адам Аллаһ Тағалаға қалаған дұға сөздерімен жалбарына алады, алайда Сүннетте келген сөздерді айту жақсырақ. Мысалы, мына сөздер: «Уа Аллаһ! Маған Өзіңді зікір етуге, Өзіңе шүкір етуге және Өзіңе жақсы құлшылық етуіме көмектесе гөр» (*Аллаһумма, әғинни ғәлә зикрикә, уә шукрикә, уә хусни ғибә-дәтик*).

¹ Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне салауаттар мен сәлем болсын. Уа Аллаһ, маған мейірімнің есіктерін аша гөр!»

— Кейін ол оң және сол жағына сәлем береді. Сәлем берген кезде адам иықтарын көтермей, басын көтермей және түсірмей, екі жаққа қол созбай, тек қалыпты үлгіде басын ғана бұрады.



— Егер намаз үш немесе төрт ракағаттан тұрса, намаз оқыған адам бірінші ташаһһудты оқып болған соң үшінші ракағатты орындау үшін орнынан тұрудан бұрын Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтқаны жөн.

— Сосын ол тәкбір айтып, үшінші ракағатты оқуға тұрады. Егер намаз үш ракағаттан тұрса, онда ол үшінші ракағатты оқып болған соң ташаһһудқа отырады. Намаз төрт ракағаттан тұрса, ол үшінші ракағаттағы сәжделерді орындап болған соң төртінші ракағатқа тұрып кетеді де, төртінші ракағаттың сәжделерінен кейін ғана соңғы ташаһһудты оқу үшін отырады.

— Ташаһһудты оқып болғаннан кейін адам Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтып, содан соң Аллаһтан төрт бүліктен қорғаныш сұрап: *«Аллаһуммә инни ағу-зу бикә мин ғәзә-би Жәһәннәм, уә мин ғәзә-бил-қобр, уә мин фитнәтил-мәхия уә әл-мәмәти, уә мин шәрри фитнәти-л-мәсихи-дәжжәл»*, — деп айтады. Бұдан кейін адам Аллаһ Тағалаға қалаған дұға сөздерімен жалбарына алады, алайда Сүннетте келген сөздерді айту жақсырақ. Мысалы, мына сөздер: *«Аллаһуммә, әғинни ғәлә зикрикә, уә шукрикә,*

уә хусни ғибә-дәтик» («Уа Аллаһ! Маған Өзіңді зікір етуге, Өзіңе шүкір етуге және Өзіңе жақсы құлшылық етуіме көмектесе гөр).

— Егер оқылған намаз парыз намазы болса, намаздан кейін айтылуы бекітілген сөздерді айту абзал.

— Ол: *«ӘстағфируЛлаһ»*, — деп үш рет қайталап, кейін: *«Аллаһуммә, Әнтә-с-Сәләәму уә мин-кә-с-сәләәм, тәбәәроктә, я Зәл-Жәләәли уә-л-икроом»*, — деп айтады.

— Кейін ол 33 рет: *«СубхәнәлЛаһ»*, *«Әлхәмду ли-Лләһ»* және *«Аллаһу Әкбар»* сөздерін айтады, бұл 99 зікір болады, кейін ол 100-ші ретте: *«Лә иләһә иллә Ллаһу уәхдәһу лә шәрийкә ләһ, ләһул-мулку, уә ләһул-хәмду, уә һуә ғәлә кулли шәй-и қодийр»*, — деп айтады.

— Кейін оған «аят әл-Курси» мен «әл-Ихләс», «әл-Фәләқ» және «ән-Нәс» сүрелерін оқу мұстахаб.

Маңызды ескертпелер

— Жоғарыда айтылғандай, намаздың жарамды болуының шарттарының бірі — көрсетуге болмайтын дене бөліктерінің (әуреттің) жабық болуы, сондықтан да намаздағы адам олардың намаз уақытында ашылып қалуынан сақтануы қажет. Өйткені бұл оның намазының жарамсыз болып қалуының себебі болуы мүмкін.



— Егер адам намазды имамның дәл жанында оқыса, онда ол имамның оң жағына тұрып, өкшесін имамның өкшелерінің деңгейіне қойып, имамнан ілгері де, кейін де шықпайды. Дәл сол секілді адам жамағат намаздарында да адамдармен сапта осы үлгіде тұрады.



НАМАЗДАР ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША

Жұма намазы

Үкімі: парыз;

Уақыты: зухр (бесін) намазының уақыты;

Ракағаттар саны: екі;

Сипаты: жұма намазы үш және одан да көп адамнан тұратын жамағатта дауыстап оқылады.

Кусуф (Күн тұтылу) намазы

Үкімі: ұжымдық парыз (фард кифая);

Уақыты: күн тұтылу кезінде;

Ракағаттар саны: екі;

Сипаты: кусуф намазы дауысталып оқылады және әр ракағатта екі рукуғ жасалады.

Үтір намазы

Үкімі: өте құпталатын сүннет амалы (сунна муаккада);

Уақыты: оның уақыты құптан намазының кейін кіріп, таң намазына дейін жалғасады.

Ракағаттар саны: 1-ден 11 ракағатқа дейін;

Сипаты: бір ракағат.

Үш ракағат оқылғанда тәшаһһуд бір рет, үшінші ракағатта оқылады. Сондай-ақ екі ракағат оқып, намазды сәлеммен аяқтап, кейін тағы бір ракағат оқуға болады.

Бес ракағат оқылғанда ташаһһуд бір рет, яғни бесінші ракағатта оқылады.

Жеті ракағат оқылғанда ташаһһуд бір рет, жетінші ракағатта оқылады.

Тоғыз ракағат оқылғанда ташаһһуд сегізінші ракағатта оқылады, алайда намаз аяқталмай, тоғызыншы ракағат оқылады. Тоғызыншы ракағаттан ташаһһуд оқылып, сәлем беріледі.

Сондай-ақ екі рақағаттық намаздар оқылып, онда тәшаһһуд пен сәлем айтылады. Кейін бір тақ рақағат оқылады.

Таң (фәжр) намазының сүннеті

Үкімі: өте құпталатын сүннет амалы (сунна муаккада);
Уақыты: таң намазынан бұрын;
Рақағаттар саны: екі;
Сипаты: бірінші рақағатта: «әл-Кәфирун» сүресін, ал екінші рақағатта «әл-Ихләс» сүресін оқу мұстахаб.

Бесін (зухр) намазының сүннеті

Үкімі: мұстахаб амал;
Уақыты: бесін намазынан бұрын 4 рақағат, бесін намазынан кейін 2 рақағат;
Рақағаттар саны: 4/2;
Сипаты: бесін намазынан бұрын төрт рақағат, яғни екі рақағаттан тұратын екі намаз оқылады және олардың арасында сәлем беріледі.

Ақшам (мағриб) намазының сүннеті

Үкімі: мұстахаб амал;
Уақыты: ақшам намазынан кейін;
Рақағаттар саны: екі;
Сипаты: бірінші рақағатта «әл-Кәфирун» сүресін, ал екінші рақағатта «әл-Ихләс» сүресін оқу жөн.

Құптан (иша) намазының сүннеті

Үкімі: мұстахаб амал;
Уақыты: құптан намазынан кейін;
Рақағаттар саны: екі.

Тарауих намазы

Үкімі: мұстахаб амал;
Уақыты: тарауих намазының уақыты құптан намазынан кейін кіріп, таң намазына дейін жалғасады.
Рақағаттар саны: 2–10.

Мешітпен сәлемдесу намазы

Үкімі: өте құпталатын амал (сунна муаккада);
Уақыты: мешітке кірген кезде, отырудан бұрын оқылады.
Рақағаттар саны: екі.

Дұха намазы

Үкімі: мұстахаб амал;
Уақыты: дұха намазының уақыты күн көкжиектен найзаның биіктігіне дейін көтерілгенде басталып, күн тастөбеге жетуіне кішкене қалғанға дейін жалғасады.
Рақағаттар саны: 2–8.

Истихара намазы

Үкімі: мұстахаб амал;
Уақыты: истихара намазын кез-келген уақытта оқуға болады;
Рақағаттар саны: екі;
Сипаты: «әл-Истихара» дұғасын сәлем беруден бұрын айту қажет.

Истисқа (жаңбырды сұрау) намазы

Үкімі: мұқтаждық кезінде мұстахаб;
Уақыты: намаз уақыты күн көкжиектен найзаның қашықтығына дейін көтерілгенде кіреді;
Рақағаттар саны: екі;

Сипаты: бірінші ракағатта намазға кіру тәкбірімен қоса жеті рет тәкбір айту қажет. Екінші ракағатта келесі ракағатта өткенде айтылатын тәкбірмен (тәкбир әл-интиқоль) қоса бес тәкбір айтылады.

Екі айт намазы

Үкімі: парыз;

Уақыты: намаз уақыты күн көкжиектен найзаның биіктігіне дейін көтерілгенде кіреді;

Ракағаттар саны: екі ракағат және екі құтпа;

Сипаты: бірінші ракағатта намазға кіру тәкбірімен қоса жеті рет тәкбір айту қажет. Екінші ракағатта келесі ракағатта өткенде айтылатын тәкбірден (тәкбир әл-интиқоль) кейін бес тәкбір айтылады.

Белгіленбеген (әлдебір себепке байланысты емес) нәпіл намаздарды оқуға тыйым салынған уақыттар

- 1) Таң намазынан күн көкжиектен найзаның биіктігіне көтерілгенге дейін;
- 2) Аср намазынан ақшам намазына дейін;
- 3) Күн тастөбеде болғаннан бастап, батысқа қарай түскенге дейін.



ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

- 1) Намаздың қанша шарты бар?
 - ☐ Сегіз;
 - ☐ Он бір;
 - ☐ Тоғыз.
- 2) Намаздың «ислам» деген шартын атау қате болып табылады, өйткені намазды мұсылмандар ғана оқиды.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 3) Тамйиз — балиғат жасына жету жасы.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 4) Ластық-нәжісті келесі нәрселерден кетіру қажет: денеден, киімнен және намаз оқылатын жерден.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 5) Шошқаның нәжісінің деңгейі қандай?
 - ☐ Ауыр;
 - ☐ Орташа.
- 6) Ердің шәуеті нәжіс болып табылады, өйткені ол шыққаннан кейін ғұсыл алу міндетті.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 7) Сулау мен жуудың арасында айырмашылық жоқ.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 8) Кез-келген өлексе нәжіс болып табылады.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 9) Иттің нәжісін топырақтың орнына заманауи химиялық заттармен тазартуға болады.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.

10) Одардан сақтану қиын болған жануарлар — адамдардың арасында көп араласып өмір сүретін жануарлар. Осылайша, бір адамдар үшін мысық таза, ал басқалар үшін лас болып саналады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

11) Мал сойылған соң оның тамырларында қалған қан:

☐ Таза;

☐ Нәжіс.

12) Намаздың қанша тірегі бар?

☐ Он төрт;

☐ Тоғыз;

☐ Сегіз.

13) «Такбиратул-ихрам» — бұл намазда қолды көтеру.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

14) Егер адам ұмытшақтығымен намаздың бір тірегін орындамаса, ол екі сәһу сәждесін жасауы қажет.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

15) Намаздағы міндетті амалдар қанша?

☐ Он төрт;

☐ Тоғыз;

☐ Сегіз.

16) Егер адам сәждеде «Субхәнә Робби әл-Әғлә» сөздерін ең аз дегенде бір рет айту міндетті екендігін біле тұра, оны айтпай, басқа зікірлерді айтса, оның намазы жарамсыз болады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

17) Намаз оқыған адам қиямда оң алақанын сол алақанының сыртына, сондай-ақ білек пен шынтаққа қояды.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

18) Құран түнгі уақытта оқылатын намаздардың алғашқы екі ракағатында және екі айт намазы секілді адамдар жиналып оқуы міндетті болған намаздарда дауыстап оқылады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

19) Намазды жарамсыз қылатын амалдардың саны қанша?

- ☐ Он төрт;
- ☐ Тоғыз;
- ☐ Сегіз.

20) Намаз оқып жатқан адам «тауаррук» хәліне қай кезде отырады.

- ☐ Бірінші ташаһһудта;
- ☐ Екінші ташаһһудта;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.

21) «Роббәнә уә ләкәл-хәмд» сөздерінен кейін «уә-ш-шукр» (және алғыс) деген сөздерді айту:

- ☐ Рұқсат етілген;
- ☐ Тыйым салынған;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.

22) Сәжде барысында шынтақтарды жерге қою:

- ☐ Тыйым салынған;
- ☐ Рұқсат етілген;
- ☐ Сөгіске лайық амал.

23) Сужуд әс-сәһу қанша себеппен жасалады?

- ☐ Екі;
- ☐ Үш;
- ☐ Төрт.

24) Намаздан кейін пайда болатын күмәндар қанша көп болса да, олар еш нәрсеге ықпал етпейді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

25) Таң намазының сүннеті басқа сүннеттерден келесі нәрселермен ерекшеленеді: қадір-қасиетімен, жеңілдігімен (қысқа болуымен), кейбір ерекше сүрелерді оқумен, сапарда да тасталмай оқылуымен және адам үйде болса, оны оқып болғаннан соң кішкене жатуымен.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

26) Келесі жағдайлардағы шариғи үкімді түсіндір:

- 1) Дінді қорлап келеке ететін адамның намазы —
- 2) Мас адамның намазы —
- 3) Альцгеймер ауруымен ауыратын адамның намазы —
- 4) Кішкентай баланың намазы —
- 5) Адам дәрет алуды ұмытып, намазды дәретсіз оқуы —
- 6) Адамның намазды оның киімінде нәжіс бар екендігін ұмытып оқуы —

- 7) Сиырдың зәрі —
- 8) Қарғаның зәрі —
- 9) Намазды ашық санмен оқу —
- 10) Адамның ұмытшақтығымен намазды уақыты кіргеннен бұрын оқуы —
- 11) Ұшақта намаз оқу —
- 12) Адам белгілі уақыттағы парыз намазды оқуға ниеттеніп, оның қай намаз екендігін белгілемеді —
- 13) Адамның намазды отырып оқуы —
- 14) «Әл-Фатиха» сүресін оқуды ұмыту —
- 15) Адамның имамды рукуғ хәлінде көруі —
- 16) Намазда асығу —
- 17) Намаздан кейін туындайтын көп күмәндар —
- 18) Адам дәреті бар екендігіне намаз уақытында күмәндануы —
- 19) Адамның ұмытшақтығымен артық рукуғ жасауы —
- 20) «Такбиратул-ихрамды» (намазды ашатын тәкбірді) айтпау —
- 21) Бірінші ташаһһудты орындамау —
- 22) Соңғы ташаһһудты орындамау —
- 23) Адам үш әлде төрт ракағат оқығанында күмәндануы —
- 24) Адам намазын оқып болғаннан кейін күмәнданды —
- 25) Намаз барысындағы күмәндар —
- 26) Сужуд әс-сәһу барысында қателік жіберу —
- 27) Намазда ұмытшақтықпен сөйлеу —
- 28) Адамның намазды ашық әуретпен оқуы, алайда бұл жайлы тек намаздан кейін ғана білуі —
- 29) Мешітке шығудан бұрын дәретті үйде алу —
- 30) Мешітте сауда-саттық әрекеттерін жасау —
- 31) Мешітте ақша айырбастау —
- 32) Имамды соңғы «ташаһһудта» көру —
- 33) Намаздағы бөгет (*супра*) —
- 34) Намазда кішігірім бұрылу —
- 35) Намазда қатты бұрылу —
- 36) Намазды асығып, тауық жем шоқығандай оқу —
- 37) Ташаһһудта Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айту —
- 38) Намазда сөйлеу —
- 39) Намазда қимылдау —
- 40) Жұма намазы —
- 41) Үтір намазы —

{ Он бірінші сабақ }

42) Мешітпен сәлемдесу намазы —

27) Шарттың, тіректің, сондай-ақ намаздағы міндетті және мұстахаб істердің арасында қандай айырмашылық бар?



ОН ЕКІНШІ САБАҚ

КІШІ ТАХАРАТТЫҢ ШАРТТАРЫ

- 1) Ислам;
- 2) Ақыл-есті болу;
- 3) Ажырату (тамйиз) жасына жету;
- 4) Ниет;
- 5) Тахарат алу барысында ниетті сақтау. Яғни, тахарат алушы адам оны толық бітірмейінше тоқтатуға ниеттенбеуі қажет;
- 6) Тахаратты қайта алуға міндеттейтін нәрселерді тоқтату;
- 7) Тахарат алудан бұрын нәжістен тазалану (астын жуу немесе сүртуі);
- 8) Судың таза және жарамды болуы;
- 9) Судың теріге тиюіне бөгет болатын барлық нәрселерді алып тастау;
- 10) Әрдайым тахаратсыз халде болған адам үшін намаз уақытының кіруі.

КЕЙБІР ШАРТТАРДЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ

«Тахарат алу барысында ниетті сақтау. Яғни, тахарат алушы адам оны толық бітірмейінше тоқтатуға ниеттенбеу қажет» — бұл тахарат алу ниеті оның басынан аяғына дейін сақталуын білдіреді. Яғни, мысалы, адам тахаратты алып жатып, тахаратты кейін аламын деп шешіп, кейін ниетін өзгертіп қайтадан дәрет аламын деп ниеттенсе, ол тахаратты алуды жаңадан бастайды.

«Тахаратты қайта алуға міндеттейтін нәрселерді тоқтату» — яғни адам түйе етін жеп жатқан кезде, немесе кіші әжетін өтеп жатқанда тахарат алмау керек. Тахарат алып жатқанда жел шығаратын адам да тахаратын жаңадан бастайды. Яғни бірінші кезекте тахаратты бұзатын амалды тоқтатып, кейін оны алу қажет.

«Тахарат алудан бұрын денедегі нәжісті кетіру, мысалы кіші немесе үлкен әжетті өтеп болған соң астыны жуу немесе сүртіну» — бұдан тыс жағдайлар: тахараттың жел шығу, ұйқы немесе түйе етін жеу себебінен алынуы.

«Судың тазалығы мен жарамдылығы» — тахарат алынатын су лас және тартып алынған (ұрланған) болмауы қажет.

«Судың теріге тиюіне бөгет болатын барлық нәрселерді алып тастау» — мысалы, қамыр немесе тырнаққа жағылатын лак секілді нәрселерді алып тастау, өйткені олар дәрет алу барысында жуу керек жерлерге судың тиюіне бөгет болады.



ОН ҮШІНШІ САБАҚ

ТАХАРАТТЫҢ МІНДЕТТІ БӨЛІКТЕРІ

Тахараттың міндетті амалдары алтау:

- 1) Бетті жуу, бұған ауыз бен мұрынды шаю кіреді;
- 2) Қолдарды шынтақты қоса жуу;
- 3) Басты толығымен сүртіп, құлақты тазалау;
- 4) Аяқты тобықпен қоса жуу;
- 5) Тәртіпті садақ;
- 6) Үздіксіздік.

Бетті, қолдарды және аяқты үш рет, сондай-ақ ауызды және мұрынды да үш рет шаю қажет. Мұндағы міндетті минимум — мұның бәрін бір рет жасау. Басты сүрту жайлы айтсақ, оны бір реттен көп сүруге болмайды, бұған сенімді хадистер нұсқайды.

ҮЗДІКСІЗДІК

Үздіксіздік — дене мүшелерін жууды, одан бұрын жуылған мүше құрғап қалғанға дейін қалдырмауда көрініс табады.

ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ

ТАХАРАТТЫ БҰЗАТЫН ІС-АМАЛДАР

Тахаратты жарамсыз қылатын амалдар алтау:

1. Жыныстық мүшеден немесе артқы жақтан шығатын бөліністер;
2. Денеден жаман нәрселердің шығуы;
3. Адамның есін жоғалтуы, бұған ұйқы және сол секілді нәрселер кіреді;
4. Жыныстық мүшеге немесе артқы тесікке (киімнің сыртынан емес) бөгетсіз қол тигізу;
5. Түйе етін жеу;
6. Діннен безу.

Маңызды ескерту: Қайтыс болған адамды жууға қатысты ең дұрыс пікір — бұл әрекет дәретті бұзбайды, бұл дәлелдің жоқ болуының себебінен көптеген білім иелерінің пікірі. Алайда қайтыс болған адамды жуып жатқан адамның қолы қайтыс болған адамның жыныстық мүшесіне тиіп кетсе, оның дәреті бұзылады. Бірақ адамға оның жыныстық мүшесіне бөгетсіз қол тигізуге болмайды.

Сол секілді, дұрыс пікір бойынша, әйелге қол тигізу тахаратты, бұл шахуатпен болса да, шахуатсыз болса да адамның тахаратын бұзбайды, алайда мұндағы шарт — адамнан ешқандай бөлініс шықпауы қажет. Бұған дәлел, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) әйелдерінің бірін сүйіп, кейін тахарат алмай, намаз оқығаны.

Аллаһ Тағаланың: «Ал егер сендер әйелдеріңе тисеңдер» деген сөздеріне келсек, мұнда ғұламалардың дұрыс пікірі бойынша жыныстық қатынас жайлы айтылған. Бұл Ибн Аббастың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын), сондай-ақ бір топ сәләфтар мен кейінгі ғұламалардың пікірі.

ТҮСІНДІРМЕ

«Жыныстық мүшеден немесе артқы жақтан шығатын бөліністер» — бұған барлық нәрсе: зәр, үлкен нәжіс, жел, шәует, мәзи (шахуат кезінде шығатын жылбысқы бөлініс), уәди (зәр шыққаннан кейін шығатын сұйықтық), тастар, қан, еттектірі және босанғаннан кейін шығатын қан кіреді.

«Денеден лас-нәжіс нәрселердің шығуы» — бұл тек, зәр немесе үлкен нәжістен болған ластық болса ғана.

«Адамның есін жоғалтуы, бұған ұйқы және сол секілді нәрселер кіреді» — ұйқының өзі дәретті бұзбайды, алайда ол желдің шығуының мүмкіндігі үлкен болатын жағдай. Егер адам терең ұйқыға түспей, одан жел шықпағанын сезінсе, мұндай ұйқы дәретті бұзбайды.

«Жыныстық мүшеге немесе артқы тесікке (киімнің сыртынан емес) бөгетсіз қол тигізу» — шейх әл-Ислам Ибн әт-Тәймия, жыныстық мүшеге қол тигізу дәретті бұзбайтын, алайда тахарат алуды мұстахаб қылатын амалдардан деген пікірді дұрыс деп санаған.

Тахарат алудың қысқаша суреттелген сипаты


— Адам тахарат алу үшін ниеттенгеннен кейін Аллаһтың атын атап: «*Бисми-Лләһ*», — деп айтады;

— Кейін үш рет қолдарын білекке дейін жуады;

— Кейін оң алақанына су құйып, оның бір бөлігін аузына алып, шайып, суды түкіреді; судың қалған бөлігін мұрнына алып, кейін оны сіңбіріп тастап, мұрнын оң қолының сұқ саусағымен және бас бармағымен ұстайды. Адам мұны үш рет қайталайды;

— Кейін адам үш рет бетін жуады. Беттің шекарасы — шаш өсетін жерден иекке дейін, ал ені бойынша бір құлақтан екінші құлаққа дейін.

— Кейін қолдарын (саусақтарынан білегіне дейін) шынтағына дейін жуып, оң қолынан бастап, сол қолына өтуі қажет.





— Кейін ол екі сулы алақанымен басынан желкесіне дейін, кейін желкесінен маңдайына дейін өткізіп, масих жасайды.

— Кейін екі сұқ саусағын құлағына кіргізіп, тазалайды.

— Кейін аяғын тобықтарымен бірге үш рет жуады.

— Тахарат алып болғаннан кейін адамға келесі дұғаны айту жөн: *«Әшһәду әллә иләһә иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһ, уә әшһәду әннә Мухәммәдән ғабдуһу, уә расулуһ»*, имам әт-Тирмизи, сондай-ақ келесі сөздерді келтіреді: *«Аллаһуммә-жғәлни мин әт-тәууәбинә уә-жғәлни мин әл-мутәтоххирийн»*¹.

¹ Мағынасы: «Уа Аллаһ, мені тәубе тешілерден және тазаланушылардан ете гөр».

Шариғаттың тахарат алуда шектен шығуға қатысты үкімі

Адам тахарат алу барысында оның шегінен шығатын өздігінен шығарылған іс-амалдарды қосуына тыйым салынған, мысалы, егер адам дене бөліктерін үш реттен көп жуса, немесе қолдарын шынтақтан немесе аяғын тобықтан жоғары жуса, немесе мойнын сүртсе.



ИСЛАМНЫҢ ТІРЕКТЕРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ НӘРСЕЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

БІРІНШІСІ: ТАЗАРУ

Таяммум (топырақпен тазару)


Егер адамда дене бөліктерін жуу үшін қолданатын су болмаса, немесе суды қолдану ол үшін қауіпті болса, онда сумен тазарудың орнын таяммум жасау басады.

Таяммум жасау тәртібі

Адам таяммум жасауға ниеттеніп, кейін: «*Бисми-Лләһ*», — деп, екі қолын жерге бір рет ұрып, бетін және қолдың сыртқы жағын сүртуі қажет.



Жерді ұрған кезде саусақтардың арасын ашу, қолдың сыртқы жағын сүрткенде олардың арасын да сүрту шариғатта бекітілмеген.



Ғұсыл (денені толық жуу)

Ғұсылдағы міндетті амалдар

Ғұсыл алып, тазаруға ниеттену қажет. Кейін: «*Бисми-Лләһ*», — деп айтып, бүкіл денені, сонымен қатар жұқа және қалың шаштың астындағы теріні жуып, ауыз бен мұрынды шаю қажет.

Ғұсылдағы мұстахаб амалдар

Жыныс мүшелері мен артқы жақты жуу, кейін қолды жуып, намаздан бұрын алынатын тахарат амалдарын жасау, кейін шашты сулап, басты жуу қажет. Кейін дененің оң жағын, содан соң сол жағын және соңында аяқты жуу керек.

Ғұсыл алуды міндетті қылатын іс-амалдар:

- 1) Жыныстық қатынас немесе басқа себеппен орын алатын жыныстық ластану, бұған сондай-ақ шәуеттің шығуынсыз болған жыныстық қатынас да жатады;
- 2) Етеккер немесе босанғаннан кейін қан шығудың басталуы;
- 3) Шәһидтен (шайқас алаңында қаза тапқан адамнан) басқа адамның қайтыс болуы;
- 4) Кәпір адамның Исламды қабылдауы.

Хуффтарға (мәсі, шұлыққа) масих тарту

Мәсі, шұлыққа масих тартудың шарттары

- 1) Хуффтар немесе шұлықтардың ластықтардан таза болуы;

2) Оларды сумен тазаланудан кейін кию қажет (ал бұл өз кезегінде аяқты жууды қамтуы қажет);

3) Ол үлкен ластанудан кейін емес, кіші ластанудан кейін тартылуы қажет;

4) Хуфф немесе шұлық дәрет алған кезде жуылатын аяқ бөлігінің басым бөлігін жауып тұруы қажет.

5) Масих белгілі уақыт ішінде: тұрғылықты жерінде болған адам үшін бір тәулік (24 сағат) және сапардағы адам үшін үш тәулік (72 сағат) арасында болуы қажет. Кері санақ бірінші масих жасалған сәттен бастап жүргізілуі қажет.

Мәсі, шұлыққа масих тартудың әдісі

Ылғал алақандармен аяқтың үстіңгі жағын, саусақтардан жіліншіктерге дейін сүрту қажет. Екі аяқты екі құлақты сүрткендей бір уақытта, оң қолмен оң аяқты, сол қолмен сол аяқты сүрту қажет. Сүннет масих тартудың осы әдісіне нұсқайды.

Масих тартуға қатысты кейбір мәселелер:

1) Масихтың бекітілген уақыты бітсе немесе шұлықтар шешілсе, дәрет бұзылмайды;

2) Тесіктері бар шұлықтарға, сондай-ақ жұқа материалдан тігілген себепті астынан тері көрінетін шұлықтарға масих тартуға болады.

Фитралық сүннеттер

Фитралық (адамның оларды жасауы табиғи болып табылатын амалдар) сүннеттердің кейбір көріністері:

1. Сүндеттеу — ол ерлер үшін міндетті, әйелдер үшін мұқтаждық болса, құпталатын амал болып табылады.

2–5. Мұртты қысқарту, тырнақты алу, қолтық жүнін жұлу мен шат жүнін қыру. Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге қырық күнде кем дегенде бір рет мұртты қысқартуды, тырнақ алуды, қолтық жүнін жұруды және шат жүнін қыруды бұйырды» (Муслим).

6. Сақал өсіру — міндетті болып табылады, ал оны қыру — үлкен күнәға жатады.

7. Мисуак (сиуак) қолдану. Сиуак дегеніміз — Арак немесе сол секілді тал тамырының тіс тазалау үшін қолданылатын кесіндісі. Оны

қолдану сүннет. Ал сиуакты намаздың, дәреттің алдында, үйге кірген кезде, Құран оқығанда, ұйқыдан тұрғанда және ауыз иісі өзгергенде қолдану қаттырақ құпталады.

Әжет өтеудің әдебі

Әжет өтелген кезде келесі амалдарды жасау мұстахаб:

— Әжетханаға сол аяқпен кіріп, мына дұғаны айту қажет: *«БисмиЛләһ. Аллаһуммә инни ағузу бикә мин әл-хубси уә әл-хобә-ис»*¹;

— Әжетханадан шыққанда: *«Ғуфранә-кә»* («(Уа Аллаһ,) кешіре гөр»), — деп айту қажет;

— Әжетін өтегісі келген адам міндетті түрде қабырғаның артына тұрып немесе басқа да жолмен адамдардың көзінен жасырылуы қажет. Егер ол ашық кеңістікте болса, онда бұл жағдайда ол басқалардан алыс жерге баруы керек.

Әжетін өтейтін адамға келесі істерді жасауға тыйым салынған:

— Әжетті адамдар өтетін жолдарда, жұрт көп жиналатын жерде, жеміс ағаштарының астында, тұрып тұрған судың үстіне және адамдарға қолайсыздық тудыратын кез-келген жерде өтеуге болмайды;

— Қағбаға жүзбен немесе артпен тұруға болмайды;

— Жыныс мүшелерін ол қолмен ұстауға болмайды;

— Аллаһ Тағаланың есімін атауға болмайды.

Әжетті өтегеннен кейін астын жуу немесе сүртіну қажет.

Сүртірудің үш шарты бар:

1) Үш немесе одан көп рет сүртіну қажет.

2) Толық тазарғанға дейін сүртіну қажет. Егер сүртілгеннен кейін қағаз таза (құрғақ) болса, бұл тазарудың толық болғанын білдіреді;

3) Лас нәрселермен және тамақ секілді жақсы нәрселермен сүртінуге болмайды. Сондай-ақ сүйектермен және құрғап қалған тезекпен сүртінуге болмайды.

Ер адамдардың киімі мен денесі зәр тиюден, сондай-ақ бөтен көздерден қауіпсіздікте болса, оларға әжетті тұрып өтеулеріне болады. «Ал-

¹ Мағынасы: «Уа Аллаһ, мен Саған ер және әйел шайтандардың кесірінен пана сұрап сиынамын».

лаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қоқыс орнына барып, әжетін тұрып өтеді» (әл-Бухари және Муслим).



ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

1. Тахараттың қанша шарты бар?

- ☐ Сегіз;
- ☐ Он;
- ☐ Тоғыз.

2. Тахараттың міндетті амалдары:

- ☐ Дененің төрт бөлігін жуу;
- ☐ Дененің төрт бөлігін жуу және жуу барысында реттілікті сақтау.

3. Тахаратты бұзатын амалдар қанша?

- ☐ Сегіз;
- ☐ Алты;
- ☐ Бес.

4. Төменде келтірілген қай нәрсе тахаратты бұзады?

- ☐ Қарақұйрықтың еті;
- ☐ Түйенің еті;
- ☐ Ұйқыға қалғу;
- ☐ Жел шығару;
- ☐ Іштен шығатын дыбыстар;
- ☐ Қайтыс болған адамды жуу;
- ☐ Әйел адамға қол тигізу.

5. Таяммум жасаудың тәртібін келтір:

6. Ғұсыл жасаудың тәртібін келтір:

7. Келесі жағдайлардағы шариғи үкімді түсіндір:

- 1) Ниетті тілмен айту —
- 2) Бір намазды оқу үшін тахарат алып, одан көп намаз оқу —
- 3) Құран оқу үшін тахарат алып, кейін намаз оқу —
- 4) Тахарат алып жатқан кезде ниетті тоқтату —
- 5) Тахарат алып болғаннан кейін ниетті тоқтату —
- 6) Жіліншікте қамырдың бөлігі бола тұра тахарат алу —

- 7) Тахарат алып жатып, түйенің етін жеу —
- 8) Ұрланған сумен тахарат жасау —
- 9) Астын сүртуден немесе жуудан бұрын тахарат алу —
- 10) Тахарат алып жатқан уақытта құлақты сүрту үшін қолды арнайы сулау —
- 11) Басты үш рет сүрту —
- 12) Тахарат алып жатқанда дене бөліктерін бір реттен жуу —
- 13) Дене бөліктерін үш реттен жуу —
- 14) Тахарат алып жатқанда алақандарды жуу —
- 15) Сақалды суланған саусақтармен тарау —
- 16) Тахарат алу барысында басты сулы қолдармен сүрту —
- 17) Жуу керек болған жерлерді сүрту —
- 18) Басты жуу —
- 19) Қолды жумай жатып су құйылған ыдысқа батыру —
- 20) Тахарат алған кезде дененің оң жақ бөліктерін бірінші жуу —
- 21) Дене бөліктерін үш реттен көп жуу —
- 22) Тахарат алу кезінде жіліншіктерді жуу —
- 23) Жүзуді дәреттің орнына есептеп намаз оқу —
- 24) Ғұсыл алып болғаннан кейін тахарат алмай намаз оқу —



ЕКІНШІСІ: ЗЕКЕТ

Зекет (тазартатын міндетті зекет) екі түрлі болады:

1) Мал-мүліктен берілетін зекет:

Зекет Исламның үшінші тірегі болып табылады. Ол нисабқа (зекет міндетті болатын ең аз мөлшердегі мал-мүлікке) ие болған әрбір еркін (құл емес) мұсылман үшін парыз. Мал-мүліктен берілетін зекет, ол алынғаннан кейін ай күнтізбесі бойынша бір жыл өткен соң ғана парыз болады, алайда жерден өсіп шығатын өнімге немесе өз негізіне ілесетін мал-мүлікке, мысалы, нисабтың өсуіне, саудадан түсетін пайдаға қатысты бұл (мерзім) шарт болып табылмайды, олардың зекет есептелетін мерзімі өз негіздеріндегі мал мүліктің мерзіміне қайтады.

Мал-мүліктен берілетін зекет төрт түрге беріледі:

- 1.1. Саудаға арналған тауарлар: бұған адам сауда-саттыққа дайындаған барлық нәрсе жатады.
- 1.2. Жерден өсіп шығатын өнім: дәнді дақылдар мен жемістер.
- 1.3. Өрістегі мал: бұған жылдың көп бөлігін немесе жыл бойы ешкімге тиесілі болмаған жайылымда еркін жайылып бағылған түйе, ірі және ұсақ мал жатады;
- 1.4. Бағалы заттар: алтын, күміс және олардың орнын басатын ақша бірлігі. Алтынның нисабы — 85 гр., ал күмістің нисабы — 595 гр.

2) Адам басынан берілетін зекет:

Бұл жерде Рамазан айының соңында берілетін пітір садақасы жайлы айтылған.

Бұл мұсылман болған әрбір сәбиге және ересекке, ер және әйелге, құлға және еркін адамға парыз етілген зекет.

Зекет берілетін адамдардың санаттары

— **Пақыр адамдар (фуқара).** Бұл түгі жоқ немесе адамның өмір сүруіне керекті ақшаның аз ғана бөлігі болған адамдар.

— **Кедейлер (мәсәкин).** Бұл адамның өмір сүруіне қажетті ең аз соманың көп бөлігіне немесе жартысына ие адамдар. Мысалы, адам-

ның өмір сүруіне қажетті бір жылдық ақша 12000 болса, пақыр адам деп 6000-нан кем ақшаға ие, ал кедей деп 6000 немесе одан көп, алайда 12000-нан аз ақшасы бар адам аталады.

— **Зекетті жинайтын, сақтайтын және бөлетін адамдар.** Оларды мұсылман елбасшысы тағайындайды және олардың пақырлардан болулары шарт емес, керісінше — олар бай болса да, зекетті жинауға құқықты.

— **Жүректерін Исламға иілдіру қажет болған адамдар.** Бұл оларды Исламды қабылдауларына үміт бар болған адамдар. Бұл санатқа, сондай-ақ, зекет беру арқылы олардың зұлымдықтарын азайту немесе олардың иманын нығайту қажет болған адамдар да жатады.

— **Құлдарды босату:**

А) Мукатаб-мұсылманға көмек (бұл қожайынымен өз-өзін сатып алу келісімін жасасқан құл);

Ә) Мұсылман құлдарды босату;

Б) Тұтқындалған мұсылмандарды босату.

Бұған қожайынының зекет беру қарызын өтеу үшін өзінің құлын босатқан жағдай жатпайды, мұндай амал тыйым салынған.

— **Борышкерлер:**

А) Жанжалдасқан тараптарды татуластыру үшін қарыз алған адам;

Ә) Өзі үшін қарыз алған адам.

Адам зекетті төлеу ниетімен өзіне борышкер (қарыздар) болған басқа кісінің қарызын кешуіне болмайды.

— **Аллаһтың жолында ақша жарату.** Бұған шайқастарға дайындық жатады.

— **Жол-сапарда ұсталып қалғандар.** Бұл өз қоныстарынан алыс болған жерлерде қаражатсыз қалған адамдар. Оларға зекет өз қоныстарына жетулері үшін беріледі.

Ескертпелер:

Зекетті жоғарыда аталған санаттарға жататын адамдардың біреуіне ғана берумен шектелуге болады.

Зекетті бай адамға немесе ақша табуға шама-қуаты жететін адамға беруге болмайды. Сондай-ақ зекет Мухаммад Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) отбасына жататын әулетіне берілмейді. Оларға Хашим тайпасы мен олардың азат етілген құлдары жатады. Зекет кәпірлерге берілмейді. Сондай-ақ, егер адам зекетті өзі оларды асырауы міндетті болған адамдарға берсе, бұл зекет жарамсыз болады.

Ал ерікті түрде берілетін садақа жайлы айтсақ, оларды аталған адамдардың барлығына беруге болады, алайда садақа қаншалықты пайдалы болса, соншалықты кемелдеу болады.

Әртүрлі мал-мүліктен берілетін зекеттің мөлшері

1) Өрістегі мал

Оның нисаб мөлшеріндегі бас санының бір жыл бойы сақталуы шарт болып табылады.

Өрістегі малдан берілетін зекет

Ұсақ мал:

Егер адам 40–120 ұсақ малға ие болса, бұдан бір қой беріледі;

Егер адам 121–200 ұсақ малға ие болса, бұдан екі қой беріледі;

Егер адам 201–300 ұсақ малға ие болса, бұдан үш қой беріледі;

Кейін әр жүз малдан, бір қой беріледі. Зекет ешкілермен, кәрі малмен, айқын кемшіліктері бар малмен, ең нашар және ең жақсы малмен, жүдеу, буаз малмен, тамақ ретінде жеу үшін бағылған малмен берілмейді.

Нарлар мен түйелер:

Егер адам 5–9 түйеге ие болса, бұдан бір қой беріледі;

Егер адам 10–14 түйеге ие болса, бұдан екі қой беріледі;

Егер адам 15–19 түйеге ие болса, бұдан үш қой беріледі;

Егер адам 20–24 түйеге ие болса, бұдан төрт қой беріледі;

Егер адам 25–35 түйеге ие болса, бұдан бір жасар інген беріледі;

Егер адам 36–45 түйеге ие болса, бұдан екі жасар інген беріледі;

Егер адам 46–60 түйеге ие болса, бұдан үш жасар інген беріледі;

Егер адам 61–75 түйеге ие болса, бұдан төрт жасар інген беріледі;

Егер адам 76–90 түйеге ие болса, бұдан екі жасар інгеннен екеу беріледі;

Егер адам 91–120 түйеге ие болса, бұдан үш жасар інгеннен екеу беріледі;

Егер адам 121–129 түйеге ие болса, бұдан екі жасар інгеннен үшеу беріледі.

Кейін әрбір 40 түйеден бір екі жасар, ал 50-ден бір үш жасар інген беріледі. Қалдық тоғыздан аспауы қажет.

Ірі мал:

Егер адам 30–39 ірі малға ие болса, бұдан бір жасар сиыр беріледі;

Егер адам 40–59 ірі малға ие болса, бұдан екі жасар сиыр беріледі;
Егер адам 60–69 ірі малға ие болса, бұдан бір жасар сиырдан екеу беріледі.

Кейін әр 30 малдан бір жасар, ал әр 40 малдан екі жасар сиыр беріледі.

2) Жерден өндірілетін дақылдар мен жемістер

Оның бір жыл бойы сақталуы шарт емес. Нисабы — 300 сағ (бір сағ — жақсы бидай дәнінің 2.4 келісіне тең). Егін табиғи жолмен суарылса, онда зекет ретінде алынған өнімнің оннан бір бөлігі беріледі. Ал егер егін жасанды жолмен суарылса, онда алынған өнімнің жиырмадан бір бөлігі беріледі. Егер екі жол да қолданылса, қырықтан үш бөлік (7.5%) беріледі.

3) Бағалы заттар

Олардың нисабы бір жыл бойы сақталуы шарт болып табылады. Алтынның нисабы — 85 г., күмістің нисабы — 595 г.. Бұл мал-мүліктен зекет ретінде 1/40 бөлік беріледі.

4) Сауда-саттық үшін дайындалған тауарлар

Олардың бір жыл бойы сақталуы шарт болып табылады. Олар пақырларға байланысты алтынның немесе күмістің бағасымен есептеледі. Бұл мал-мүліктен зекет ретінде 1/40 бөлік беріледі.



ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

1) Мұсылман адамның мал-мүлкінен зекет төленуге тиісті нисаб мөлшері қай күнтізбе бойынша бір жыл сақталса одан зекет төлеу парыз болады?

- ☐ Ай (хиджа) күнтізбесі бойынша;
- ☐ Күн (грегориан) күнтізбесі бойынша;
- ☐ Бұл маңызды емес.

2) Адамның зекет төлеуі үшін оның иелігіндегі нисабтың мөлшері бір жыл бойы сақталуы қажет деген шарт қандай мал-мүлікке қатысты емес?

- ☐ Тауып алған мүлік;
- ☐ Жерден өсетін дақылдар мен жемістер.

3) Алтынның нисабы:

- ☐ 85 гр;
- ☐ 595 гр;
- ☐ 95 гр.

4) Күмістің нисабы:

- ☐ 200 дирхам;
- ☐ 595 гр;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.

5) Олардан зекет төлеу парыз болатын малға: түйе, сиыр-бұқа және ұсақ мал жатады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

6) Зекет жемістерден берілмейді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

7) Жайылып бағылатын малға не жатады?

- ☐ Бағасы өсетін мал;
- ☐ Жылдың көп бөлігінде немесе бір жыл бойы өрісте еркін жайылып жүретін мал.

8) Шариғи мәтіндерде кедейлер (*масакин*) аталғанда олармен бірге пақырлар (*фуқара*) да меңзеледі.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

9) Пақырларға берілетін зекеттің мөлшері — оларға қай мерзім бойы өмір сүруіне жеткілікті болуы қажет?

☐ Бір жыл;

☐ Бір ай.

10) Зекетті жинайтын адам дегенде кім меңзеледі?

☐ Осымен айналысатын әрбір адам;

☐ Осы қызметке әмірші тағайындаған адам.

11) Келесі заттардан төленуге тиіс зекеттің мөлшерін анықта:

Мал-мүлік:	Зекет мөлшері:	Қалдық:
100 дирхам		
200 динар		
400 дирхам		
80 грамм алтын		
500 грамм күміс		
30 қой		
60 қой		
100 дирхам		
200 динар		
400 дирхам		
80 грамм алтын		
500 грамм күміс		
30 қой		
60 қой		
565 қой		
4 інген		
17 інген		
449 інген		
30 сиыр		
49 сиыр		
77 сиыр		
99 сиыр		
20 млн. доллар		
40 доллар		
45.679 доллар		
255 сағ бидай		

12) «Жүректерін исламға жұмсарту мүмкін» болған адамдарға олардың Исламды қабылдауына үміт жоқ болған кәпірлер де кіреді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

13) Егер адам өз құлын босатса, ол үшін зекет төлеуі қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

14) Кедей адам бай адамға белгілі бір сомма қарыз. Кейін бай адам бұл ол үшін зекет болады деген ниетпен кедей адамның қарызын кешірді. Мұндай зекет жарамды болады ма?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

15) «Аллаһтың жолына» деген санатқа кез-келген жақсылыққа, мысалы, мешіт соғуға ақша жұмсау жатады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

16) Бағалы заттардан берілетін зекет мөлшерін анықтау үшін оны қырыққа бөлу қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

17) Зекетті өрісте еркін жайылған малдан беру парыз және жұмыс үшін қолданылатын немесе иесі оны бағуға күш-қуат салған малдан беру мұстахаб.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

18) Жасанды түрде суарылған дақылдар мен жемістерден 20-дан бір бөлік төленеді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

19) Зекет төлеу міндетті болған мал-мүліктің астын сызып көрсет:

- ☐ Тауықтар;
- ☐ Азық-түлік дүкені;
- ☐ Құрма өндіретін ферма;
- ☐ 85 грамм алтын;
- ☐ Еркін жайылған түйелер;
- ☐ Жем беріп, бағуға күш жұмсалған қойлар.

20) Ақшадан берілетін зекеттің мөлшері:

- ☐ 2.5 %;
- ☐ 5 %.

- 21)** 80 грамм алтыннан берілетін зекет мөлшері:
- ☐ Екі грамм;
 - ☐ Төрт грамм;
 - ☐ Мұндай мөлшердегі алтыннан зекет берілмейді.
- 22)** Тұрмыс үшін қолданылатын үйлерден зекет төленеді.
- ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 23)** Кез-келген сапардағы адам зекет алуға құқылы.
- ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.



ҮШІНШІСІ: ОРАЗА

Ораза (сыям) араб тілінде тыйылу (*умсак*) деген мағынаны білдіреді. Оразаның шариғи мағынасы — таңсәріден күн батқанға дейін жеп-ішуден және оразаны бұзатын басқа да амалдардан тыйылу арқылу Аллаһ Тағалаға құлшылық ету.

Оразаның тіректері

1) Ниет ету, ол екі түрге бөлінеді:

1.1. Парыз оразаны ұстауға ниет ету. Бұл жағдайда адам ораза ұстауға түннен бастап, яғни таңсәріден бұрын ниет етуі қажет. Рамазан айында ораза ұстауға айдың басында ниет ету жеткілікті. Ниеттің орны — жүрек, ал оны тілмен айту бидғат болып табылады.

1.2. Нәпіл ораза ұстауға ниет ету. Мұндай жағдайда адам оразаны бұзатын амал жасағанға дейін күннің кез-келген уақытында ниет ете алады. Алайда ораза үшін сауап адам ниет еткен сәттен есептеле бастайды.

2) Оразаны бұзатын кез-келген нәрседен тыйылу.

Оразаның түрлері

1) Міндетті ораза. Бұған Рамазан айындағы ораза, өтем немесе нәзір оразасы жатады.

2) Нәпіл ораза.

Адамға ораза ұстау парыз болатын шарттар

1) Исламды ұстану;

2) Ақыл-есті болу;

3) Шариғат тұрғысынан балиғат жасына жету. Ал есі кірген (тамйиз жасына жеткен) балаға келсек, онда оның асыраушысы оны ораза ұстауға ынталандырады.

4) Адамның өзінің тұрғылықты мекенінде болуы. Яғни сапардағы адамға ораза ұстау міндетті емес. Алайда ораза ұстау ол үшін қиын болмаса, онда оның ораза ұстауы жақсырақ. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дәл осылай жасаған. Сондай-ақ, бұл адамның өз мойнындағы міндеттіліктен тезірек құтылу жағынан да жақсырақ әрі адам үшін көпшілікпен бірге құлшылық ету жеңіл және осылайша ол осы айдың артықшылықтарына қол жеткізе алады.

5) Денсаулық;

6) Әйелдер үшін етеккірден және босанудан кейінгі қансыраудан таза болуы.

**Ораза кезіндегі науқастану жағдайы
екі түрге бөлінеді**

1) Жазылмайтын науқастық

Бұған ораза ұстай алмайтын қарт адам да кіреді. Мұндай адамға ораза ұстамауға болады, алайда ол оразаның әр күні үшін бір кедейді немесе саны Рамазан айының күндеріне сәйкес келейтіндей кедейлерді жинап, бір рет тамақтандыруы қажет. Ол сондай-ақ әр кедей адамға 0.25 сағ көлеміндегі тамақ таратса да болады (бұл сапасы жақсы бидайдың 510 граммына тең). Әрі тамақтың құрамында еттің болуы жақсырақ.

2) Жазылатын, алайда ораза ұстауды қиын ететін науқастық

Бұған сондай-ақ етеккірі келген, босанғаннан кейінгі қаны тоқтамаған, емізетін әйелдер және сапардағы адамдар да жатады. Мұндай адам емделгеннен кейін өткізіп алған күндерін басқа кезде өтеп, ораза ұстайды. Ал науқасынан жазылып кетуінен бұрын қайтыс болса, онда оның мойнынан ораза ұстау міндеті түседі.

Рамазан айының басталуы қалай бекітіледі?

Рамазан айының басталуы жаңа айдың шығуымен немесе шағбан айының отызыншы күнінің бітуімен бекітіледі.

Оразаны бұзатын амалдар

1) Әдейі тамақ жеу немесе сусын ішу. Ал кім бұны ұмытшақтықпен жасаса, оның оразасы жарамды бола береді.

2) Ораза ұстау міндетті болған күндізгі уақытта жыныстық қатынас жасау. Мұндай жағдайда адам ауыр өтем жасауға міндеттеледі. Ол құлды азат етуі қажет, егер оның мұндай мүмкіндігі жоқ болса, онда ол екі ай бойы арасын үзбей ораза ұстайды. Егер ол мұны да жасай алмаса, онда 60 кедейді тамақтандырады.

3) Сүйісудің, құшақтасудың немесе қол тигізіп айналасының және сол секілді басқа да себептермен шәуеттің шығуы (алайда еріксіз поллюция оразаны бұзбайды).

4) Тамақтың немесе судың орнын басатын нәрселерді қабылдау, мысалы нәрлендіретін екпе салу, ал егер олар нәрлендірмесе, онда оларды салуға болады.

5) Хижама жасау арқылы қан шығару. Ал мысылы, анализ тапсыру үшін азғантай мөлшерде қан шығару жайлы айтсақ, бұл жағдайда ораза бұзылмайды.

6) Әдейі құсу;

7) Етеккірдің немесе босанудың басталуы.

**Ораза ұстайтын адамға келесі амалдарды
жасауға болады (мубах)**

1) Түкірікті жұту;

2) Қажеттілік кезінде тамақтың дәмін тексеру (алайда оны еш жағдайда жұтуға болмайды);

3) Шомылу;

4) Мисуак қолдану;

5) Әтір қолдану;

6) Салқындау үшін ауызды шаю.

**Ораза уақытындағы сауапты қосымша
(мұстахаб) амалдар**

1) Сухур (таңсәріден бұрын тамақ ішу);

2) Сухурды таңсәріге қарай жақын жылжыту;

3) Ауызды ашуға асығу (ауызды күн батқан бойда бірден ашу);

4) Ауызды тақ санды жаңа піскен құрмалармен, егер олар болмаса, құрғақ құрмалармен, ал егер ол да болмаса, онда сумен ашу. Егер ауыз-

{ Қосымша. Ораза }

ды ашуға болатын ешнәрсе табылмаса, онда жүрекпен оразаны тоқтауға ниет ету жеткілікті болады.

- 5) Ауыз ашқан кезде және ораза уақытында көп дұға ету;
- 6) Жиі садақа беру;
- 7) Түнгі намаздарды оқуға тырысу;
- 8) Құран оқу;
- 9) Умра жасау;
- 10) Сенімен ұрысып жатқан адамға: «Расында, мен оразамын», — деп айту;
- 11) Қадір түнін табуға тырысу;
- 12) Рамазан айының соңғы он күндері мен түндерін мешітте құлшылық үшін оңашаланумен (иғтикаф жасаумен) өткізу.

Ораза уақытында құпталмайтын (мәкруһ) амалдар

- 1) Ауызды және мұрынды терең шаю;
- 2) Тамақтың дәмін қажетсіз тексеру.

Ораза уақытында келесі амалдарды жасауға тыйым салынған (харам)

- 1) Қақырықты жұту (алайда бұл оразаны бұзбайды);
- 2) Сүйісу. Бұл сүйісу себебінен оразасы бұзылуы мүмкін болған адамдар үшін тыйым салынған.
- 3) Өтірікпен амал ету (бұған кез келген тыйым салынған амалдарды жасау кіреді);
- 4) Надандық іс әрекеттер мен сөздер (ақымақтық пен дөрекілік);
- 5) Уисоль (оразаны екі күн бойы ауызды ашпай ұстау).

Нәпіл (мұстахаб) ораза

- 1) Рамазан айының оразасын толық ұстаған адам үшін шәууәл айының алты күн оразасы. Бұл оразаны шәууәлдің екінші күнінен бастап арасын үзбей ұстау абзалырақ.
- 2) Қажылықтағы адамдардан басқалар үшін Арафа күнгі ораза.

3) Ашура (Мухаррам айының оныншы күні) және оған қоса тоғызыншы әрі он бірінші күндерінде ораза ұстау.

4) Дүйсенбі және бейсенбі күндеріндегі ораза. Дүйсенбі күнгі ораза абзалырақ болып табылады.

5) Әр айда үш күн ораза ұстау. Бұл «ақ (яғни ай толатын) күндер» болса жақсырақ, олар хижра күнтізбесі бойынша әр айдың 13, 14, 15 күндері.

6) Күнәра ораза ұстау.

7) Аллаһтың айы — әл-Мухаррамдағы ораза.

8) Зул-хижжә айының алғашқы тоғыз күніндегі ораза.

9) Шағбан айындағы ораза, алайда бүкіл ай бойы ораза ұстамау керек.

Құпталмайтын (мәкруһ) ораза

Жұма, сенбі және жексенбі күндерін жекелеп, ерекшелеп, оларды ораза ұстау үшін арнау құпталмайды. Алайда осы күндерден болған әлдебір күнде Арафа секілді белгілі себептерге байланысты ораза ұстауға болады.

Тыйым салынған (харам) ораза

1) Рәжәб айын ораза ұстаумен ерекшелеп, таңдау;

2) Рамазан айының басталуы немесе аяқталуына байланысты күмәнді күндегі ораза. Алайда нәпіл ораза ұстаған адамға мұның оқасы жоқ;

3) Екі айт күнінде ораза ұстау;

4) Әт-ташрик (құрбан айтынан кейінгі үш күн) күндеріндегі ораза, алайда адам құрбан шала алмаса, онда бұл рұқсат етілген;

5) Жыл бойы үзбей ораза ұстау.

Оразаның өтемі

Оразаны өтеу кезінде оны үздіксіз ұстау абзал болып табылады, бұған қоса, оразаны өтеуге айт күнінен кейін бірден кірісу қажет. Сондай-ақ, оразаны өтеуді келесі Рамазан айына дейін қалдыруға болмай-

ды. Егер адам оны келесі Рамазан айына дейін қалдырса, оған тек жіберіп алған күндерін ғана өтеу қажет, алайда оразаны өтеуді кейінге қалдыруымен ол күнә жасайды.

Пітір садақасы (Зәкәт әл-фитр)

Зәкәт әл-фитр Рамазан айының соңғы күнінің батуын мұсылман болған күйінде көріп үлгерген және өз қажеттілігінен әрі айт күнінде және түнінде өзіне және өз қарамағындағыларына жеткілікті болатын азық-түліктен бір сағ көлемінде артық қалдығы бар болған әрбір адамға парыз.

Пітір садақасының мақсаты (даналығы):

- 1) Ораза кезінде жасалған кемшіліктерден тазалану;
- 2) Кедей адамдарды мерекелі айт күнінде тіленшілік жасау қажеттілігінен босату.

Пітір садақасы берілетін уақыт:

- 1) Рұқсат етілген уақыт: айт күніне бірнеше күн қалғанда;
- 2) Абзал (мұстахаб уақыт): айт күнінде таң намазынан кейін және мерекелі айт намаздан бұрын;
- 3) Тыйым салынған уақыт: айт намазынан кейін.

Пітір садақасының көлемі

Адамдардық қолданысындағы азық-түліктен бір сағ (ол жақсы бидайдың 2.4 келісіне тең). Егер зәкәт әл-фитр ақшамен берілсе, ол жарамсыз болады.

Айт намазы

Айт намазы барлық мұсылман адамдар үшін міндетті болып табылады. Оның уақыты күн көкжиектен найзаның биіктігіне көтерілгеннен бастап, күннің тас төбеге көтерілгеніне дейін жалғасады. Егер адам айт намазын өткізіп алса, ол оны өтемейді.

Айт намазын елді мекеннің шетінде орналасқан кең алаңда оқу сүннет болып табылады, алайда оны мешітте де оқуға болады. Үйден айт намазына шығудан бұрын тақ санды құрма жеу мұстахаб. Сондай-ақ, айт намазына тазаланып, жуынып, әтір қолданып, бір жолмен барып әрі басқа жолмен қайту дұрыс. Сондай-ақ, адамдардың бір-бірін: «Аллаһ

бізден де, сіздерден де қабыл алсын» (*Тәқоббәлә-Ллаһу миннә уә мин-күм*), — деп құттықтауларына болады.

Сондай-ақ, мерекенің қарсаңындағы түннен бастап айт күнгі күн батқанға дейін әр намаздан кейін тәкбір айту мустахаб болып табылады. Тәкбір келесі үлгіде айтылады: «Аллаһ Ұлы, Аллаһ Ұлы! Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы! Және Аллаһқа бүкіл мақтау-мадақ болсын!» (*Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар, лә иләһә иллә-Ллаһу, уә-Ллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар, уә ли-Лләһи-л-хамд*).

Айт намазын орындау тәртібі:

Айт намазы мерекелі құтпадан бұрын оқылатын екі ракағаттан тұрады. Бірінші ракағатта алғашқы тәкбірден кейін алты тәкбір айту қажет. Екінші ракағатта бірінші ракағаттан екінші ракағатқа көшуде айтылатын тәкбірден кейін бес тәкбір айтылып, кейін Құран оқылады.



ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

1) Оразаның қанша тірегі бар?

- ☐ Екі;
- ☐ Үш;
- ☐ Төрт.

2) Ораза кімдер үшін парыз?

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____

3) Кез-келген науқас адамға ораза ұстауға тыйым салынған.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

4) Мына жағдайлардың әрбіріне қатысты шариғи үкімді түсіндір:

- 1) Таң намазынын кейін парыз ораза ұстауға ниет ету —
- 2) Ниетсіз ораза ұстау —
- 3) Кішкентай баланың оразасы —
- 4) Сапардағы адамның оразасы —
- 5) Босанғаннан кейінгі қаны келіп жатқан әйелдің оразасы —
- 6) Әлсіз (науқас) адамның оразасы —
- 7) Ораза кезінде тамақ жеу —
- 8) Ораза уақытында нәрлендіретін екпелер салу —
- 9) Көзге тамызатын тамшылар —
- 10) Ауырсынуды басатын дәрі егу —
- 11) Хижама (қан шығару) —
- 12) Қасақана құсу —
- 13) Түкірікті жұту —
- 14) Тамақтың дәмін көру —
- 15) Ұйқы —
- 16) Шомылу —
- 17) Ауызды шайып салқындау —
- 18) Сиуак (мисуак) қолдану —
- 19) Бахур қолдану —
- 20) Сухурдың уақытын барынша таңға жақын жылжыту —
- 21) Сухур кезінде не жеу абзал —
- 22) Ауызды немен ашу қажет —
- 23) Тарауих намазы —

- 24) Рамазан айында умра жасау —
- 25) Ауызды және мұрынды терең шаю —
- 26) Сүйісу —
- 27) Екі немесе одан көп күн тоқтамай ораза ұстау —
- 28) Шәууәл айының алты күнінде ораза ұстау —
- 29) Арафа күнінде ораза ұстау —
- 30) Күмәнді күні ораза ұстау —
- 31) Айт күні ораза ұстау —
- 32) Әт-тәшриқ күні ораза ұстау —
- 33) Мухаррам айында ораза ұстау —
- 34) Рожәб айында ораза ұстау —
- 35) Бір жыл бойы үздіксіз ораза ұстау —
- 36) Жұма күні ораза ұстау —
- 37) Оразаны өтеуді келесі Рамазанға дейін қалдыру —



ТӨРТІНШІСІ: ҚАЖЫЛЫҚ

Қажылық — Исламның бесінші тірегі. Ол келесі шарттармен парыз болады: Исламды ұстану, ақыл-есті болу, кәмілет жасына жету, қажылық жасауға мүмкіндігі болу, қажылық жасайтын әйелдің жанында махрамының болуы.

Қажылықтың төрт тірегі (рүкіні) бар

- 1) Ихрам. Бұл қажылық жасаушы хәліне кіруге ниет ету.
- 2) Арафат тауында тұру. Қажылықтағы адам онда зул-хижжә айының тоғызыншы күнінде күн тастөбеден ауғаннан бастап, айт күнінің таңына дейін болады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Қажылықтың мәні — Арафатта тұру»** (Тирмизи, Ибн Хиббан).
- 3) Тауаф әл-ифадо. Бұл Арафатта тұрудан кейін жасалатын Қағбаны тауаф жасап айналу.
- 4) Сағы. Сафа мен Маруа төбелерінің арасында айналып жүру рәсімі. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ مِنْ شَعَائِرِ اللَّهِ

«Расында, Сафа мен Маруа Аллаһтың рәсімдік белгілерінен» («әл-Бақара» сүресі, 158-аят).

Қажылықтың түрлері

- 1) Ифрад. Бұл адамның умрасыз тек қажылықтың өзін жасауы.
- 2) Қиран. Бұл адамның қажылықты умрамен қоса жасауына ниеттеніп, ихрам хәліне бір рет кіріп, одан керекті рәсімдерді жасап бітірмей шықпауы. Бұдан бөлек, адам құрбан шалуы қажет.
- 3) Таматтуғ. Бұл адамның қажылық айларында умра жасауы үшін Ихрамға кіріп, кейін ихрамнан шығып, қажылық жасауы. Мұндай адам құрбан шалуы қажет.

Қажылықтың міндетті амалдары (уәжибаттары)

Егер адам бұл амалдардың бірін жасамай қалдырса, ол осы ісін қаншығарумен өтеуі қажет. Нақтылап айтсақ, ол Харам маңайында құрбандыққа қой сойып, оны Меккенің кедей тұрғындарының арасында таратуы қажет. Қажының өзі бұл еттен жей алмайды. Ендеше, қажылықтың міндетті амалдары:

- ♦ Миқатта ихрам хәліне кіру;
- ♦ Арафатқа күндіз келген адамның онда кешке дейін тұруы;
- ♦ Айт күнінен бұрынғы түнді Муздалифа алқабында өткізу;
- ♦ Эт-Тәшриқ түндерін Мина алқабында өткізу;
- ♦ Жамараттарға тас лақтыру;
- ♦ Шашты қыру немесе қысқарту;
- ♦ Меккеден кетейін деп жатқан барлық адамға, тіпті олар бірнеше айдан кейін кетсе де, Қағбаны соңғы рет айналу. Алайда, етеккірі немесе босанғаннан кейін қаны келіп жатқан әйел мұны жасамайды.

Қажылық пен умраның миқаттары

Уақытпен байланысты:

Қажылық айлары: Шәууәл, Зул-қағда, Зул-хиджа. Қажылық тек осы айларда ғана жасалады, ал умраға қатысты уақытқа қатысты ешқандай шектеулер жоқ.

Мекендерге байланысты (қажылық жасаушы адам ихрам хәліне кіретін мекендер):

- Мәдинаның тұрғындары және Мәдинадан келетін адамдар үшін — Зул-Хуләйфа;
- Шам, Мысыр және Марокко тұрғындары үшін — Әл-Жухфа;
- Йемен тұрғындары үшін — Яләмләм;
- Ирақ тұрғындары үшін — Зат Ирқ.

Қажылықтың мұстахаб амалдары

- ♦ Ихрам хәліне кіруден бұрын ғұсыл алып, хош иісті әтірлерді қолдану;
- ♦ Ер адамдар үшін екі ақ мата кию (иыққа тағылатын жамылғы (*рида*) мен белге киілетін (*изар*) белдемше);

- ♦ Шашты және тырнақтарды ихрамнан бұрын қысқартып, алу;
- ♦ Ихрам хәліне кіргеннен бастап Жамараттарға тас лақтырғанға дейін тәлбия сөздерін айту;
- ♦ Хәжж-Ифрад және Хәжж-Қиран жасайтын адамдар үшін Меккеге келгенде тауаф жасау (Тауәф әл-Қудум);
- ♦ Қағбаны бірінші рет тауаф еткенде алғашқы үш айналымда тезірек жүру;
- ♦ Қағбаны бірінші рет тауаф еткенде оң иықты ашу;
- ♦ Муздалифа мекеніне келгенде ақшам намазының уақытында ақшам мен құптан намаздарын біріктіріп оқу;
- ♦ Арафат тауында тұрудан бұрынғы түнді Минада өткізу;
- ♦ Қара тасты сүю;
- ♦ Муздалифада таңнан күн шыққанша болу. Адам бүкіл алқап маңайында бола алады.

Ихрам хәлінде жасау тыйым салынған амалдар

Мұндай амалдар саны тоғыз: дененің кез-келген бөлігіндегі шашты (түкті) алу, тырнақтарды қысқарту, ер адамға басын жабатын бас киім кию, дене пішініне немесе дененің бір бөлігіне сай тігілген киім кию, әйел адамға ниқаб және қолғап кию, хош иісті әтірледі қолдану (бұған иісі бар сабынды қолдану да жатады), құрлық аңын аулау, некелесу немесе басқа біреудің некесін қиюы, жыныстық қатынас, өзге жынысты адамды шақуатпен ұстау.

Кімде-кім осы әрекеттердің бірін ұмытшақтықпен, білместікпен немесе мәжбүрленген түрде жасаса, ол бұны өтемейді. Ал кімде-кім құрлықта аң ауласа, ол бұл амалын өтейді. Бұл әрекеттерді қасақана жасауға келсек, бұл жағдайда олар төрт топқа бөлінеді:

1) Оларды істеген адам үшін өтем жоқ амалдар:

Нақтылай айтсақ — неке қию. Сондай-ақ шақуатпен ұстау, алайда бұда ұрықтың шығуы болмауы қажет. Бұл амалдарды істеген адам оларды өтемейді, алайда тәубе етеді.

2) Олар үшін жасалатын өтем амалдың өзіне тең амалдар:

Мысалы, құрлықта аң аулау. Аң аулау кезінде жануарды өлтірген адам, кез-келген жағдайда бұл әрекетін соған ұқсас жануарды құрбан шалумен өтеуі қажет. Бұл шешімді екі салиқалы және сенімді адам қабылдайды.

3) Оларды жасаған адам ауыр өтеммен міндеттелетін амалдар.

Яғни жыныстық қатынас. Кімде-кім ихрамнан бірінші (толық емес) шыққанға дейін жыныстық қатынасқа түскен болса, оның қажылығы жарамсыз болады, алайда ол оны аяқтап, кейіннен қайта жасауы қажет. Сонымен қатар ол өтем ретінде сиыр немесе түйені құрбандыққа шалады.

4) Оларды істегені үшін адам ауру кезінде өтем жасалатын нәрселер:

Яғни, қалған тыйым салынған амалдар. Қажы өтем ретінде келесі амалдардың бірін таңдай алады: үш күн ораза ұстау, алты кедей адамды тамақтандыру (олардың әрқайсына жарты сағ тамақ беріледі), қой сойып, оның етін Меккенің кедей тұрғындарының арасында тарату.

Қажылық күндерінің атаулары

1) Эт-Тәруия күні. Бұл Зул-хиджа айының 8-ші күні. Бұл күні Мина алқабына су алып келінетін еді;

2) Арафат күні. Зул-Хиджа айының 9-шы күні.

3) Айт немесе Құрбан шалу күні, бұл Зул-хиджа айының 10-шы күні.

4) Тыныштық (Қарр) күні. Зул-хиджа айының 11-ші күні.

5) Кетудің бірінші күні (Нафр). Зул-хиджа айының 12-ші күні.

6) Кетудің екінші күні. Зул-хиджа айының 13-ші күні.

Айт күні алдындағы түн «Жиналу түні» деп аталады. Ол осылайша адамдар Арафат тауында тұрғаннан кейін жиналатындығына байланысты аталған, өйткені Исламнан бұрын Мекке тұрғындары Арафатта тұрмайтын.

Қажылық кезінде Аллаһ Тағалаға жалбарынып, дұға ету абзал болған жерлер:

1) Арафат тауында айдың тоғызыншы күні түстен бастап кешке дейін;

2) Муздалифа алқабында 10-шы күні таң намазынан кейін күн шыққанға дейін;

3) Эт-Тәшрик күндерінде кіші және ортаншы Жамараттарға тас лақтырған кезде;

4) Қағбаны айналып тауаф жасайтын кезде;

5) Сафа мен Маруа төбелерінің арасында жүргенде.

Умра мен Қажылықты бірге жасаудың сипаты

Шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усаймин (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген:

«Миқатқа жеткенде ғұсыл алып, денеңізді (бас пен сақалыңызды) хош иісті әтірмен майлаңыз, содан кейін «таматтуғ» қажылығын жасау үшін умра жасау ниетімен ихрамға кіріп, тәлбия сөздерін айтып Меккеге жол алыңыз. Харам мешітіне жеткенде Қағбаны жеті рет айналыңыз, бұл умра тауафы болады. Қағба жақын болсын, алыс болсын, бүкіл мешіт тауаф орны екенін білу маңызды, бірақ адамдардың көптігіне байланысты қиындықтар болмаса, адамның Қағбаға жақын болуы жақсырақ, алайда адамдардың көптігінен қиындықтар мен қысылысу болып жатса, Қағбадан алыстауыңызға да болады, Аллаһқа бүкіл мақтау болсын, бұл мәселеде таңдау бар. Тауафтан кейін Ибраһимнің орны (Мақаму Ибраһим) артында екі ракағат намаз оқыңыз. Мүмкіндік болса, оған жақын тұрыңыз, мұндай мүмкіндік болмаса, одан алыстау тұруға да болады, ең бастысы ол сіз бен Қағбаның арасында болуы қажет. Кейін Сафа және Маруа төбелерінің арасында жүріңіз, бұл умраға жатады, жүрісті Сафа төбесінен бастау қажет. Төбелер арасында жеті рет жүріп өткеннен кейін шашыңызды алыңыз. Шашты бастың бір бөлігінде ғана қию жеткіліксіз — көптеген адамдар жасайтын нәрсеге алданып қалмаңыз.

Зул-хижжә айының сегізінші күні басталғанда, ғұсыл алып, хош иісті әтірлерді қолданып, қажылық жасау ниетімен өзіңіз тұрған жерден ихрамға кіріңіз. Кейін Мина алқабына аттанып, онда бесін, аср, ақшам, құптан және таң намаздарын, төрт ракағатты намаздарды қысқартып оқыңыз. Алайда оларды қосып оқымаңыз, өйткені Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларды қысқартатын, алайда қосып оқымайтын. Тоғызыншы күні (Арафат күні) күн шыққанда, Арафатқа барып, Аллаһтың алдында кішірейіп тағзым-итағат танытып, тәлбия айтыңыз. Ол жерде бесін намазының уақытында, бесін және аср намазын біріктіріп, екі ракағаттан етіп оқыңыз. Кейін өзіңізді Аллаһ Тағалаға дұға қылуға бағыштаңыз. Дәретті күйде болуға тырысып, тіпті тау артыңызда қалатын болса да, жүзіңізді Қағбаға қаратыңыз, өйткені жүзді дәл Қағбаға қарату бекітілген. Арафат тауының шекараларына мән беріп, бекітілген белгілерге қараңыз, өйткені көптеген қажылар таудың шекарасынан шығып кетіп тұрады, ал Арафатта тұрмаған адамның қажылығы жарамсыз болады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың исалауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

«Қажылықтың мәні — Арафат тауында тұру». Урана алқабынан басқа Арафатқа тиісті барлық мекендер: оның шығыс, батыс, солтүстік және оңтүстік бөліктері — оларда тұруға болатын жерлер болып табылады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Мен мұнда тұрдым, алайда Арафаттың барлық аумағы — тұруға болатын жер»*.

Күн батқанына сенімді болған кезде Муздалифаға тәлбия сөздерін айтып, кішірейіп тағзым-итағатпен және асықпай байсалды түрде баруға тырысыңыз, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілгі мен сәлемі болсын) осыны бұйырған. Ол Арафаттан қайтқанда інгенінің тізгінін қатты тартқаны соншалықты, түйесінің басы ер-тұрманның деңгейіне дейін қайырылған болатын. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сол кезде: *«Тыныш! Уа адамдар! Тыныш (жүріңдер)»*, — деп айтқан еді.

Муздалифаға жеткенде, онда ақшам және құптан намаздарын оқып, сол жерде таңсәріге дейін болыңыз. Әлсіз адамдар жайлы айтсақ, олар алқаптан түннің ортасында кете алады. Таң намазын оқып болғаннан кейін жүзіңізді Қағбаға қаратып, Аллаһты ұлықтап, Оған мақтау айтып, күн шыққанша Оған жалбарынып, дұға қылыңыз. Кейін, күн шыққан кезде, Мина алқабына барыңыз. Содан соң, жеті кішігірім тас жинап, Меккеге ең жақын болған соңғы Жамаратқа барыңыз. Күн шыққанда жеті тасты бірінен кейін бірін жамаратқа тастап, әр тасты тастағанда, Аллаһ Тағаланы ұлықтап: «Аллаһу Әкбар» сөздерін айтып, оны мадақтап, бойсұнған халде болыңыз.

Есіңізде болсын, тас лақтырудың негізгі мақсаты — Аллаһ Тағаланы ұлықтау және Оны еске алу. Тастың жамаратқа тиуі талап емес, алайда оның айналасындағы мекенге түсуі талап етіледі. Тасты лақтырып болғаннан кейін, малды союға кірісіңіз. Бұл союдың шарттары мереке күні құрбандық шалумен бірдей. Сіз үшін малды басқа біреу сойса, бұда еш айып жоқ. Малды сойғаннан кейін шашыңызды толық қырыңыз. Бүкіл бастағы шашты қыру міндетті болып табылады және оның бір бөлігін ғана қыруға рұқсат етілмейді. Әйел адам шашын саусақтың бір бөлігіне дейін қысқартуға міндетті. Осылайша, сіз ихрам хәлінен бірінші (толық емес) шығуды жасадыңыз әрі енді сізге келесі амалдарды жасауға рұқсат етіледі: әдеттегі киім кию, тырнақтарды қысқарту, әтір қолдану. Алайда сізге әйелмен жыныстық қатынас әлі де рұқсат етілмейді. Осыдан кейін, бесін намазына дейін Меккеге барып, қажылық үшін Қағбаны айналып, Сафа мен Маруа төбелерінің арасында жүріңіз, кейін Минаға қайтыңыз. Қағбаны тауаф етіп, Сафа мен Маруаның ара-

сында жүріп, тас лақтырып және шашыңызды қырғаннан кейін сіз ихрам хәлінен толық шығасыз және жыныстық қатынаспен қоса сізге ихрамнан бұрын рұқсат етілген барлық нәрсе рұқсат етіледі.

Уа адамдар! Айт күні қажы төрт рәсімді орындайды: Жамаратқа тас лақтырады, кейін мал сояды, шашын қырып, Қағбаны айналып, Сафа мен Маруаның арасында жүреді. Дәл осындай тәртіп дұрыс болып табылады. Алайда, егер тәртіп бұзылса, мысалы, шаш құрбан шалудан бұрын қырылса, бұда қиындық жоқ. Сондай-ақ, Минадан шыққанша Қағбаны айналып, Сафа мен Маруаның арасында жүруді кейінге қалдырсаңыз, бұда еш айып жоқ. Осыған қоса, сіз мал шалуды он үшінші күнге дейін қалдырып, мұны Меккеде жасасаңыз, бұл мәселеде де ешбір айып жоқ, әсіресе бұда пайда мен қажеттілік болса. Айдың он бірінші күнінің алдындағы түнді Минада өткізіңіз. Түстен кейін барлық үш жамаратқа кезек-кезек, басында алғашқысына, кейін орта жамаратқа, кейін соңғы жамаратқа тас лақтырыңыз. Олардың әрқайсына жеті тастан лақтырыңыз және әр тасты лақтырғаныңызда Аллаһты ұлықтап: «Аллаһу Әкбар!», — деп айтыңыз. Айт күні тастарды лақтыру уақыты, егер адам шамасы келсе, күн шыққаннан күн батқанға дейін. Егер адам әлсіз болса, онда ол үшін бұл уақыт айт күніне дейінгі түннің соңынан басталады. Басқа күндері тас лақтыру уақыты түстен кейін басталып, күн батқанда аяқталады және бұл рәсімді түске дейін жасауға болмайды. Кімде-кім жасына, кәрілігіне немесе ауруына байланысты бұл рәсімді өзі орындай алмаса, онда ол тас лақтыруды басқа біреуге тапсыра алады. Он екінші күні тас лақтырудан кейін қажылық рәсімдері аяқталған болып саналады және сіздің алдыңызда таңдау бар, қаласаңыз Минадан осы күні кете аласыз, ал қаласаңыз он үшінші күннен бұрынғы түнді Минада өткізіп, түстен кейін қайтадан Жамараттарға тас лақтыру рәсімін тағы да жасай аласыз. Екінші таңдау абзалырақ, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осылай жасаған.

Меккеден кеткіңіз келсе, Қағбаны айналып, қоштасу тауафын жасаңыз, алайда бұл босанғаннан кейін немесе етеккір қаны келген әйелдерге қатысты емес, оларға сондай-ақ (Харам) мешіті есігіне жақындау немесе олардың қасында тұру рұқсат етілмейді».



ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

- 1) Адам үшін қажылық жасауды парыз ететін шарттарды келтір:
 - 1) _____
 - 2) _____
 - 3) _____
 - 4) _____
 - 5) Тек әйелдерге қатысты: _____
- 2) Қажылықтың қанша тірегі бар?
 - ☐ Екі;
 - ☐ Үш;
 - ☐ Төрт.
- 3) Ихрам — қажылық тіректерінің бірі, оның мағынасы — иыққа жамылғы (*рида*) жауып, белдемше (изар) кию.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 4) Тауәф әл-Ифадо және Тауәф әл-Қудум — бір нәрсе емес. Бірінші тауаф — рүкін, ал екінші тауаф мұстахаб амал болып табылады.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 5) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үш рет қажылық жасаған.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 6) Қажылықты оның парыз болуының шарттары толық болған сәттен кейінге қалдырмай жасау қажет.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 7) Мәдина тұрғындары ихрам хәліне Яләмләм миқатынан кіреді.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 8) Умраның уақыттық миқаты — Рамазан айы.
 - ☐ Дұрыс;
 - ☐ Бұрыс.
- 9) Бос жерлерді толтыр: Қажылық және Умра өмірде бір рет _____. Кімде-кім қажылық жасаса және _____, анасынан туылған күндегідей таза болып оралады. Ал кіршіксіз қажылық үшін _____ басқа сый-сауап жоқ.

- 10) Мекке тұрғындары Меккеден сырқа шығып, ихрам хәліне кіреді.
☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.
- 11) Әйел адамға ихрам уақытында ақ киімге оралу қажет.
☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.
- 12) Ихрамға кірейін деп жатқан адамға хош иісті әтірлерді _____ жағу мұстахаб, алайда _____ оларды жақпау керек.
- 13) Әйел адамға ихрам хәлінде тігілген киім киюіне болмайды.
☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.
- 14) Оң иықты қай уақытта ашу қажет?
☐ Умра тауафында;
☐ Тауәф әл-Қудум уақытында;
☐ Меккеге келгендегі тауаф;
☐ Бірінші және екінші жауаптар;
☐ Барлық жауаптар дұрыс.
- 15) Сафа және Маруа төбелерінің арасында жүру жылдам болу қажет.
☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.
- 16) Сафа мен Маруа төбелерінің арасында жүруде Маруа төбесінен бастау қажет.
☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.
- 17) Қажылар Арафат тауынан күн батқаннан бұрын кетулері қажет.
☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.
- 18) Арафат тауында тұру — қажылықтың міндетті амалдарынан.
☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.
- 19) Қажылықтың рәсімдері _____ күні басталып, _____ күні бітеді.
- 20) Арафат тауының өзіне көтерілу шарифатта бекітілмеген.
☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.
- 21) Таматтуғ және Қиран қажылықтарын жасайтын адам үшін мал сою (хади) міндетті болып табылады.
☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

22) Тәлбия сөздерін айту Айт күні Жамараттарға тас лақтырумен аяқталады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

23) Тастардың Жамараттардың қасындағы мекенге жетуі жеткілікті.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

24) Өт-Тәшриқ күндеріндегі тас лақтыру рәсімі түстен кейін басталады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

25) Соңғы Жамаратқа тас лақтырғаннан кейін Аллаһқа дұға етіп жалбарыну қажет.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

26) Ифрад және Қиран қажылығын жасайтын адам Сафа мен Маруаны _____, ал Таматтуғ қажылығында Сафа мен Маруаны _____ айналып жүреді.

27) Келесі жағдайлардағы шариғи үкімдерді баяндап бер:

1) Кішкентай баланың қажылығы —

2) Әйел адамның махрамсыз қажылық жасауы —

3) Қарызы бар адамның қажылығы —



ОН БЕСІНШІ САБАҚ

ӘРБІР МҰСЫЛМАННЫҢ БОЙЫНДА БОЛУЫ МІНДЕТТІ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕР

Бұл сабақ әрбір мұсылманның бойында болуы тиіс адамгершілік қасиеттерге арналған. Олардың арасында келесі қасиеттерді атап өтуге болады: шыншылдық, сенімділік, арлылық, ұяттылық, ержүректілік, жомарттық, уәдеге берік болу, Аллаһ Тағала тыйым салған нәрселерден аулақ болу, тату көршілестік, адамдарға шама жеткенше көмектесу және басқа да Құран мен Сүннет нұсқайтын адамгершілік қасиеттер.

ТҮСІНДІРМЕ

Маңызды ескертпелер:

— **Шыншылдық** — бұл адамның өз сөздерінде, іс-әрекеттерінде, сенімінде Аллаһ Тағаланың алдында шыншыл болуы. Сондай-ақ ол Аллаһ Тағаланың құлдарымен де шыншыл болуы қажет. Мұның қарама-қарсысы — өтірікшілік.

— **Сенімділік (аманатшылдық)** — бұл адамның мойнына жүктелген ұлы жауапкершілік. Бұған қарама-қарсы нәрсе — опасыздық (сатқындық).

— **Арлылық** — тыйым салынған нәрселерден сақтану;

— **Ұялшақтық** — әрбір сауапты амалды орындауды және әрбір жамандықты тастауды қамтитын қасиет;

— **Тату көршілестік** — бұның құрамына кіретін сипаттардың бірі — көзді төмен түсіріп, көршілердің бөгде көзден жасырғысы келетін кез-келген нәрселерін байқамау.

— **Көмекті қажет ететін адамдарға жәрдем беру** — Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «*Кім-де-кім бұл дүниеде мұмин адамның мұңын сейілтсе, Аллаһ Тағала Қиямет күні оның қайғысын сейілтеді. Егер адам мұқтаж жанның (өмірін) жеңілдетсе, Аллаһ Тағала оның дүниеде де, Ақырет-*

те де (өмірін) жеңілдетеді. Кімде-кім мұсылман адамның (жамандығын) жасырса, Аллаһ Тағала оның (жамандығын) бұл дүниеде де, Ақыретте де жасырады. Пенде өз бауырына көмектескен сайын Аллаһ Тағала да оған көмектесуді жалғастыра береді» (Муслим).



ОН АЛТЫНШЫ САБАҚ

ИСЛАМ ӘДЕБІ

Бұл сабақ Ислами әдепке арналған, оған келесі нәрселерді жатқызуға болады: сәлемдесу, жылы лебіз таныту, оң қолмен жеп-ішу, тамақ ішуден бұрын Аллаһ Тағаланың атын атау, тамақтан кейін Оған мақтау-мадақ айту, түшкірген адамның Аллаһты мақтап-мадақтауы, түшкірген адамға, егер ол Аллаһты мақтап-мадақтаса, «Ярхамука-Ллаһ» деп айту, науқасты зиярат етіп бару, жаназа намазын оқып, қайтыс болған адамды жерлеуге көмектесу, мешітке немесе үйге кірген немесе шыққан, сондай-ақ сапарға аттанған кезде шариғат бекіткен ережелерді сақтау, ата-анамен, туысқандармен, көршілермен, үлкендер және балалармен әдепті ұстану, көңіл айту және басқа да Ислами нормалар, оларға аяқкиімді киіп-шешу әдебін да жатқызуға болады.

ТҮСІНДІРМЕ

Маңызды ескертпелер:

— Сәлемдесу. Сәлемдесудің ең жақсы нұсқасы: *«Әс-сәләму алейкум уә рахмәтуЛлаһи уә бәрокәтух»*. Барлық мұсылмандармен, олар таныс болса да, болмаса да осы сөздермен сәлемдесу абзал. Сәлемге жауап беру міндетті болып табылады.

— Оң қолмен жеп-ішу. Бұл парыз амал болып табылады. Сондай-ақ, үш саусақпен жеу абзал. Бұған қоса, біреуге бірдеңе беру немесе басқа адамнан бірдеңе алу да оң қолмен жасалуы қажет.

— Тамақ ішудің алдында Аллаһтың атын атап, «БисмиЛләһ» деп айту.

— Тамақтан кейін, бұл сүннетте келгендей, Аллаһ Тағалаға мақтау-мадақ айтып: *«Әл-хәмду ли-Лләһи-л-ләзи әтѣғамәни уә розәқони мин ғойри хәулин минни уә лә қууәһ»* деген сөздерді қолдану¹.

— Тамақтың өзіңізге жақын болған жағынан жеу және тамақты сөкпеу.

— Түшкірген адамның Аллаһты мақтап-мадақтап: *«Әл-хәмду ли-Лләһ»*, — деп айтуы.

— Түшкірген адам Аллаһты мадақтаса, оған: *«ЯрхәмукаЛлаһ»*, — деп айту², түшкірген адам бұған: *«Яһдикуму-Ллаһу уә юслиху бә-ләкум»*, — деп жауап береді³.

— Науқасты зиярат ету — науқасты жиі зиярат қажеттілікке қарай жасалады. Науқастың қасында көп отырмау және оның Аллаһтың рахымынан үмітін үзбеу керек.

— Қайтыс болған адамды соңғы сапарына шығарып салу, әрі бұл тек ерлерге қатысты үндеу.

— Мешітке немесе үйге кіргенде және шыққанда шарифат ережелерін сақтау. Мешітке: *«Бисми-Лләһ, уә-с-соләту уә-с-сәләму ғалә расули-Лләһ. Аллаһуммә-фтәх ли әбуәбә рохмәтик»*, — деп⁴, оң аяқпен кіру. Мешіттен сол аяқпен шығып: *«Бисми-Лләһ. Уә-с-соләту уә-с-сәләму ғалә расули-Лләһ. Аллаһуммә инни әс-әлукә мин фадъ-лик»*, — деп айту⁵. Үйге оң аяқпен кіріп, оң аяқпен шығу қажет. Шыққан кезде: *«Бисми-Лләһ. Тәууәккәлтү ғалә-Ллаһ. Лә хәулә уә лә қууәтә иллә би-Лләһ, Аллаһуммә инни ағузу бикә ән адыллә әу удоллә, әу әзиллә, әу узәллә, әу әзълимә, әу узъләмә, әу әжһәлә, әу южһәлә ғаләйя»*, — деп айту⁶. Ал кірген кезде: *«Аллаһуммә инни әс-әлукә*

¹ Мағынасы: «Мен өзім ешқандай күш-қуатқа ие болмасам да, мені тамақтандырып, ризықтандырған Аллаһқа мақтаулар болсын».

² Мағынасы: «Аллаһ сені рахымына бөлесін».

³ Мағынасы: «Аллаһ сені тура жолмен жүргізіп, істеріңді түзетсін».

⁴ Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне игілік пен сәлем болсын! Уа Аллаһ! Маған рахымыңның есіктерін аша гөр!»

⁵ Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне игілік пен сәлем болсын! Уа Аллаһ! Шынында, мен Сенің кеңшілігіңді сұраймын».

⁶ Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһқа тәуекел еттім. Аллаһтан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ. Уа Аллаһ! Мен адасуымнан немесе адастырылуымнан, өзімнің қателесуімнен не қателік жасауға мәжбүрленуімнен, зұлымдық жасауымнан немесе зұлымдыққа ұшырауымнан және надан болуымнан немесе надандық жасалуынан Өзіңе сиынамын».

хойрәл-мәулижи уә хойрәл-мәхәжи. Бисми-Лләһи уәләжнә, бисми-Лләһи харожнә, уә ғалә-Ллаһи Роббинә тәуәккәлнә», — деп айтып¹, кейін отбасы мүшелеріне сәлем беру қажет.

— Некеге қатысты құттықтау сөздерін айту, яғни жас жұбайларға: *«Бәрока-Ллаһу ләкумә уә бәрока-Ллаһу ғаләйкумә, уә жәмәғә бәйнәкумә фи хойрин», — деп айту².*

— Көңіл айту. Көңілді үш күн өтпей айту қажет.



¹ Мағынасы: «Аллаһтың атымен кірдік, Аллаһтың атымен шықтық және Раббымыз Аллаһқа тәуекел еттік».

² Мағынасы: «Аллаһ саған береке берсін және саған береке жаудырсын, әрі сендерді жақсылықта біріктірсін!»

ОН ЖЕТІНШІ САБАҚ

КӨПҚҰДАЙШЫЛЫҚТАН САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ КҮНӘЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Бұл сабақ көпқұдайшылық пен әртүрлі күнәлардан аулақ болуға және олардан сақтандыруға арналған. Оларға жеті опат етуші күнәлар жатады. Олар:

- 1) Аллаһ Тағалаға серік қосу (ширк);
- 2) Сиқырмен айналысу;
- 3) Аллаһ Тағала өлтіруді тыйым салған жанды қақысыз өлтіру;
- 4) Өсімқорлық (риба);
- 5) Жетімнің малын жеу;
- 6) Шайқас алаңынан қашу;
- 7) Күнә жайлы тіпті ойламайтын, арлы, мұмин әйелдерді зинақорлықта айыптау.

Үлкен күнәларға келесі амалдарды жатқызуға болады:

- 1) Ата-анаға бағынбау;
- 2) Туыстық қарым-қатынастарды үзу;
- 3) Жалған куәлік беру;
- 4) Көршілерге зиян тигізу;
- 5) Адамдардың өміріне және мал-мүлкіне қол сұғу және оларға қысым көрсету;
- 6) Мас ететін нәрселерді қолдану;
- 7) Құмар ойындар;
- 8) Жала жабу және өсек айту және басқа да Аллаһ Тағала және Оның Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тыйым салған амалдар.

ТҮСІНДІРМЕ

Маңызды ескертпелер:

— Аллаһқа серік қосу (ширк жасау). Бұл өзіне үлкен көпқұдайшылықты да, кіші көпқұдайшылықты да қамтиды.

— Сиқырмен айналысу. Бұған сиқырлық әрекеттер жатады. Кім-де-кім бақсылықпен және сиқырмен айналысса немесе осындайды істейтіндерге сенсе, кәпір болады. Сиқыршыларға баруға, олардың сайттарына кіруге, олардың теле-бағдармаларын көруге, жұлдыз жорамал бар газет-журналарды оқуға тыйым салынған. Сиқырды басқа сиқырмен жоюға болмайды. Алайда оны шариғи руқиямен, дұғалармен және хижамә секілді бекітілген ем түрлерімен жоюға болады.

— Аллаһ Тағала қанын төгуге және қол сұғуға тыйым салған адамды өлтіру. Бұған мұсылман адам да, мұсылман елімен өзара келісім бар кәпір елінде және мұсылман жерінде тұратын кәпір адам да, сондай-ақ мұсылман жеріне қауіпсіздік кепілдігімен кірген кәпірлер де жатады.

— «Тек шариғат қақысы бойынша өлтірілетін адам» — бұл жерде кісі өлтірген адамды, некеде болып зина жасаған адамды және діннен безген адамды мемлекеттік шариғи сот өлім жазасына кесу туралы айтылған;

— Жетімің (ятим) малын қақысыз жеу — яғни балиғат жасына жетпей әкесінен айырылып қалған баланың мал-мүлкінен қақысыз жеу;

— Шайқас алаңынан қашу — бұл жерде Аллаһ Тағаланың жолында шайқасқан әскер жайлы айтылған;

— Пәк арлы әйелдерді айыптау — бұл жерде күндер жайлы емес, еркін әйелдер жайлы айтылған;

— Жалған куәлік — бұған Аллаһтың атымен болмаған куәлік те кіреді. Мысалы, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлем болсын) атымен, біреудің өмірімен, арымен, қабірмен немесе ақ шашпен куәлік ету;

— Құмар ойындар (*мәйсир*) — жүлде ұтып алуға немесе мал-мүлкікті ұттырып жоғалтуға негізделген кез-келген мәміле (ойын әрі мәміле);

— Ғайбат — Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұны былай түсіндірген: **«Бауырың жайлы сыртынан оған ұнамсыз сөздерді айту»** (Мұслим).

— Өсек (нәмима) — адамдардың арасын бұзу үшін олардың арасында сөздер мен түрлі өсектер тарату.

Исламда жарыстар келесідей үш түрге бөлінеді

1) Қатысушылар тарапынан жүлдеге үлес қосқанда да, салымсыз да **рұқсат етілген жарыстар**. Мысалы, түйе және жылқы жарысы, садақ ату жарыстары.

2) Кез-келген жағдайда **тыйым салынған жарыстар**. Мысалы, нард және шахмат ойындары бойынша жарыстар.

3) Жүлдеге **жарнамен кіруге тыйым салынған, бірақ жарнасыз рұқсат етілген жарыстар**. Аталмаған жарыстардың барлығы.



ОН СЕГІЗІНШІ САБАҚ

ҚАЙТЫС БОЛҒАН АДАМДЫ ЖЕРЛЕУГЕ ДАЙЫНДАУ, ОЛ ҮШІН ЖАНАЗА НАМАЗЫН ОҚУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕРЛЕУ

Бұл тақырып бойынша білу қажет болған негізгі мәліметтер:

Біріншіден: өлім аузында жатқан адамға «Лә иләһә иллә-Аллаһ» сөздерін айтуын еске салу қажет. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «*Өлім тұсындағы адамдарға «Лә иләһә иллә-Аллаһ» сөздерін еске салыңдар*» (Муслим). Мұндағы «*Өлім тұсындағы адамдар*» дегеніміз — өлімнің жақындағанының белгілері көрінген адамдар.

Екіншіден: егер адамның қайтыс болғаны анық және оған күмән жоқ болса, сүннет бойынша оның көзін жұмып, жағын байлау қажет.

Үшіншіден: мұсылманның денесін, тек егер ол шайқас алаңында қайтыс болған шәһид болмаса, міндетті түрде жуу қажет. Себебі, шайқас кезінде шәһид болғандардың денесі жуылмайды және оларға жаназа намазы оқылмайды. Оларды өз киімдерімен жерлейді. Бұған дәлел ретінде Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Ухуд шайқасында қаза тапқан шәһидтерді жуындырмағаны және олардың жаназасын оқымағаны туралы хабар келтіріледі.

Төртіншіден: мәйітті жуындыру тәртібінің сипаттамасы:

Ең алдымен, мәйіттің әуретті жерлерін жабу керек. Содан кейін денесінің кеуде жағын сәл көтеріп, ішін жұмсақ қимылмен басып шығу қажет, бұл ішектегі қалдықтардың сыртқа шығуы үшін жасалады. Жуындырушы адам қолына шүберек немесе матаның бір бөлігін орап, сол арқылы мәйіттің әжет өтейтін әурет жерлерін тазалауы тиіс. Осыдан кейін мәйітті намаз алдында алынатын кіші дәрет (тахаратпен) жуындыру қажет.

Содан кейін мәйітті жуатын суға Ююба ағашының жапырақтарының қайнатпасын немесе соған ұқсас хош иісті нәрсені қосып,

оның басы мен сақалын, содан соң мәйіттің денесінің оң жағын, содан кейін сол жағын жуу қажет.

Бұны екі, үш рет қайталау дұрыс. Әр ретте мәйіттің ішін қолмен ақырын басып, қолды төмен қарай түсіру қажет. Егер осыдан кейін де ішектерінен бөліністер шығуы тоқтамаса, онда мәйітті жуындырып, әжет шығатын жерді шүберекпен немесе соған ұқсас нәрсемен жабу қажет. Егер бұл да көмектеспесе, ол жерді саз балшықпен немесе қазіргі заманғы медициналық құралдармен, мысалы, пластырьмен жабу керек. Осыдан соң мәйітті кіші дәретті (тахаратты) алумен қайта жуындыру қажет.

Егер дене үш рет жуындырылғаннан кейін де толық тазаланбаса, оны бес немесе жеті рет жуындыру керек, әрі денені құрғатып сүрту қажет.

Қол жеткізу қиын жерлерге (мысалы, қолтық асты, санның ішкі жағы) және сәжде жасалатын мүшелерге хош иісті май жағу керек. Мәйіттің бүкіл денесіне хош иіс жағу абзал болып табылады. Сондай-ақ, кебінді бахурмен хош иістендіру де мұстахаб болып табылады.

Егер мәйіттің мұрты немесе тырнағы ұзын болса, оларды қысқарту керек. Алайда, олар сол кейіпте қалдырылса да, бұда ешқандай айып жоқ. Мәйіттің шашын тараудың, оның шат түгін қырудың немесе оны сүндеттеудің қажеті жоқ, өйткені шариғатта мұндай әрекеттерге нұсқау келмеген. Әйелдің шашын үш бұрым етіп өріп, арқасына қарай тастау қажет.

Бесіншіден: мәйітті кебінге орау.

Ер адамды үш бөлек ақ матамен орау абзал. Бұл киімге көйлекпен сәлде кірмейді, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осылай оралған. Алайда, егер денеге көйлек, белге орайтын таңғыш және жамылғы киілсе, бұда еш айып жоқ.

Әйел адамды бес түрлі киіммен кебіндеу қажет: кең көйлек, химар (бастан төмен түсетін жабылғы), белге орайтын таңғыш пен екі жамылғы.

Кішкентай ұл баланы бір, екі немесе үш бөлек матамен орауға болады. Қыз баланы көйлекпен және екі матамен орайды.

Барлық адамдар үшін кебіндегі ең аз талап — тым болмағанда денені толық жабатын бір матаның болуы.

Егер ер адам ихрам хәлінде қайтыс болса, оны ююба жапырақтарының қайнатпасымен жуып, оған үстінде болған рида (иыққа жабатын мата) мен изар (белге орайтын мата) кигізу қажет. Қа-

жылықта ихрам хәлінде қайтыс болған адамның басы мен бетін жабуға болмайды. Сондай-ақ оны әтірмен хош иістендіру де қажет емес, өйткені ол, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахих хадисінде айтылғандай, Қиямет күні «тәлбия» сөздерін айтып қайта тіріледі.

Егер әйел адам ихрам хәлінде қайтыс болса, оны әйелдерді орайтын кебінмен орау керек. Бірақ оны хош иістендіруге, бетперде (ниқаб) пен қолғап кигізуге болмайды. Оның беті мен қолдарын бұған дейін айтылған тәртіпке сәйкес кебін матасымен ғана жабу қажет.

Алтыншыдан: ер адамды жуындыру, оған жаназа намазын оқу және жерлеу құқығы ең алдымен оның қайтыс болар алдында өсиет еткен адамына тиесілі. Содан кейін бұл құқық әкесіне, содан соң атасына, және одан кейін жақындық дәрежесіне қарай басқа туыстарына беріледі.

Әйел адамды жуындыру құқығы ең бірінші кезекте оның өзі қайтыс болар алдында өсиет еткен әйелге тиесілі. Содан кейін бұл құқық оның анасына, одан кейін әжесіне, әрі қарай туыстық дәрежесіне қарай басқа әйелдерге беріледі.

Ерлі-зайыптылар бір-бірін жуындыруға құқылы. Бұған Әбу Бакрдың денесін оның әйелі жуындырғаны және Алидің өз әйелі Фатыманы жуындырғаны дәлел болады. Аллаһ олардың барлығына разы болсын.

Жетіншіден: жаназа намазының оқылу тәртібі:

Жаназа намазы төрт тәкбірден тұрады. Бірінші тәкбірден кейін «әл-Фатиха» сүресін оқу қажет. Егер одан кейін қысқа сүре немесе бір-екі аят оқылса, бұл жақсы. Мұндай істеу шариғи түрде заңдыстырылғаны туралы Ибн Аббас жеткізген сахих хадис бар.

Екінші тәкбірден кейін Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ташаһһудта айтылатындай үлгіде салауат айту керек.

Үшінші тәкбірден кейін мәйіт үшін келесі дұғалар оқылады:

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِحَيِّنَا وَمَيِّتِنَا وَشَاهِدِنَا وَغَائِبِنَا وَصَغِيرِنَا وَكَبِيرِنَا وَذَكَرْنَا وَأُنْثَانَا * اللَّهُمَّ مَنْ أَحْيَيْتَهُ مِنَّا فَأَحْيِهِ عَلَى الْإِسْلَامِ وَمَنْ تَوَفَّيْتَهُ مِنَّا فَتَوَفَّهُ عَلَى الْإِيمَانِ * اللَّهُمَّ لَا تَحْرِمْنَا أَجْرَهُ وَلَا تُضِلَّنَا بَعْدَهُ

(«Аллаһуммә-ғфир ли-хәйи-инә, уә мәйитинә, уә шә-һидинә, уә ғо-ибинә, уә соғийринә уә кәбийринә уә зәкәринә уә унсә-нә! Аллаһуммә, мән әхияйтәһу миннә фә-әхйи-һи ғаләл-Исләми, уә мән

тәуәффәйтәһу миннә фәтәуәффә-һу ғалә-л-имәни, Аллаһуммә, лә тәхрим-нә әжро-һу уә лә тудыллә-нә бәғдәһу!»)

«Уа Аллаһ! Тірілерімізді де, өлілерімізді де, осы жерде болғандарымызды да, болмағандарымызды да, жастарымызды да, қарттарымызды да, ерлерімізді де, әйелдерімізді де кешіре гөр! Уа Аллаһ! Біздің қайсымызға өмір сыйласаң, оны Исламда өмір сүргіз, ал бізден қайтыс болғандарды иманмен дүниеден өткіз! Уа Аллаһ! Бізді бұл мәйіттің артынан сауаптан айырма және одан кейін тура жолдан тайдырма!» (Абу Дауд; әт-Тирмизи).

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لَهُ وَارْحَمْهُ وَعَافِهِ وَاعْفُ عَنْهُ وَأَكْرِمْ نُزُلَهُ وَوَسِّعْ مَدْخَلَهُ وَاغْسِلْهُ بِالْمَاءِ وَالتَّلَجِ وَالْبَرْدِ وَنَقِّهِ مِنَ الْخَطَايَا كَمَا نَقَّيْتَ الثَّوْبَ الْأَبْيَضَ مِنَ الدَّنَسِ وَأَبْدِلْهُ دَارًا خَيْرًا مِنْ دَارِهِ وَأَهْلًا خَيْرًا مِنْ أَهْلِهِ وَزَوْجًا خَيْرًا مِنْ زَوْجِهِ وَأَدْخِلْهُ الْجَنَّةَ وَأَعِذْهُ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ وَعَذَابِ النَّارِ

(«Аллаһуммә-ғфир лә-һу(-һә), уә-рхәм-һу(-һә), уә ғафи-һу(-һә), уәғфу ғанһу(-һә), уә әкрим нузу-ләһу(-һә), уә уәссиғ мудхоләһу(-һә), уәғсилһу(-һә) би-л-мә-и уәс-сәлжи уә-л-бәроди, уә нәққиһи(-һә) минәл-хотоя кәмә нәққойтә-с-сәубә-л-әбйядо минәд-дәнәси, уә әбдилһу(-һә) дәрон хойрон мин дә-риһи(-һә), уә әһлән хойрон мин әһлиһи(-һә), уә зәужән хойрон мин зәужиһи(-һә), уә әдхилһу(-һә)-л-жәннәтә уә әғизһу(-һә) мин ғазә-би-л-қобри уә ғазә-би-н-нәр!»)

«Уа Аллаһ! Оны кешіре гөр, оны рахымыңа ала гөр, оны (жамандықтан) құтқара гөр, оған жақсы қабылдау жаса, оның қабірін кең ет және оны сумен, қармен және бұршақпен жу. Оны күнәлардан ақ киімді кірден тазартқандай тазарт. Оған үйінің орнына одан да жақсы үй, отбасынан жақсырақ отбасы және әйелінен жақсырақ әйел бер. Оны Жәннатқа кіргізіп, қабір азабынан және Тозақ азабынан сақта» (Муслим).

Осыдан кейін төртінші тәкбір айтылады, содан соң оң жаққа бұрылып «Әс-сәләму ғәлейкум уә рахмату-Ллаһ», — деп таслим беріледі. Әр тәкбірде қол көтеру мұстахаб болады.

Егер жаназа намазы әйел адам үшін оқылса, онда «Уа Аллаһ! Оны кешіре гөр...» (Аллаһуммә-ғфир ләһә), — деп айту қажет. Егер екі адамға жаназа оқылса, онда: «Уа Аллаһ! Екеуін кешіре гөр...» (Аллаһуммә-ғфир ләһумә), — делінеді. Ал егер үш немесе одан да көп адамға оқылса, «Уа Аллаһ! Оларды кешіре гөр...» (Аллаһуммә-ғфир ләһум), — деп айтылады.

Егер қайтыс болған адам кішкентай бала болса, онда кешірім тілеудің орнына келесі дұға оқылады:

اللَّهُمَّ اجْعَلْهُ قَرِطًا وَدُخْرًا لِّوَالِدَيْهِ وَشَفِيعًا مُّجَابًا * اللَّهُمَّ ثَقِّلْ بِهِ مَوَازِينَهُمَا وَاعْظِمْ بِهِ أَجُورَهُمَا وَالْحَقِّهِ بِصَالِحِ سَلَفِ الْمُؤْمِنِينَ وَاجْعَلْهُ فِي كِفَالَةِ إِبْرَاهِيمَ عَلَيْهِ الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ وَقِهِ بِرَحْمَتِكَ عَذَابَ الْجَحِيمِ

(«Аллаһумма-жғәлһу фәротон уә зухрон ли-уә-лидәйһи, уә шәфийған мужә-бән. Аллаһумма, сәққил биһи мәуә-зинәһумә уә әғзым биһи ужу-роһумә, уәл-хиқ-һу би-со-лихи сәләфил-муғминин, уәжғал-һу фи кәфә-ләти Иброһим, ғаләйһис-соләту уәс-сәләм уә қиһи би-рохмәтикә ғазә-бә-л-жәхийми»).

«Уа Аллах! Оның ата-анасының алдында Жәннатқа кіруін нәсіп ет және оны олар үшін алдын ала дайындалған сауап әрі оны олар үшін жасаған шапағаты қабыл болатын шапағатшы ет. Уа Аллах! Олардың амал таразысын ауырлат, оның арқасында сауабын көбейт және оны ізгі мұсылмандардың қатарына қос. Оны Ибраһим пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) қамқорлығының астында болуын нәсіп ет және оны Өз мейіріміңмен Тозақ азабынан сақта!» (Ибн Қудамә «әл-Муғни»).

Жаназа намазындағы имамның орны:

Сүннет бойынша, егер мәйіт ер адам болса, имам оның басының тұсында тұруы керек. Ал егер әйел болса, имам оның денесінің орта тұсында тұрады. Егер бірнеше мәйіт болса, ер адамдардың денесі имамға жақынырақ, ал әйелдердің денесі қыблаға жақынырақ жатқызылады. Балаларға келетін болсақ, ұл балалар әйелдерден бұрын, ал қыз балалар әйелдерден кейін қойылады. Ұл баланың басы ер адамның басымен бір деңгейде болуы керек, ал әйелдің денесінің ортасы ер адамның басына сәйкес болуы керек. Қыз бала да солай: оның басы әйелдің басымен бір деңгейде, ал денесінің ортасы ер адамның басына сәйкес болуы қажет. Барлық намаз оқушылар имамның артында тұруы керек. Егер артта орын жетпесе, онда олар имамның оң жағында тұрады.

Сегізіншіден: жерлеу рәсімінің тәртібі:

Мәйітке қабір қазу қажет, оның тереңдігі ер адамның бойының жартысындай болуы керек. Қыбла жағынан «ләхд» деп аталатын ойық жасалып, мәйіттің денесі оған оң жақ қырымен жатқызылады. Одан кейін кебінді байлап тұрған жіптердің түйіндерін шешу қажет, бірақ жіпті толықтай алмай, орнында қалдыру керек. Мәйіттің беті, мейлі ол ер адам болсын, мейлі әйел адам болсын, ашылмауы тиіс. Ойықты тақтайлармен жауып, үстіне саз балшықпен бекіту қажет, сонда топырақ қабірге түсіп кетпейді. Егер тақтайлар болмаса, ағаш, тас немесе басқа материалдармен жабуға болады. Одан кейін

қабір толығымен топырақпен жабылады. Топырақ себілген кезде келесі сөздерді айту абзал: *«Бисми-Лләһ, уә ғалә милләти расули-Лләһи — Аллаһтың атымен әрі Аллаһ Елшісінің дініне сәйкес»*.

Қабірді бір сүйемдей көтеруге рұқсат етіледі. Егер мүмкіндік болса, қабірді ұсақ таспен жабу және оны сумен себелеу абзал.

Қабір басында тұрған адамдар мәйіт үшін дұға жасап, Аллаһ Тағаладан ол үшін кешірім сұрап бір шама уақыт тұруларына болады, себебі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жерлеу рәсімі аяқталғаннан кейін қабір басында тұрып: *«Бауырларың үшін кешірім сұраңдар және Аллаһтан оларға беріктік тілеңдер, өйткені дәл қазір олар сұралып жатыр»*, — деген.

Тоғызыншыдан: егер кімде-кім мәйіттің жаназа намазына қатыса алмаса, ол оны жерлеу рәсімінен кейін қабір басында оқи алады, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осылай жасаған. Алайда бұл намаз бір айдың ішінде оқылуы тиіс. Егер бір айдан көп уақыт өтсе, онда қабір басында жаназа намазын оқу шарифатта рұқсат етілмейді. Себебі Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бір айдан кейін қабір басында намаз оқыды деген дерек жоқ.

Оныншыдан: мәйіттің отбасы адамдарды тамаққа шақырып, оларды қонақ қылуына болмайды. Бұл туралы сахаба Жәрир ибн АбдуЛлаһ әл-Бәжәлиден (Аллаһ оған разы болсын) мынадай сөздер жеткізіледі: *«Біз мәйіттің үйінде тамақ дайындалып, адамдардың жиналуын тыйым салынған жоқтау ретінде есептейтінбіз»*. Мәйіттің отбасы үшін көршілер мен жақындары тамақ дайындап беруіне рұқсат етіледі. Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Жәғфар ибн Абу Талибтың Шам жерінде қайтыс болғаны туралы хабар жеткенде ол өзінің отбасына Жағфардың отбасы үшін тамақ дайындауын бұйырып: *«Олардың бастарына оларды басқа нәрселерден алаңдататын нәрсе түсті»*, — деген еді. Егер мәйіттің отбасы көршілерін немесе жақындарын өздеріне дайындалған тағамнан дәм татуға шақырса, бұда айып жоқ. Бұл іске біз білетін шарифат нақты бекіткен уақыт жоқ.

Он бірінші: әйел адамға үш күннен артық аза тұтуға рұқсат етілмейді, тек күйеуі қайтыс болған жағдайда ғана оған төрт ай он күн аза тұту парыз. Егер әйел жүкті болса, оның аза тұту мерзімі баланы босанғаннан кейін аяқталады. Бұл Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сенімді сүннетінде

бекітілген. Ал ер адамдарға туысының немесе басқа біреудің қайтыс болуына байланысты аза тұтуға рұқсат етілмейді.

Он екінші: ер адамдарға қабірді кейде зиярат етіп, жерленгендер үшін Аллаһтан рахым сұрауға, сондай-ақ өлім мен одан кейінгі жағдайларды еске алуға болады. Бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына хадисіне сәйкес: *«Қабірлерді зиярат етіңдер, себебі олар сендерге Ақыретті естеріңе салады»*. Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларын қабірді зиярат еткенде мына сөздерді айтуды үйреткен:

السَّلَامُ عَلَيْكُمْ أَهْلَ الدِّيَارِ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُسْلِمِينَ وَإِنَّا إِن شَاءَ اللَّهُ بِكُمْ لَآحِقُونَ وَيَرْحَمُ اللَّهُ الْمُسْتَقْدِمِينَ مِنَّا
وَالْمُسْتَأْخِرِينَ أَسْأَلُ اللَّهَ لَنَا وَلَكُمْ الْعَافِيَةَ

(*«Әссәләму ғаләйкум, әһләд-дия-ри минәл-муғминийнә уә-л-муслимийнә, уә иннә ин шә-ә-Ллаһу бикум ләхиқу-на, (уә ярхаму-Ллаһул-мустәқдимийнә мәннә уә-л-мустәхирийнә), әс-әлу-Ллаһ ләнә уә ләкуму-л-ғәфияһ»*.)

«Сендерге сәлем болсын, уа мүминдер мен мұсылмандардан болған бұл мекеннің тұрғындары! Ақиқатында, біз де Аллаһтың қалауымен сендерге қосыламыз. Аллаһ бізден бұрын кеткендерді де, кейінгілерді де рахымына бөлесін. Мен Аллаһтан бізге және сендерге есендік беруін сұраймын» (Муслим, Ибн Мәжәһ).

Әйелдерге қабірлерді зиярат етуге рұқсат етілмейді, себебі қабірлерге баратын әйелдер Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) лағынетіне ұшараған. Сондай-ақ, әйелдерге мәйітті жерлеу орнына дейін алып жүру рәсіміне қатысуға болмайды, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларға мұны тыйым салған.

Мешітте немесе намаз оқуға арнайы бөлінген басқа жерде жаназа намазын оқу ерлерге де, әйелдерге де рұқсат етілген.

Бұл мен жинақтаған мәліметтердің соңғысы. Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

ТҮСІНДІРМЕ

Қабірлерді зиярат етудің түрлері:

1) Рұқсат етілетін зиярат (*әз-зияра әш-шәрғия*): адам зияратқа Ақыретті еске алу үшін немесе қайтыс болған адамдар үшін бұл Сүннет-

те сипатталғандай етіп дұға ету үшін келсе. Осы орайда ол шарифатқа қайша келетін нәрселер істемеуі керек.

2) Діндегі дінбұзар жаңалық (бидғат) болып табылатын зиярат (әз-зияра әл-бидғия): адам зияратқа қабірдің жанында Аллаһқа дұға ету үшін келсе.

3) Көпқұдайшылық (ширк) болып табылатын зиярат: адам қабірге сол жерде жатқан өлген адамнан әлдебір нәрсені дұға етіп сұрау үшін келсе.



ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАР

1) Мұсылман адам шариғат бекіткен тәртіпке және Ислам әдебіне іле-суі қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

2) Менің дінім маған жаман адамдармен қарым-қатынас орнатып, жақсы адамдардан аулақ болуы үйретеді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

3) Ислам діні бізге қызметшілерге, жұмысшыларға және басқа да адамдарға жақсы қарым-қатынас жасауды үйретеді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

4) Мен басқа адамдарға тілімен немесе қолымен зиян тигізетін адаммен дос болып, дұрыс әрекет жасаймын.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

5) Егер мені біреу ұрысып, балағаттаса және мен оған жауап берсем, бұл маған рахат әкеледі.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

6) Ислам маған әлсіздерге және мұқтаждарға көмек беруді үйретеді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

7) Мұсылман адам науқас мұсылман адамды зиярат етіп, оның денсаулығы үшін дұға етуі қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

8) Көршілерді аңду — мұмин адамда болуы қажет қасиет болып табылады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

9) Аллаһтың алдындағы ең жақсы адамдар, басқаларға ең көп пайда әкелетіндер.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

10) Үйден шыққанда айтылатын дұға: *«Бисми-Лләһи уәләжнә, уә бисми-Лләһи хорожнә, уә ғалә-Лләһи Роббинә тәуәккәлнә»*.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

11) Мен түшкіргенімнен кейін Аллаһ Тағаладан мен үшін мейірім тілеген адамға: *«Яхдикуму-Ллаһу уә юслиху бәләкум»*, — деп жауап бермін.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

12) Аллаһ Тағаланы зікір ету мұсылман адамды қорғап, оны Аллаһ Тағалаға жақындатады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

13) Мұсылман адамның өз дініндегі бауырына деген сүйіспеншілігінің көріністері:

14) Әлсіз иманның белгілерінің бірі — мұсылмандарды көреалмау.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

15) Махаббаттың пайда болуының себебі:

16) Тыйым салынған ішімдіктерге тек шарап (хамр) ғана жатады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

17) Тамаққа немесе сусынға үрлеу — құпталмайтын, нашар әрекет.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

18) Тамақтан кейін, қолды жуудан бұрын саусақтарды жалау абзал.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

19) Тамақта, киімде және әшекейлерде кішіпейілділік пен ұстамдылық таныту қажет.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

20) Қайтыс болған еркекті жууға, оған жаназа намазын оқуға, жерлеуге, басқалардан бұрын _____, кейін _____, кейін _____, кейін _____ құқықты.

21) Қайтыс болған адамның қарызын төлеу:

- ☐ Парыз;
- ☐ Мұстахаб;
- ☐ Рұқсат етілген (мубах) амал.

22) Қайтыс болған адамды жерлеу:

- ☐ Мұстахаб амал;
- ☐ Ұжымдық парыз (фард кифая).

23) Жан тапсырып жатқан адамға «*Лә иләһә иллә-Ллаһ*» сөздерін еске салу:

- ☐ Міндетті амал;
- ☐ Мұстахаб амал;
- ☐ Тыйым салынған амал.

24) Қайтыс болған адамды жуып жатқанда көмекші адамдардан басқа біреудің болуы:

- ☐ Тыйым салынған амал;
- ☐ Құпталмайтын амал;
- ☐ Рұқсат етілген амал.

25) Қайтыс болған адамды қабірге жатқызғанда оның кебіндерінің жіптерін босату қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

26) Ер адам әйелінің денесін жуа алмайды, өйткені олардың ерлі-зайыпты өмірлері біреуінің өлімімен тоқтаған болып есептеледі.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

27) Жаназа намазына қатыса алмаған адам оны _____ кейін, _____ уақытта ғана оқи алады.

28) Қайтыс болған адамды кез-келген түрде жоқтап, жылауға болады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

29) Қайтыс болған адамның денесін қабірдің текшесіне жүзін Қыблаға қаратып жатқызу қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.



ДЕРЕККӨЗДЕР

- 1) Қасиетті Құран;
- 2) Имам Мухаммад ибн Исмаил әл-Бухаридің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «Сахих» хадистер жинағы;
- 3) Имам Муслим ибн Хәжжәждің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «Сахих» хадистер жинағы;
- 4) «Әш-Шарх әл-мумтиғ ғалә зәдил-мустақниғ» — шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усаймин (Аллаһ оны рахымына бөлесін);
- 5) «Әл-Қауль әл-муфид ғалә Китаб әт-Таухид» — шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усаймин (Аллаһ оны рахымына бөлесін);
- 6) Шейх Абд әр-Рахман ибн Насыр әс-Сағдидің Құран тәпсірі.

МАЗМҰНЫ

АВТОРДЫҢ КІРІСПЕСІ	3
БІРІНШІ САБАҚ.....	5
ШЕЙХ АБДУР-РАХМАН ИБН НАСЫР ӘС–СИҒДИДІҢ ҚҰРАН ТӘПСІРІНЕН ҮЗІНДІЛЕР	7
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ.....	44
ЕКІНШІ САБАҚ.....	60
ИСЛАМНЫҢ ТІРЕКТЕРІ (РҮКІНДЕРІ)	60
ҮШІНШІ САБАҚ.....	70
ИМАННЫҢ ТІРЕКТЕРІ.....	70
ТӨРТІНШІ САБАҚ	76
ТАУХИДТЫҢ ЖӘНЕ ШІРКТІҢ ТҮРЛЕРІ	76
БЕСІНШІ САБАҚ.....	82
ИХСАН	82
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ.....	83
АЛТЫНШЫ САБАҚ	90
НАМАЗДЫҢ ШАРТТАРЫ.....	90
ЖЕТІНШІ САБАҚ.....	95
НАМАЗДЫҢ ТІРЕКТЕРІ (РҮКІНДЕРІ)	95
СЕГІЗІНШІ САБАҚ.....	98
НАМАЗДЫҢ МІНДЕТТІ (УӘЖІП) ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ	98
ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ.....	99
ТӘШАҢҒУДТЫ ОРЫНДАУ ҮЛГІСІ	99
ОНЫНШЫ САБАҚ	101
НАМАЗДАҒЫ ҚҰПТАЛАТЫН (МУСТАХАБ) ІС-АМАЛДАР.....	101

ОН БІРІНШІ САБАҚ.....	104
НАМАЗДЫ БҰЗАТЫН ІС-АМАЛДАР	104
НАМАЗДАР ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША	117
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ.....	121
ОН ЕКІНШІ САБАҚ.....	126
КІШІ ТАХАРАТТЫҢ ШАРТТАРЫ	126
ОН ҮШІНШІ САБАҚ	128
ТАХАРАТТЫҢ МІНДЕТТІ БӨЛІКТЕРІ.....	128
ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ.....	129
ТАХАРАТТЫ БҰЗАТЫН ІС-АМАЛДАР.....	129
ИСЛАМНЫҢ ТІРЕКТЕРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ НӘРСЕЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ	133
БІРІНШІСІ: ТА ЗАРУ	133
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ.....	138
ЕКІНШІСІ: ЗЕКЕТ	140
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ.....	144
ҮШІНШІСІ: ОРАЗА.....	148
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ.....	155
ТӨРТІНШІСІ: ҚАЖЫЛЫҚ	157
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ.....	164
ОН БЕСІНШІ САБАҚ.....	167
ӘРБІР МҰСЫЛМАННЫҢ БОЙЫНДА БОЛУЫ МІНДЕТТІ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕР	167
ОН АЛТЫНШЫ САБАҚ	169
ИСЛАМ ӘДЕБІ	169
ОН ЖЕТІНШІ САБАҚ	172

КӨПҚҰДАЙШЫЛЫҚТАН САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ КҮНӘЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	172
ОН СЕГІЗІНШІ САБАҚ.....	175
ҚАЙТЫС БОЛҒАН АДАМДЫ ЖЕРЛЕУГЕ ДАЙЫНДАУ, ОЛ ҮШІН ЖАНАЗА НАМАЗЫН ОҚУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕРЛЕУ	175
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАР.....	183
ДЕРЕККӨЗДЕР	186

**ИСЛАМ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ.
ДОКТОР ХАЙСАМ САРХАННЫҢ БАСШЫЛЫғыНДАғы
«СУННА» ИНСТИТУТЫ**

YouTube



Facebook



Telegram



Whatsapp



Website

